

Қ.А.МӘМІБЕТАЛІЕВ

**БАСТАУБЫШ БІЛІМДЕ
АНА ТІЛІ**

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ЖОГАРҲЫ БЉИМ, ПЕН ЖЭНЕ ИННОВАЦИЈЛАР МИНИСТРЛИГИ
ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ

Қ.А.Мамбеталиев

Бастауыш бiлiмде ана тiлi
(оқу қолданба)

ШЫРШЫҚ - 2023

УДК 373:80/81
ББК 74.2:81
М-40

Мамбеталиев Қ.А./ Бастауыш білімде ана тілі./ Оқу қолданба
Шыршық: «City of book», 2023. -140 б.

Аннотация

Оқу қолданба «Бастауыш білімде ана тілі» пәнінжетік меңгеру үшін негізделген. Оқу қолданбада ана тілінің түрлі салалары көрніс тапқан. «Бастауыш білімде ана тілі» пәні-жоғары оқу орындарының бастауыш білім бағыттарында өтілетін теориялықпен. Оқу қолданба студенттерді ана тілінің қыр-сырымен таныстыру мақсатына орай жазылған.

Бастауыш білімде ана тілі – ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет бере отырып және фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистің түрлі салаларын зерттеу әдістерін сұрыптап қажетті түрге келтіруді, тілдік тұрғыдан талдай алуды айқындайтын пән.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының 60110500-Бастауыш білім мамандықтарына арналған.

Пікірбірдірушілер:

У.А. Байқабиллов - ШМПУ-дің «Өзбектілі және

әдебиеті» кафедрасының ара оқытушысы

Қ.А. Қодиров- Ажинияз атындағы Нұхус мемлекеттік педагогика

институтты проректоры, педагогика ғылымдары докторы, доцент

Бұл оқу қолданба Өзбекстан Республикасы жоғары білім, пән және инновациялар министрлігінің2023 жылғы 29 маңдағы 232-санды бұйрығына негізделіп, оқу қолданба ретінде бастаға рұқсат етілді. (№232-430).

ISBN 978-9910-751-49-3

© Мамбеталиев Қ.А., 2023
©«City of book», 2023

КІРІСПЕ

Қазақ тілі пәні өз алдына жеке дара сала болғандықтан, бұл саланың өзіне тән ерекшелігі, тілі мен өзіндік түсініктері бар. Қазақ тілінің өсу, өркендеу жолдары бар. Басында тіл дами түскенде, философия пәнінің ішінде біреу дамыды, соңынан өз алдына дараланып, өз ерекшеліктерімен таныла бастады. Қазақ тілінің басты ерекшелігі – нақтылығынды яғни, тиянақтылығында.

Қазіргі күнде халыққа білім беру жүйесі де, жан-жақтама өзгерістерге ұшырап келуде. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пән мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып бара жатыр. Мұнда көздеген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаны қалыптастыру үшін ең алдымен, баланы сауатты қыладан тұрады. Баланың ойын жан-жақты жетілдіру үшін оның ойын, ақылын мен сана-сезімін жетілдіруіміз керек. Мұның баршасы баланың сауаттылығында жатыр. Баланы сауатты ету біз үшін үлкен, асу да қиын жол болып есептеледі.

1-Тақырып. Фонетика саласының зерттеу нысаны

Жоспар:

1. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы пәнінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері

2. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы фонетикасының салалары

3. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы пәнінің зерттелу жайы

Фонетика - гректің *фоне* деген сөзі негізінде қолданысқа еніп қалыптасқан. Фонеманың мағынасы – *дыбыс, үн, дауыс*. Фонетика – тіл ғылымының, тілдердің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдері дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді.

Фонетиканың зерттейтіндері – тілдің барлық жатдайларында және қызметінде көрінетін дыбыстық құрамдары мен тәсілдері және тілдің дыбысталу түрі мен жазба түрінің арасындағы байланыстар.

Адамның қоғамдағы қатынасының ең маңыздысы — тілдік қатынас. Әрбір халықтың өзіндік ерекшелігімен байланысты болатын тілдік қатынас ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша тілдік қатынас сөйлеу арқылы орындалады. Сөйлеу — адамзат іс-әрекетінің ерекше формасы. Сондықтан сөйлеу психология, физиология, логопедия, тіл білімі, т.б. ғылымдардың қарастыратын нысаны.

Сөйлеу тілдік бірліктерге сүйенеді. Тілдік бірліктердің ең кішісі және негізгісі — фонемалар. Жеке тұрғанда ешбір мәні жоқ дыбыстар белгілі бір жүйемен тіркесіп сөзді құрайды, яғни сөздің өмір сүру амалы тілдік дыбыстарға тікелей байланысты болады. Кез келген тіл өзінің қалыптасқан фонемалық жүйесі арқылы қарым-қатынас құралына айналады.

Фонетиканың зерттеу нысандары: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың жасалуы, тілдің дыбыстық құрамы мен өзіндік ерекшеліктері, дыбыстардың өзара іштей жіктелуі, үндесу заңы, дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері, сөз ішіндегі дыбыстардың үндесуі, қатар келген дыбыстардың бір-біріне

әсер етуі, буын, ектің, орфография мен орфоэпия және олардың арақатынасы, дұрыс сөйлеу, сауатты жазудың принциптері, т.б. Дыбыстардың жасалуы мен өзгеру заңдылықтарын менгеру арқылы тілдің лексикалық және грамматикалық бірліктеріндегі құбылыстарға ғылыми тұрғыдан түсінік беруге болады. Сонымен қатар сөздердің пайда болуы мен дамуындағы ерекшеліктерді түсіндіруге, тілдердің туыстығын табуға да фонетиканың беретін мүмкіндігі зор. Сондықтан фонетика тіл білімінің лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларымен байланысты.

Тіл уақыт өтуімен өзінің ішкі заңдылықтарымен және сыртқы экстралингвистикалық факторлардың әсерімен дамып отырады. Кез келген тілдің қалыптасқан дыбыстық жүйесі де тарихи даму кезеңдерін басынан өткереді. ХХІ ғасыр қазақ тіл білімінің тарихи кезеңі болып табылады. Қазақ тілінің мемлекет аясында қолданысының кеңеюі тіл мәдениетін жоғарылатуды талап етуде. Тіл мәдениеті фонетика саласын да қамтиды. Мәселен, сөйлеу актісіндегі сөздерді дұрыс дыбыстай білу, жазуда тілдік нормаларды сақтау, сөйлеуде дыбыстық жүйемізде қалыптасқан заңдылықтарды дұрыс қолданы білу, т.б.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жетік менгеру арқылы тілдің қоғамдық қызметін жетілдіріп, оның ары қарай дамуына дұрыс бағдар беруге болады.

Тіл тарихы, этимология, тілдердің туыстастығын анықтауда, бүтінгі кезеңдері тілдердің қарым-қатынасындағы мәселелерді шешуде фонетиканың атқаратын қызметі ерекше. Тілдері дыбыстық ұқсастықтар мен ортақтықтарды ғылыми тұрғыдан білмейінше, жекелеген сөздердің шығу тарихын, даму ерекшеліктерін айқындау мүмкін емес. Белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін жақсы білу арқылы келесі бір тілді оңай меңгеруге болады.

Фонетика ғылым ретінде *жалпы фонетика* және *жеке фонетика* (нақтылы тілдің фонетикасы) болып бөлінеді.

«Жалпы фонетика» тіл дыбыстарының тіл жүйесінде өмір сүру жатдайларын зерттеуден басқа, оларды сөйлеудің түіндегінде зерттейді, басқаша айтқанда, ол бірінші жағынан,

фонетикалық құбылыстардың бір-бірімен байланыстарын және екінші жағынан фонетикалық құбылыстар мен фонетикадан тыс құбылыстардың себепті байланыстарын қарастыра отырып, тіл дыбыстарының динамикасын зерттейді.

«Жеке фонетика» белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Ол зерттеудің мақсатына қарай *силпатама* (синхрониялық, статикалық) фонетика және *тарихи* (диахрониялық) фонетика болып бөлінеді.

Сипаттамалық фонетикатілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады да, ондағы фонемалар жүйесін және фонемалардың ішкі өзара байланыстарын белгілеп айқындайды. Тарихи фонетика белгілі бір тілдің даму тарихының әр түрлі дәуірлерінде оның дыбыстық құрамының өзгеруін және өзгерудің себептерін зерттеп айқындауды мақсат етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы пәнінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері.
2. Фонетика қандай салалардан тұрады?
3. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы пәнінің зерттелу жайы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А., 1973, 1977, 1993, 2002
2. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1962
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. - А., 1989
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. - А., 1975.

2-Тақырып, Дыбыстау мүшелері

Жоспар:

1. *Анатомия-физиологиялық аспект*
2. *Акустикалық аспект*
3. *Лингвистикалық аспект*

Анатомия-физиологиялық аспект. Адамның тілі – ең алдымен биологиялық құбылыс, яғни ол – дыбыстау органдарының, оны басқарып отырған орталық нерв жүйесінің қызметінің нәтижесі. Адам организмінде тіл дыбыстарын айтуға арналған арнайы органдар жоқ. Мұны әр түрлі физиологиялық қызмет үшін жаралған органдар (мәселен, өкпе, тіл, таңдай, тіс, ерін т.б.) қосымша атқарады.

Тіл дыбыстары және олардың жасалуын түсіну үшін, дыбыстау мүшелерінің әрқайсысының қызметін білу керек. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелер: өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тамақ қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл т.б. Бұларды сөйлеу аппараты деп те атайды. Дыбыстау өкпедені ауаның сыртқа шығу кезінде ауа жолына орналасқан дыбыстау мүшелерінің белгілі бір тәртіппен атқаратын қызметіне, яғни қимыл-әрекетіне негізделген. Дыбыстау мүшелері актив және пассив болып екіге бөлінеді. Актив мүшелер дыбыстау кезінде қимыл, қозғалыс жасайды. Олар: тіл, ерін, жұмсақ таңдай, бөбешік, дауыс шымылдығы т.т. Бұлардың ішінде тілдің орны ерекше.


Дыбыстау мүшелерінің ішінде әсіресе дауыс шымылдығы (жәлбезек сияқты) жиырылып, келіп тұрады. Керіктен кезде (ауаның өсерінен) дірілдейді де, одан үн пайда болады. Оны тіл білімінде *дауыс немесе тон* деп атайды. Дауысты дыбыстар, аты айтып тұрғандай, осы дауыстан (*тоннан*) жасалады. Ал дауыссыздарда тонның дәрежесі әр түрлі: үнділерде – көбірек, ұяңдарда – азырақ болады да, ал қатандарда, мүлде болмайды оның есесіне қатандар салдырдан жасалады. Салдыр фонациялық ауаның ауыз қуысында тосқауылға ұшырауынан пайда болады.

Акустикалық аспект. Тіл дыбыстары да табиғаттағы басқа дыбыстар сияқты физикалық құбылысқа жатады. Дыбыс атаулы бір-бірінен ырғағы, күші, әуені, созылмалылығы жағынан ерекшеленеді. Дыбыстың ырғағы тербелістің жиілігіне, ал дыбыстың күші тербелістің қарқындына байланысты.

Лингвистикалық аспект. Қарым-қатынас құралы тіл тек дыбыстар арқылы ғана өмір сүреді. Сондықтан тіл дыбыстарын тек акустикалық физиологиялық, құбылыстар ретінде қарау жеткіліксіз. Ең бастысы, осы дыбыстардың адамдардың қатынас құралы тілдің қызметін қамтамасыз етудегі лингвистикалық мәнінде деп қарау керек. Осыдан дыбыстарды қарастырудың лингвистикалық аспектісі келіп шығады. Мұны фонология деп атайды. Алғашқы екеуін осы лингвистикалық аспектінің табиғатын дұрыс танып, білуге көмектесетін жолдар түрінде қараса да болады.

Қысқасы, лингвистикалық аспект дыбыстарға фонема тұрғысынан, фонемалардың қызметі тұрғысынан қарайды.

Дыбыстау мүшелері:



Тіл дыбыстарын және олардың артикуляциялық жағын түсіну үшін дыбыстау мүшелерімен олардың әрқайсысының қызметін жете білу керек. Дыбыстау мүшелерінің қатарына

төмендегі мүшелерді жатқызуға болады: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл, таңдай, тіс, ерін, езу, иек т.б. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы *сойлеу* аппараты деп аталады.

Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сыртқа шығуынан жасалады. Бірақ олар өкпедегі ауаның жай ғана шыға салуынан жасалмайды, ол үшін сойлеу аппаратының қатысуы шарт. Анығырақ айтқанда, тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сойлеу аппаратының қатысуы арқылы сыртқа шығуынан жасалады. Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың (Дыхательный канал) бойына орналасқан. Өкпеден шыққан ауа тыныс алатын кеңірдектің өкпеге қосылатын тарамдарынан (бронхи) тамаққа, одан көмейге, көмейден жұтқыншақ қуысына келеді, одан әрі ауа не мұрын қуысы, не ауыз қуысы арқылы өтеді.

Дыбыстарды айтуда, әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет етеді. Дауыс шымылдығы көмейде орналасқан болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болады да, үн шығады. Егер дауыс шымылдығы жиырылып тұрса, онда діріл пайда болмайды, сол себептен үн де шыға алмайды. Дауысты дыбыстар осы аталған дауыс шымылдығының дірілінен пайда болады.

Көмейдің үстіңгі жағында жұтқыншақ қуысы болады. Ол ауыз қуысы және мұрын қуысымен жапғасып жатады. Дыбыстардың айтылуында ауыз қуысы мен мұрын қуысы резонаторлық қызмет атқарады. Кейбір үнді дауыссыздар (*м, н, п*) мұрын қуысы арқылы жасалады. Дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында, әсіресе ауыз қуысы айрықша қызмет атқарады. Ауыз қуысындағы мүшелердің ішінде ең басты қызмет атқаратын мүше тіл болып табылады. Тілдің бірде ілгері, бірде кейін жылжуынан, бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ оның артқы және орта шенінің немесе ұшының қимылынан әр түрлі дыбыстар жасалады. Мысалы, тілдің ұшы жоғарғы тіске тиюінен тіс (немесе денталь) дыбыстары (*т, д, ...*) ал тілдің артқы шенінің артқы таңдайға тиюінен немесе жуықтауынан тіл арты дыбыстары (*к, г, к, з*) жасалады.

Тіл дыбыстарының артикуляциясына айрықша қатысы

бар дыбыстау мүшелерінің бірі – ерін. Ерінің дауысты дыбыстардың (*a, ә, у, ұ, ...*) жасалуында да дауссыз дыбыстардың (*м, н, б*) жасалуына да қатысы бар. Ерінің сүйрленіп дөңгелегенуінен ерінің дауыстылар (*о, у, ө, ұ, ү*) жасалса, екі ерінің өзара жымыдасуынан ерін дауыссыздары немесе билабиаль дыбыстар (*м, б, п*) жасалады. Астыңғы ерінің үстіңгі тіске тиюінен немесе оған жуықтауынан лабиальденталь дыбыстар (*ф, ө*) пайда болады. Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбыстау мүшелерінің арқайсысының белгілі бір қызметі болады. Бірақ олардың арқайсысының қызметі өз алдына жеке дара болмай, бірінің қызметі екіншісіне бағынышты және өз ара тығыз байланысты болады. Тіл дыбыстарын анықтауда, оның жасалуында дыбыстау мүшелерінің қызметі атап айтарлықтай екені, дыбыстау мүшелерінің қызметінсіз тіл дыбыстары құралмайтыны, жасалмайтыны дәлелді қажет етпейтін мәселе екені айдан анық. Себебі тіл дыбыстары сойлеу аппаратының қызметінсіз тіл дыбыстары жасалмайтыны белгілі. Ал тіл дыбыстары жасалмаса, сөз, сойлеу мүлде болмайды.

Орфоэпия дұрыс сойлеу, дұрыс айту деген мағынаны білдіреді. Сөздердің бірізді айтылуы қалыптасқан болса, қатынас құралы да солғұрлым жетіліп, кемелдене түсуі ақиқат. Сөздің бірізді айтылуы тілдік қатынасты жеңілдетеді. Қазіргі тіл білімінде алғашқы кезде жазу нормаларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінді де, орфоэпия мәселесі елеусіз қалды. Қазақ орфоэпиясының негізі үндестік заңдарда жатыр. Үндестік заңдары дұрыс меңгерілсе, орфоэпияға кең жол ашылады. Орфоэпияға соңғы кезде ғана көңіл бөліне бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дыбысты қарастырудың қандай аспектілері бар?
2. Анатомиялық – физиологиялық аспектіге қандай анықтама бересің?
3. Акустикалық және лингвистикалық аспектінің сипаттамалары.
4. Тембр деген не?
5. Сойлеу аппаратына нелер жатады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Мырзабеков. Қазақ тілі фонетикасы. –А., 2004.
2. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. –А., 1997.
3. Х. Досмұхамедов. Аламан. –А., 1994.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. –А., 1962.
5. Байтұрсыннов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. –А., 1989.
6. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. –А., 1975.

3-Такырып. Дыбыс және әріп

Жоспар:

1. Дыбыс, әріп, фонема туралы туралы түсінік
2. Фонема туралы түсінік, көзқарастар
3. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салушылар

Сөздің айтылуы бар да, жазылуы бар. Әдетте мынадай көзқарас кездеседі: шын тіл – жазылған тіл, яғни сөзді қатесіз жазу, жазылуындай етіп оқу.

Дұрысы, жазудан гөрі айту әлдеқайда маңызды. Басқаны айтпағанда, әрбір адам алдымен сөйлеуді үйренеді де, содан соң жазуға көшеді. Олай болатыны, сөздің өмір сүру формасы - дыбыс. Әріп – сол дыбысқа берілген шартты таңба. Бір ғана дыбысты әр түрлі (мәселен, д, d, т.б.) өрнектей беруге болады.

Әріп пен дыбысты шатастыруға әсте болмайды. Әріп кейде жеке дыбысқа сәйкес келсе (мәселен, о, ө, ү, ұ), кейде бір әріп (мәселен, ю,я) бірнеше дыбыстың қосындысын (йуу, йу, үй) өрнектейді. Керісінше, кейбір әріптердің (ь, ъ) дыбыстық мәні жоқ.

Фонема (*эррһонема-дыбыс*) - сөздер мен морфемаларды құрастырып, оларды бір-бірінен мағына және форма жағынан айыруға септігі бар тілдің ең кішкене функциялық бөлшегі.

Тілде, әдетте, біз ойлағаннан әлдеқайда көп әртүрлі дыбыстар бар, олар әрбір жеке тілде сөздердің мағыналары мен формаларын ажырата алатындай санаулы ғана дыбыстар типіне топтастырылады. Мәселен, *ат, ем, от, өт* деген сөздерде біздің түсінігімізше бір-ақ «т» дыбысы бар.

Шынтуайтқа келгенде, дауысты дыбыстардың әсерімен ол бірде жуан(*ат, от*), бірде жіңішке(*ет, өт*), бірде еріндік(*от, өт*), бірде езулік(*ат, ем*) болып, біршама ауытқу, ерекшеліктермен немесе әртүрлі реңкпен айтылады да, қызметіне қарай бір-ақ фонема деп танылады. Бір дыбыстың айтылуындағы мұндай ауытқу, реңк тіл білімінде *аллофон*(*tr.allos-басқа*)деп аталады. Сондықтан сөз дыбыстан емес, фонемедан құралады десе де болады.

Фонема, сондай-ақ морфема туралы ілімнің алғашы(1870) негізін салған-орыс және поляк тілін зерттеуші И.А.Бодуэн де Куртгена. Фонеманың көршілес келген әр түрлі фонемалардың типізген әсеріне пайда болған реңкі *к о м б и н а т о р л ы р е ң к* деп аталады. Тіл білімінде фонема туралы мәселенің өзіне тән тарихы бар.Фонема туралы ілім орыс лингвистикасында өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында пайда болған.Фонема теориясының алғаш негізін қалаған лингвист – орыс ғалымы и. Бодуэн де Куртанэ (1845-1929). Оның ғылыми – зерттеу жұмыстарының әр дәуірінде фнема туралы түсінік өзгеріп отырды.Мысалы, Бодуан де Куртанэ алғашында фонеманы этимология – морфологиялық құбылыс деп қараса,кейінгі кездерде фонемаға психологиялық анықтама береді.Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін ары қарай дамытқан оның шәкірті акад. Д.В. Щерба болды.Д.В. Щерба сөздер және формаларды ажырататын реңкі фонема деп ағайды.

Тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілеті үн дыбыс деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі әріп деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз ал әріпті жазамыз және көреміз. Әріп — жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба.Қазіргі қазақ тілінде 38 дыбыс көрсетіліп жүр. Олар: а, ә, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, к, о, ө, п, р, с, т, (дауысты), у (дауыссыз), ү, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э. бұл жерде мына бір нәрселерді ескерту керек. 1. Жазуымызда қолданылып жүрген е, ю, я таңбалары білдіретін дыбыстар қоса (дифтонг) болып келеді, олар жеке-жеке саналатын й+о(е), й+у(ю), й+а(я) дыбыстарының қосындысы, сондықтан олар жеке дыбыс деп қаралмайды. 2. Бірақ орыс тілінен енген сөздерде ғана кездесетін ц(т+с), ч(т+ш), ш(ш+ш) дыбыстары жеке дыбыс деп беріліп жүр, соңғы дыбыс (ш) ащы, тұщы, кешіе тәрізді қазақ тілінің өз сөздерінде қос ш (ш+ш) дыбысының орнына да қолданылады. 3. Әдетте у дыбысы бір-ақ дыбыс деп саналып жүр.Шындағында дауыссыз у бір дыбыс та (мысалы, тауда, қарауында дегендері) дауысты у одан бөлек, соңғысы ұу, үу болып, құранды (дифонгтік) сипатта айтылады. Осындай ұу, дыбысы — ый және йй болып (мысалы, сиыр, оқиды дегенде) құранды сипатта айтылады. Сондықтан и дыбысы жеке дыбыс

десеқ, дауысты у да жеке дыбыс бола алады. Тілде әріптің саны дыбыстан көбірек, өйткені жеке дыбыс емес, қосар дыбыстан құралған немесе басқа да шартты белгілердің жазудағы таңбасы да әріпке жатады. Әріптердің белгілі бір ретпен тізілген жинағын алфавит дейді. Қазақ тіліндегі алфавит тәртіптен тізілген әріптер: а, ә, б, в, г, ғ, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, ь, э, ю, я. Барлығы 42. Қазақ тілінде дыбыстар дауыс қатысына қарай үлкен екі топқа бөлінеді: дауысты дыбыстар және дауыссыз дыбыстар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әріп пен дыбыстың қандай айырмашылығы бар? Олардың өзара қарым-қатынасы жайлы не айтудға болады?
2. Фонема дегеніміз не?
3. Фонема және морфема туралы ілімнің негізін салушы кім?
4. Фонеманың көршілес келген әр түрлі фонемалардың типігіген әсеріне пайда болған ренкі қалай аталады?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Мырзабек. Қазақ тілі фонетикасы. - А., 2004.
2. Х. Досмұхамедов. Аламан. - А., 1994.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А., 1973, 1977, 1993, 2002.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1962.
5. Байтұрсыннов А. Шығармалары. Үшінші бөлім. - А., 1989.
6. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. - А., 1975.


4- Тақырып. Қазақ әліпбиінің даму кезеңдері

Жоспар:

1. Араб әліпбиі
2. Ахмет Байтұрсынұовтың әліпбиі
3. Латын әліпбиі
4. Орыс әліпбиі

Қазақ әліпбиі - қазақ тілінің әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.

Қазақ тілі тарихындағы 1072-1940 жылдар аралығындағы алфавиттердің ауысуы:



1. Араб әліпбиі. Ежелгі Вавилондағы (б.з.б. 2000-шы ж.) аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған көне жазулардың бірі. Оңнан солға қарай жазылады. Бас әріптері болмайды. Әріптері бір-біріне қосылып жазылады. Араб жазуында 29 әріп және бір белгіше бар О – “жоғарғы нәмзә” бүкіл сөздегі жіңішке дауысты дыбысты белгілеу үшін, сөздің басына қосылады. Олардың үшеуі (а, и, у) созылыңқы дауысты дыбыстарды бейнелейді. Дауыссыз дыбыстардың асты үстіне қарақаттар (көмекші белгілер) қойылады. Бұл

белгілер Құранда, сөздікке, оқу құралдарында міндетті түрде қойылып, ал қалған кездерде қойылмауы мүмкін. Араб әліпбиі қазақ халқының рухани өміріне, мәдениетіне, зиялы қауымның қалыптасуына ықпал етті. Әліпбиі баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет етті. Араб жазуы алғашқыда “қадым”, кейін “төге” жазу үлгілері түрінде Қазақстанда 1929 жылға дейін пайдаланып келді.

2. А Байтұрсынов қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен даралығын анықтап, ұлттың өзіне тән дыбыстық үнін танытатын таңбаларын Әліпбиіне енгізді. Байтұрсынов Әліпбиінің қазақ жазуы тарихында “жаңа емле” (төге жазу) деп аталып, халықты сауаттандыруға ірі бөт бұрыс жасады.

3. Латын алфавиті – көне және халықаралық алфавит. Латындар – римдік көне тайпалар. Олардың алфавиттері біздің дәуірімізден бұрын VIII-VI ғасырларда пайда болған. Кенес Одағы кезінде түркі тілінде сөйлейтін халықтардың арасынан шыққан көрнекті ғылым қайраткері Н. Н. Нариманов араб алфавитінен жалпы түркіге ортақ жаңа алфавитке көшу қажеттігі жайында ұсыныс жасады. Латын алфавиті 1928-1929 жылдары Қазақстанда қолданыла бастады. Сөйтіп 1929-1939 жылдары Қазақстанда жаңа алфавитке көшу жазба мәдениетімізде белгілі бір тарихи кезең болған. Х. Досмұха - медов латын Әліпбиіне қарсы болса да, мемлекет қайраткері ретінде қазақ тіліне үйлестіріп латын әліпбиін жасады.

4. Орыс алфавиті негізінде қазақ әріптерін жасау 1939 жылы қолға алынды. Бұл графика – орыс алфавиті қазақтардың үйренуіне, оқуы мен жазылуына аса қолайлы болды. Сондықтан да жаңа Алфавитке көшуге тіл білімінің көрнекті өкілдері ғалымдар С. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев және т.б. белсене қатысты. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті Әліпбиіді қолдануы қажет деген саясатпен осы Халықтарға орыс Әліпбиі қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (к-к, г-г, ө-о, н-н) кіргізілді. 1939-1940 жылдары түгелдей орыс алфавитіне көшу туралы үкіметіміз арнаулы қаулы алды.

5. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары

16

латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшудің және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасау жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құл болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамағалар, хабарламағалар латын әліпбиімен жазылууда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлттымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ерледен қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әліпби деген не?
2. Қазақ әліпбиі неше кезеңнен тұрады?
3. Қазақтың тұңғыш әліпбиі және оның негізін салушы?
4. Латын әліпбиіне көшуге көзқарасыңыз қалай?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.М.Исаев «Қазақ тілі» Алматы, 1993 ж.
2. М.Қ.Қараев «Қазақ тілі» Алматы, 1993 ж.

17

3. Ш. Бектұров. «Қазақ тілі». «Атамұра» Алматы, 2006 ж.
4. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., 2004 ж.

5-Тақырып. Дауысты дыбыстар

Жоспар:

1. *Дауысты дыбыстар, олардың жіктелуі: жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-өзулік дауыстылар*
2. *Жалаң және дифтонгоид дауыстылар*
3. *Дауыстылардың емлесі*

Қазақ тіліндегі дыбыстар дауысты және дауыссыз дыбыстар болып, екі үлкен топқа бөлінеді.

Дауысты дыбыстар

Ауаның кедергісіз шығуы арқылы жасалып, үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейді. Қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс бар. Олар: а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е.

Бұл дыбыстардың ішіндегі бесеуі: а, ө, ұ, ү, і дыбыстары қазақ тілінің ерекшелігіне жатады. Бұдан басқа екі қосынды дауысты (дифтонг) бар: и, у.

Орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылатын бір дауысты дыбыс бар, ол - э. Кейде бұлардың бәрін қосып, қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар деп те айтылады.

1. Дауысты дыбыстар тілдің қызметіне қарай жуан және жіңішке болып екіге бөлінеді.

Жуан дауысты дыбыстар тілдің ортасы көтеріліп, артқа жылжуы арқылы жасалады. Олар: а, о, ұ, ы.

Жіңішке дауысты дыбыстар тілдің ұшының ілгері жылжып, алға созылуы арқылы жасалады. Олар: ә, ө, ү, і, э, и.

2. Дауысты дыбыстар жақтың ашылуына қарай ашық және қысаң болып бөлінеді.

Ашық дауыстылар жақтың кең ашылуы арқылы жасалады. Олар: а, ә, о, ө, э.

Қысаң дауыстылар жақтың сәл ашылуы арқылы жасалады. Олар: ұ, ү, ы, і, и.

3. Дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай еріндік және өзулік болып бөлінеді.

Еріндік дауыстылар еріннің дөңгеленіп ілгері созылуы арқылы жасалады. Олар: о, ө, ұ, ү, у.

Езулік дауыстылар езудің кері тартылуы арқылы жасалады. Олар: а, ә, е, э, ы, і.

Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі

А, ә әріптерінің емлесі

А – латын және орыс графикасына негізделген әліпбиілердің бірінші әріпі. Ол иектің төмен түсіп, тілдің кейін жылжуы кезінде ауыз қуысының кең ашылуынан пайда болатын жуан дауысты дыбысты белгілейтін таңба. Түркі тілдерінде А дыбысының қалыпты басталатын және созылыңқы дыбысталатын екі түрі бар. Қазақ тілінде солардың алғашқысы қалыптасқан.

А символ ретінде де қолданылады. Латын әліпбиіндегі А тек дыбыс таңбасы ғана емес, «бірінші», «бастама» деген ұғымды да береді. Грек тілінен ауысқан кейбір сөздерде А болымсыздық мағынаны аңғартады (аморф-формасыз, авитамниоз-витаминосіздік).

А әрпі сөздің барлық буынында, байырғы, кірме сөздерді тағламай, қолданыла береді: баба, ағайын, адырна т.б.

Ә – қазіргі қазақ әліпбиіндегі екінші әріп, ауыздың мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда болатын жіңішке, ашық, езулік дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады, екінші буынында «а» дыбысымен ауысып, акустика жағынан көмескіленеді. Сондықтан қазақ тілінің жазу жүйесі бойынша екінші буында ә дүдәмал естілгенде А жазылады (кітап, Сәбира). Ә негізінен араб, парсы тілдерінен енген сөздердің бірінші буынында айтылады. Соған орай, қазақ тілінде, кейбір түркі тілдерінде ә дыбысының қалыптасуы шығыс тілдерінен келген сөздердің артикуляциялық ыңғайласуына байланысты деген пікір бар (проф. Н.В.Юшманов, Поливанов т.б.) Алайда, әкел (алып кел), әпер (алып бөр) тәрізді сөздердің құрамындағы ә – ассимиляцияның нәтижесі. Ә қосымшалар құрамында қолданылмайды.

Ескерту. 1. Санаулы сөздерде ғана ә әрпі сөздің екінші буынында жазылады: күна, шуба, сіре, куа, мармар, замзам іңкәр, күмән, дімкәс, Күләш, Күлән, мүшәйре, мүсәпір, едәуір, мүләйім, дүдәмал т.б.

2. Біріккен сөздің екінші сыңарында ә әрпі жазылады: Әбдікерім, Асанәлі, Әбдінеби, Шәкәрім, көкнар.

3. Қос сөздердің екінші сыңарында ә әрпі жазылады: тәлім-тәрбие, гүл-бәйшешек, дәрі-дәрмек, әлем-жәлем, оқ-дәрі, оқу-тәрбие т.б.

О, Ө әріптерінің емлесі

О – жуан, ашық еріндік дыбыстың әрпі. Байырғы сөздерде сөздің алғашқы буында жазылса, (озат, оймақ, ойын), орыс тілінен енген сөздерде барлық буында жазыла береді: какао, геолог т.б.

Ескерту: 1. Қос сөздің екінші сыңарында жазылады: ойын - той, зорлық - зомбылық, қоян-қолтық, иіс - қондыс т.б.

2. Біріккен сөздің соңғы сыңарында жазылады: желтоқсан, кикоты, қараторғай, көкекоты, кемпірқосақ т.б.

3. -қор, -қой жұрнағы жалғанған кезде О әрпі сөздің соңында жазылады: пайдақор, сәнқой.

О - жіңішке, ашық еріндік дауысты дыбыстың әрпі. Сөздің тек алғашқы буынында жазылады: өрнек, өнеге, көркем. Бұл әріп те, ол белгілейтін дыбыс та қазақ тіліне тән.

Ескерту: 1. Біріккен сөздің екінші сыңарында ө әрпі жазылады: көркемөнер, көкөніс, көжетегі т.б.

2. Қос сөздің екінші сыңарында о әрпі жазылады. Көпе - көрнеу, көл - көсір, көсе-көлденен т.б.

Ұ әріпіннің емлесі

Ұ - жуан, қысаң, еріндік дауысты дыбысты белгілейтін әріп. Сөздің алғашқы буынында жазылады: тұйғын, тұқым, тұлпар, ұран, ұстаз т.б. Бұл әріп те, ол белгілейтін дыбыс та орыс тілінде жоқ, қазақ тілінің ерекшелігі.

Ескерту: 1. Басқа тілден енген сөздерде кейінгі буындарда қолданылады: марқұм, мақсұт, мақұл, мақұлық, башқұт, бұлбұл, мағлұм т.б.

2. Біріккен сөзде кейінгі буындарда қолданылады.

3. Қос сөздің екінші сыңарында жазылады: ала-құла, алым-жұлым, жалт-жұлт т.б.

Бірінші буында «ұ» дыбысы келсе, екінші буындағы қысаң дауысты «ы» дыбысы «у» болып айтылды, бірақ жазуда «ы» жазылады. Мысалы: айтылуы-құлұн, жазылуы - құлын. Сондай-

ақ сөз басындағы «р» дыбысының алдынан да «у» дыбысталады (айтылуы - ұрұқсат, жазылуы - рұқсат).

Ы, і әріптерінің емлесі

Ы, і - жуан және жіңішке қысаң, езулік дыбыстардың әріптері. Бұлар сөзде орын талғамайды, барлық буында жазыла береді: ызғырық, ыстық, ықылас, ізгілікті, ізденгіш, ізетті т.б.

І әрпі, ол белгілейтін дыбыс орыс тілінде жоқ.

1. Сөздің құрамында ы, і естілгенімен, жазылмайтын жағдайлар бар: а) сөз р, л дыбыстарынан басталса, айтылуы ы, і дыбыстары естілгенімен, жазылмайды: разы, рұқсат, рәсім, лақлаззат т.б.

ә) Ы, і әріптері я, ю әріптерінің алдынан жазылмайды: қиямет, қиянат, биязы, биялай, қию, жию т.б.

2. Сөз құрамындағы ы, і дыбыстарының түсіп қалып, жазылмайтын жағдайлары:

а) Етістік ы, і дыбыстарына аяқталып, оған тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, ы, і әріптері түсіп қалады: тоқы (у) - тоқу, шоқы (у) - шоқу, оқы (у) - оқу, таны (у) - тану, көкі (у) - көкү.

ә) Сөздің соңғы буынындағы ы, і әріптері оған дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, матына өзгермейтін сөздерде түсіп қалады: а) халық (ы) - халқы, мүлік (і) - мүлкі, мұрын (ы) - мұрны, ерін (і) - ерні, ауыл (ы) - аулы, дауыс (ы) - даусы т.б. ә) бүйір (ек) - бүйрек, дәуір (ен) - дәурен, ойын (а) - ойна, жиын (а) - жина т.б.

Ескерту: Соңғы буында ы, і әріптері жазылатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанға ы, і әріптері түспей жазылады: қорық (ы) - қорығы, қылық (ы) - қылығы, бүлік (і) - бүлігі т.б.

б) Етістік ы, і дыбыстарына аяқталып, оларға көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, сөз соңындағы ы, і әріптері мен көсемшенің й жұрнағының орнына и әрпі жазылады, оқы (й) ды - оқиды, тоқы (й) тоқиды, таны (й) ды - таниды, көкі(й) ді - көкиді.

в) ыы, ні тулғалы етістікке көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда й әріптерінің орнына и әрпі жазылады: бойы (й) - байиды, кей (й) - кейиді.

3. Сөзге ы, і әріптерінің қосылып жазылуы:

нк, нт, ск, нд, кт, рв, мб, мск, дж, пт, рз, нкт дауыссыздарына аяқталған орыс тілінен енген сөздерге дауыссыздан басталатын қосымша дәнекер ы, і әріптері арқылы жалғанады: факт+і+ні, план+і+ні, киоск+і+де, фонд+ы+ны, пункт+і+нен, резерв+і+н, ромб+ы+да, Томск+і+де, коттедж+і+ден, рецел+і+де, пункт+і+нен.

Э, е, ю, я әріптерінің емлесі

Э - тіл алды, езулік дауысты дыбысты белгілейтін әрп. Е - жазуда екі дербес дыбыстың (й+о) қосындысын белгілейтін таңба

1. Э, е әріптері орыс тілінен енген сөздерде, орыс тілі арқылы шет ел тілінен енген сөздерде, орыс тілі арқылы шет ел тілінен енген сөздерде жазылады. Қазақтың байырғы сөздерінде жазылмайды. Мысалы: экскурсия, эпиграф, эстрада, актер, елка, слет т.б.

2. Ю әрпі қосынды й+у дыбыстарын таңбалайды.

ә) Байырғы сөздерде аю, баю, кою, жию т.б.

ә) Орыс тілінен кірген сөздерде глюкоза, юбка, мор, пелюр, бюджет т.б.

3. Я әрпі й+а дыбыстарын таңбалайды:

ә) Байырғы сөздерде: таяк, коян, аян, туяк т.б.

ә) Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде: гвардия, геология, ядро, яхта т.б.

Сурақтар мен тапсырмалар:

1. Дауысты дыбыстар, олардың жіктелуі жайлы түсінік.
2. Жалаң және дифтонгоид дауыстылар дегеніміз не?
3. Дауыстылардың емлесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.М.Исаев «Қазақ» Алматы, 2006 ж. тілі» Алматы, 1993 ж.
2. М.Қ.Қараев «Қазақ тілі» Алматы, 1993 ж.
3. Ш.Бектұров. «Қазақ тілі». «Атамұра
4. Қаханов. Тіл білімінің негіздері. А., 2004 ж.

6-Т ақырып. Антоним

Жоспар:

1. Лексикалық антонимдер мен олардың түрлері
2. Антонимдердің пайда болу жолдары мен зерттелу жайы

Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-санасын, қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы коюдан шығады. Мысалы: Болыс-кең кейде пан, кейде мүлғайм, кейде жұмсақ, кейде қатты, кейде беретен, кейде сараң (Ғ. Мұст.). Осындағы пан-мүлғайм, жұмсақ- қатты, беретен – сараң сөздері бір-біріне қарама-қарсы. Сонда антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып табылады.

Қазақ тілінде антонимдер көбіне- көп сын есімдерден, онан соң етістіктер, зат есімдер, үстеулерден азды-көпті кездеседі. Ақ қалған сөз таптарынан жасалған антонимдер тым тапшы, жоқтың қасы. 1 Сын есімге тән антонимдердің мынадай түрлері бар:

а) түбір күйінде кездесетіндер: ауыр-жеңіл, кең-тар, ыстық-суық т.б.

ә) туынды түбір күйінде кездесетіндер: ашық-жасырын, өзіншіл-көпшіл, ектіңді-жалқау

Қазақ тілінде сындық мағынадағы туынды антонимдер көбінесе –лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті жұрнақтары арқылы антонимнің жағымды-сынарларын жасайды да, ал жағымсыз сынарларын –сыз, -сіз, жұрнақтары жасайды. Мысалы: Өнерлі жігіт өрде олар, Өнерсіз жігіт жер соғар.

б) сын есімнің –ғы,-ті, -қы, -кі жұрнақтары арқылы да антонимдер жасалады. Мысалы: бұрынғы-қазіргі, сыртқы-ішкі, күндізгі-түнгі т.б.

2. Етістікке тән антонимдердің мынадай түрлері бар:

а) түбір күйінде кездесетіндері: озу-қалу, қону-ұшу

ә) туынды түбір күйінде кездесетіндері: қартаю-жасару, жоғарылау-төмендеу, ақтау-қаралау.

3. Зат есімдерге тән антонимдер:

а) түбір антонимдер: өтірік-шын, алыс-қарғыс, бақ-сор

ә) туынды антонимдер: аласы-бәресі, кісілік-ипттік

4. Үстеуге қатысты антонимдер: ерте-кеш, ілгері-кейін, алыс-жақын.

5. Есімдікке қатысты антонимдер: анау-мынау, әне-міне, осы-сол.

Антонимдерді қолданудың негізінен 3 жолы бар:

1 Антонимдер бір сөйлемнің өз ішінде салыстырылып айтылады. Мысалы: Қорлықкөмірден ерлік өлім артық.

2 Антонимдер іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестіріледі: ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі.

3 Антонимдер ыңғайласып, кезектесіп қатар жұмсалды: ащы мен тұщынды татқан білер, алыс пен жақынды жорытқан білер.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Лексикалық антонимдер мен олардың түрлерін айт!

2. Антонимдердің пайда болу жолдары мен зерттелу жайлы түсінік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы 1973 ж.

2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы 1975ж.

3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы 1997ж.

4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы. 1988ж.

5. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1996ж.

6. Аханов К. Қазақ тілінің лексикологиясының мәселелері. Алматы. 1956ж.

7-тақырып. Омоним

Жоспар:

1. Лексикалық омонимдер, көп мағыналы сөздерден айырмашылығы

2. Омонимдердің түрлері, пайда болу жолдары

Омонимдер деп дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздерді айтамыз. Бұлардың білдіретін ұғымы бір сөз табына да, әр сөз табына да қатысты болып дараланып тұрады. Мағына жағынан әр ұғымның өзара жақындығы, ұқсастығы мүлдем сезілмейді. Қайта бір-біріне соншалықты алшақ, керектескендігі аңғарылады. Мысалы: Ара. 1. Гүл шырынынан бұл жинайтын қанатты жәндік 2. Ағаш кесетін жұқа темірден жасалған құрал. 3 Екі орта, аралық.

Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Сөздердің дыбыстық құрылымы жағынан бұлар бірдей деуге болады. Бұлардың бір-бірінен өзгешелігі тулғасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады. Бірақ бұлар әр сөз табына емес, бір ғана сөз табына қатысты. Сондықтан да көп мағыналы сөздердің бір негізден (тура мағына) шыққандығын мағыналардың өзара жақындығынан, ұқсастығынан бірден танып білуге болады. Мысалы: майда тас, майда шөп дегендерден ұсақ, уақ дегенді, майда ұн, майда сөзде жұмсақ, биязы дегенді түсінеміз. Ал мінезі майда дегеннен сыпайы, жайдары дегенді аңғарамыз. Бұл мағыналардың бір ғана сөз табына қатысты болып, бір негізден таралғандығы әп-дікқын білініп тұр.

Омонимдердің омоним екеніне көз жеткізу үшін синоним іздеу керек. Проф. Г.Федоровтың айтуынша, бірдей дыбысталатын сөздерге синоним мағыналы сөздердің ешбір қатысы болмайды. Мысалы: Ат-есім; Ат -жылқы; Ат -мылтықты ат.

Қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының бірнеше амал-тәсілдері бар. Бұл туралы ғалымдар әр түрлі пікірлер айтады.

Маселен. І.Кеңесбаев , Ғ.Мұсабаев 3 түрлі жолмен жасалады дейді.

Ал, Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы өз еңбегінде омонимдерді 4 түрлі жолмен жасалады деп көрсетеді.

Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер. Мағыналарының бір-бірінен ашақтап дамуы нәтижесінде шыққандықтан, омонимнің мұндай түрлерін лексикалық тәсіл арқылы жасалған омоним деп атаймыз. Мысалы. Көк. 1көгерген түс. Застан, әуе.3 көгеріп шыққан өсімдік.

сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер. Мысалы: атқа салатын ерсөзіннің бастапқы дыбыстық қалпы егербопған, тілдің дамуы барысында сөз ортасындағы т дыбысының түсіп қалу салдарынан ер формасына айналып, батыл, еркек, күйеу ұғымында жұмсалатын ер сөзімен бірдей айтылып, омоним жасалған.

аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер. Түбір сөзге әр түрлі қосымшалар қосылу нәтижесінде пайда болған омонимдер туынды омонимдер деп аталады. Олар бірнеше жұрнақтар арқылы жасалады:

Омофон (гр. Номос-бірдей, рhone-дыбыс, дауыс) –айтылуы бірдей, бірақ жазылуы әр түрлі сөздер. Мысалы: көнбе және көмбе сөздері. Біреудің ыңғайына көшпеу мәніндегі болымсыз етістік көнбе сөзінің түбіріндегі н дыбысы өзінен кейінгі б дыбысының ықпалымен м болып өзгеруі нәтижесінде көмбе болып айтылады. Сөйтіп, ол «меже, мәре» мәніндегі көмбе сөзіне айтылуы жағынан ұқсап, омофон болып тұр. Болады-болат, тұзшы-тұщы, ашшы-ащы т.б.

Омограф (гр. номос-бірдей, графо - жазу) –жазылуы бірдей болғанымен, айтылуы әр түрлі сөздер. Олардың айтылуындағы айырмашылық негізінде екпінге байланысты. Мысалы: Зат есім алма мен болымсыз етістік алманың жазылуы бірдей болғанымен, алғашқысын айтқанда екпін екінші буынға түсіп, олардың айтылуы бірдей болмай тұр. Мысалы: салма, көрме, көрші.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Лексикалық омонимдер, көп мағыналы сөздерден айырмашылығын көрсет.
2. Омонимдердің түрлері, пайда болу жолдарын санап көрсет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы 1973 ж.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы 1975ж.
- 3.Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы 1997ж.
- 4.Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы. 1988ж.
- 5.Айтабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1996ж.
- 6.Ауханов К. Қазақ тілінің лексикологиясының мәселелері. Алматы. 1956ж.

8-Тақырып.Фразеологизмдер

Жоспар:

- 1.Фразеологияның зерттеу нысаны мен мақсаты
- 2.Фразеологизмдердің түрлері

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы деген ұғымда қолданылады. Екіншісі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді.

Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан көп сөздердің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады.

Фразеологияны зерттегіп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы жылдарға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым аз болды.

Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский фразеологиялық оралым тілде жеке сөздің қызметін атқарады дейді. Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағынаның тұтастығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді. Мысалы: *араға от жақты деген* идиомның мағынасы араздастыру, жауластыру деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым ондағы жеке сөздерден туып тұрған жоқ, сондағы үш сөздің жалпы жиынтығынан шығып тұр. Олай болса, әрбір тұрақты тіркес белгілі бір сөз табына бағынышты, телінді болады деген сөз. Мысалы: күлі көкке ұшты деген күйреді деген сөздің орнына жүреді. Бұл идиом лексика-грамматикалық мағынасы жағынан ерістікке ұқсайды. Сол себептен бұл сөйлем ішінде баындауыштың қызметін атқарады. Тайға таңба басқандай деген фразаның мағынасы айқын, анық деген сындық ұғымды білдіреді. Сондықтан бұл сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарады. Көзді ашып жұмғанша дегеннен тез, жылдам деген мағынаны түсінеміз. Бұл мағына үстеуге қатысты

болғандықтан, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі мәлім. Соңғы 30-40 жыл көлемінде түркі тілдерінде фразеология мәселелері әжептәуір зерттеліп, бірқатар еңбектер жарық көрді. Әсіресе, академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегін тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркітануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» туралы бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан.

Фразеология өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар:

- 1) даыр қалпында жұмсалуды
- 2) мағына тұтастығын
- 3) тіркес тиянақтылығын

Фразеологизмдердің даыр қалпында жұмсалуды белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы: Дәурен қалаға жүрейін деп отыр, Дәурен қалаға жүрмекші т.б. «төбесі көкке жетті» дегенді төбесі көкке жетейін деп тұр деп өзгертуге болмайды.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі – мағына тұтастығы. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Мысалы: «жерден жеті қолн тапқандай» дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Фразеологизмдер бір бүтін едінница ретінде қолданылып қана қоймайды, мағыналық жағынан да біртұтас едінница ретінде көрінеді. Мысалы: кір жуып, кіндік кескен жер (туған жер), шаш етектен (көл, мол) т.б.

Фразеологизмнің бәріне тән басты белгі – туынды мағынады жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудырады. Фразеологизмдердің мағынасында жағымды немесе жағымсыз бір экспрессивті реңк болады.

2. Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен,

бұлар бір-бірінен ардайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншілерінен өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді тұр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер фразеологиялық тұтастық фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып 3 топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық. Бұл топқа фразеологизмнің құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мысалы: мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді түсінеміз. Түйдік ішіндегі жекелеген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Мысалы: түйені түгімен жұтты, жағына пышақ жанығандай, аттың жалы, түйенің қомы т.б.

Фразеологиялық бірлік. Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тынақты болып келеді. Алайда, құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады. Мысалы: ескі жараның аузын ашты дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Мысалы: жатқан жыланның құйрығын басу, ит байласа тұрғысыз т.б.

Фразеологиялық тізбек. Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Яғни тұрақты тіркес сынарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт тарта бастаған. Мұнда еркті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, күміс көмей, жел аяқ т.б.

Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі топқа

бөлінеді:

1) құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер. Мысалы: шақша бас, қарақат көз, ашық ауыз, ала қол, қалақан құлақ, жұрты шағылмаған, сауақпен санарлықтай т.б.

2) құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер. Мысалы: бір қолын екі ете алмады, екі шығыннан дем алды, ел бетін көрместей болды, табанның жерге тиізізбеді, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты, ішкен асы бойына дорымдады, ашса алақанында, жұмса жұдырығыңда, балтыры сыздады, қой үстінде бозторғай жұмыртқалады т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Фразеологияның зерттеу нысаны мен мақсаты.
2. Фразеологизмдердің түрлері көрсет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы 1973 ж.
2. Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы 1975ж.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы 1997ж.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы. 1988ж.
5. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1996ж.
6. Аханов К. Қазақ тілінің лексикологиясының мәселелері. Алматы. 1956ж.

9-тақырып. Қазіргі қазақ тілінің лексикографиясы

Жоспар:

1.Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихы

2.Қазіргі сөздіктер және олардың сипаттамасы

Қазақ лексикографиясы соңғы жарты ғасыр ішінде тек сан жағынан ғана көбейіп қойған жоқ, сапа жағынан да жақсарды. 40-шы жылдары шыққан сөздіктерге қарағанда соңғы жылдары жарық көрген сөздіктер тек көлем жағынан ғана емес, сапа жағынан да жақсарды.

Қазақ лексикологиясы мен лексикографиясын жан-жақты әрі тыңғылықты зерттемей тұрып, сапалы ғылыми сөздіктер шығару мүмкін емес. Қазақ лексикографиясын бұдан әрі кемелдендіріп дамытуда тіл мамандарының алдында мынадай келелі міндеттер тұр:

1.Байырғы ата-бабамыз қолданған сөздерді көзін тауып жинастырумыз керек.

2.Сауаттылық – тыңғылықты зерттеу жұмыстарының нәтижесі, биік мәдениет көрсеткіші. Жазуымызда бір ізділіктің сақталмай отыруы бұл салада зерттеу жұмысының жоқтығынан деуге болады.

3.Қазақша-орысша аударма сөздіктің толық түрі жасалуы керек.

4. Әр кезеңде жарық көрген салалық терминологиялық сөздіктерді жинақтап, сұрыптап, Терминкомнның қабылдаған соңғы материалдарымен толықтырып, үлкен «Қазақ тілінің терминологиялық сөздігін» шығаруды ойластыру қажет.

5. Үлкен «Қазақ тілінің фразеологикалық сөздігі» мен «Синонимдер сөздігін» шығаруды жеделдеткен мақұл.

6. Шығыш жатқан үлкенді-кішілі сөздіктерді жан-жақты зерттеп, олардан георгиялық қорытындылар шығару ең кезек күттірмейтін келелі мәселе деп есептелуі керек.

Аударма сөздіктер. Қазақ халқының сөз байлығын ең алғаш жинап-теріп жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі өткен

жылдардыңекінші жартысынан бері ғана басталды. Орыстың атақты ғалымдары академик В.В.Радловтың «Түркі тілдерінің сөздігін жасаудағы тәжірибе» (1888-1911) атты төрт томдық сөздігі мен проф. Н.И.Ильминскийдің «Қазақ тілін зерттеудегі материалдар» (1861) деген арнаулы еңбегі ана тіліміздегі сөздерді жинақтап, сөздік етіп шығарудың үлгілерін көрсетті. Революциядан бұрын барлығы отызға жуық екі тілдік (орысша-қазақша немесе қазақша -орысша) аударма шағын сөздіктер жарық көрді. 1945 жылға дейін бастауыш және орта мектептерге арналған екі тілдік шағын нормативті сөздіктер жасаумен ғана шектеліп келген болсақ, 1946 жылы екі том «Орысша-қазақша сөздік», ал 1954ж. Бір томдық үлкен «Орысша-қазақша сөздік» (50.000 сөз, редакциясын басқарған проф. Н.Т.Сауранбаев, 1978, 1981жылдары екі том болып қайта басылды, ред. Ғ.Мұсабаев, Н.Сауранбаев басқарды), 1954ж. Х.Махмұдов пен Ғ.Мұсабаевтың шағын «Қазақша-орысша сөздігі» басылып шықты.

Шағын түрде болса да «Ағылшын-қазақ сөздігі»(1960), «Монғолша-қазақша сөздік» (1954, 1977), «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» (1969,1984), «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» (1974) шықты.

Терминологиялық сөздіктер. Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулардың сөздігін терминологиялық сөздік деп атайды. Терминдер топталып бір сөздік түрінде де, белгілі бір ғылым саласына байланысты жеке-жеке кітап болып та шыға береді. Мысалы: «Атаулар сөздігі» (1931), «Қазақ тілінің терминдері »(1936), «Терминология сөздігі»(1948,1950) ғылым мен техниканың жеке бір саласына ғана арналмаған сөздіктер еді. Елуінші жылдардан бергі кезеңде экономика мен мәдениеттің, техникамен ғылымның дамуына байланысты әрбір ғылым, техника саласының терминдерін өз алдына жеке сөздік етіп басып шығару мәселесі күн тәртібіне қойыла басталды. Осындай мақсаттың жаршысы ретінде С.Арзымбетовтың «Орысша-қазақша ауыл шаруашылық терминдерінің сөздігі» (1952,1955) жарық көрді. Сонан бергі кезеңде ғылымның өзге салаларының терминдері де кезекпе-кезек басылып шыға бастады. Қазір

отызға жуық осындай үлкенді-кішілі терминологиялық сөздіктер жарық көріп отыр.

Орфографиялық сөздіктер. Емле «орфография» бір тілдегі сөздердің дұрыс жазу нормаарын белгілейді. Ал дұрыс жазудағы негізгі мақсат – ойда жазба түрде айқын етіп, дәл жеткізу. Сол үшін емле ережелері де жалпыға бірдей әрі тұрақты, анық болуға тиіс. Сондақтан емле ережелерін тұрақтандыру – сауатты жазудың бірден-бір келілі деп саналады. Қазақ тілінің емле ережелері революциядан бергі кезеңде туып қалыптасты. Олар дүркін-дүркін өзгеріп, жанарып отырды. Алғашқы сөздіктер мектеп көлемінен аса алмады. Нәтурылым көлемді «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» 1963 жылы жарық көрді.

1960 жылы Г.Жаркешеваның «біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі» басылып шықты. Бұл еңбектің кіріспе бөлімінде бірге жазылатын сөздер мен бөлек жазылатын сөздердің емле ережелері берілген. Кейбір кіріккен сөздердің түп-төркіні ашылған. Мұнда 5000-ға жуық біріккен және күрделі сөздердің тізімі көрсетілген. Р.Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» 1960, 1974жж. Екі рет басылды. Бұл еңбектің баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін елеулі мәні болды.

Түсіндірме сөздіктер. Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты – бір тілдің белгілі дәуірдегі жалпы халықтық сипат алған сөздеріне мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жан-жақты сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму тұрғысындағы сөздік құрамының сан мөлшерінің біршама анықтау. Сөздердің мағыналық нормааларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап көрсету. Сонымен қатар сөздердің жазылуы мен айтылуындағы нормаалардың ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақталы түсінік беруді қарастырады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» ең алғаш рет екі том болып 1959, 1961 жылдары басылып шықты. Оның жалпы редакциясының проф. І.Кеңесбаев басқарды. Ал 1974-1986 жылдар арасында проф. А.Ысқақовтың басқаруымен он том болып жарық көрді. Сөздікке алпыс жеті мыңдай атау сөздер, 24,5 мыңдай фразеологизиялық тіркестер, барлығы 91,5 мыңдай

лексикалық түлға қамтылып, жалпы саны 103,5 мыңдай мағыналық анықтама берілген.

Бұл сөздіктің алға қойған мақсаты – қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздерді мүмкін болғанынша түгел қамтып, хатқа түсіру, есебін алу. Тіліміздегі сөздердің мән-мағыналарын дәл анықтай отырып, олардың әдеби нормаарын белгілеу. Реестрге алынған сөздердің қай сөз табына қатысты екендігін көрсетіпін грамматикалық белгілер қойылған. Сөздікте сөздердің қолдану нысы мен шегін, сондай-ақ, эмоционалды-экспрессивтік реңін сипаттайтын белгілер де берілген. Сонымен бірге сөздікте айын-аулақ болса да қай сөз қай тілден келгендігін көрсететін этимологиялық белгілер де қойылған. Мысалы: араб сөзі (ар.), иран (парсы) сөзі (ир.), монғол сөзі (монғ.), орыс сөзі (ор.), т.б.

Сурақтар мен тапсырмалар:

- Тарихы
1. Қазақ лексикологиясының қалыптасуы мен зерттелуі
 2. Қазіргі сөздіктер және олардың сипаттамасы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы 1973 ж.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы 1975ж.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы 1997ж.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы. 1988ж.
5. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1996ж.
6. Аханов К. Қазақ тілінің лексикологиясының мәселелері. Алматы. 1956ж.

10-Тақырып.Қазақ тілі сөзжасамы жайлы түсінік

Жоспар:

1. Қазақ тілі біліміндегі сөзжасам мәселесі
2. Қазақ тілі білімінде сөзжасам мәселесінің жеке дербес сала болып танылуы

Қазақ тілі білімінде өткен ғасырдың 80-інші жылдары орыс тілі білімінің әсерінен «сөзжасам» саласы, яғни сөз тудыру проблемасы өзінше бөлек сөз бола бастады да, кейініректе бөлек шығып, жеке тілдік қабат ретінде бөлек отау тікті.

Сөзжасамның қазақ тілі білімі прагматикасының дербес категориясы ретінде өз алдына жеке зерттеу аясына айналғанын біз алғаш рет «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген атпен Қазақ ССР Ғылым академиясының «Ғылым» баспасынан 1989 жылы жарық көрген көлемді монографиялық еңбектен көреміз. Ұжымдық авторлар дайындаған бұл монографияда сөз болған сөзжасам мәселесі, негізінен қазіргі әдеби тіліміздің материалына сүйеніп жазылған. Қажеттігіне қарай мұнда ішінара басқа да түркі туыстас тілдердің тілдік материалдары салыстырмалы материал ретінде берілген.

Түркологияда, оның ішінде қазақ тілі білімінде бір кездері «бұл мәселенің беті әлі толық ашылып бітті деп айтуға болмайды» деп жазған болсақ, бүгінде бұл ғылым саласын «толық орнықты, қалыптасты» дегуге болады.

Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінің сөзжасамы да ертеден келе жатқан құбылысқа жатады. Нақтырақ айтатын болсақ, V-VIII ғасырлардағы жазба ескерткіштерінен сөз тудырудың морфологиялық жолы, ал әр сөз табында сөз тудырушы туынды жұрнақтардың болғаны анықталады. Бұл - сөзжасам жүйесінде де өзгеріс болатынын, бірақ ол өте баяу жүретіндігін көрсетеді. Сондықтан да оны ертеден келе жатқан құбылыс дегуге болады.

Сөзжасам мәселесінің қазақ тілі біліміндегі зерттелуі.
Орыс тілі білімінің әсерімен 80-ші жылдардың аяққы шеніне

ғарман қазақ тілі білімінде де сөзжасамды тіл білімінің жеке саласына жатқызып, арнайы зерттей бастаған қазақ тілінің үшінші мамандары шыға бастады. Олар сөзжасамның негізгі нысанына – сөзді жасаушы тәсілдерді, сөз жасаушы тілдік нұсқаларды, сөзжасамдық типтер мен тізбектерді, сөздің жасалу үлгілерін, туынды сөздер мен олардың түрлерін, сөзжасамдық заңдылықтар мен сөзжасамның сөз таптарына қатысын жатқызып, нәтижеде *сөзжасамның тілдегі сөз жасалу процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды* зерттейтінін атап көрсетеді.

«Сөзжасам» - лингвистикалық термин: жанадан сөз тудыру, туынды сөз жасау деген ұғымды білдіреді.

Тіл біліміндегі «сөзжасам» терминдік атауының тілдік қолданысқа ене бастауын соңғы жылдардағы құбылыс дегуге болады. Ол осы тұрған қалпында өзінің тууымен байланысты тіл біліміндегі лингвистикалық термин ретінде бүгінге дейін үш түрлі мағынада қолданылып келеді. Біріншісі, ғылым ретінде – тіл біліміндегі құбылысты зерттейтін оның бір саласы, соның атауы ретінде қолданыс табатын терминдік атау болса, екіншісі – сол ғылымдағы сөздердің жасалуы, туу жолдарын, тәсілдерін сөз етуде қолданылатын терминдік атау, басқаша айтқанда, сөзжасамдық тәсілдердің негізінде жаңа сөз жасау жолы. Ал, үшінші мағынасы – оның белгілі бір тілде арнайы пән ретінде танылған атауы. Яғни, жеке бір тілдің фонетика, лексика, морфология, синтаксис сияқты тілдік қабаттардың (ярустардың) бірі ретінде «сөзжасам» деп аталып қолданыс табуы.

Бірінші мағынада, сөзжасам – тіл білімінің, соның ішінде қазақ тілі білімінің дербес саласы ретінде өзінің жеке зерттеу нысаны бар прагматикалық категория саласына енеді. Сөзжасамның зерттеу нысанына, ең алдымен, сөз жасаушы тәсілдер мен тілдік нұсқалар, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздердің жасалу үлгілері т.с.с. мәселелер жатады. Осыған байланысты «сөзжасам» деген прагматикалық категория - туынды сөздердің түрлері мен сөз жасаудың ішкі заңдылықтарын, сондай-ақ, сөз жасаудың сөз таптарына қатысының қандай болатынын сияқты күрделі мәселелерді де

қамтиды.

Екінші мағынада, сөзжасам – белгілі бір тәсілдер арқылы жаңа лексикалық туындылар (сөздер) жасайтын тілдік процесс. Тілдік процесс ретінде сөзжасамда екі түрлі негізгі ерекшелік байқалады: бірі – жаңа лексикалық туындылар жасайтын тілдік процесс те, яғни сөзжасам тәсілдері, ал, екіншісі – сол тілдік құбылыстардың (процестердің) нәтижесі ретінде пайда болған жаңа сөздер (лексикалық единицалар) және сөзжасам қатарлары мен үлгілері.

Үшінші мағынасында, ол – белгілі бір тілде арнайы оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» деген сияқты пәннің атауы.

Айта кету керек, соңғы он бес-жирма жылдан бері жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып оқылатын нормативті грамматика курстарының қатарында «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» деп аталынатын жаңа курс оқытыла бастады. Бұл, әрине, қазақ тілі грамматикасының – фонетика, лексика, морфология және синтаксис деп аталынатын тараулары сияқты «сөзжасамның» да жаңа сала болып танылып, жаңа тарау болып қосылғандығын көрсетсе керек. Бұл пәнде – жаңа сөз (атау) жасау тәсілдері, сөзжасаушы тілдік нұсқалар, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздің жасалу үлгілері, туынды сөздер мен олардың түрлері, сөзжасамның сөз таптарына қатысы, қысқасы, белгілі бір тілдегі сөз жасау (сөзжасам) процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтар оқытылып үйретіледі.

Сөзжасам ілімінің негізгі нысаны оның өзіне ғана тән сипаттарын айқындағанда ғана анық білінеді. Оның негізгі сипаты, мәні – жаңа мағыналы сөздер тудыру. Солай болғандықтан да сөзжасам пәні – ол сөз қалай жасалды (сөзжасамдық тәсілі қандай)?, жасалған сөздердің мағынасы қандай (дериваттық мағынасы)?, сол үлгімен тағы қандай сөздер жасауға болады (сөзжасамдық тізбегі)?, әр сөз табының туынды сөздерінің жасалу үлгісі (типі) қандай? – деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Демек, сөзжасамның негізгі зерттеу нысанына – туынды сөз жатады да, ал – сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тізбек,

сөзжасамдық типтер т.б. оның негізгі мазмұнын құрайды.

Сөзжасамның негізгі зерттеу нысанын анықтау арқылы *сөзжасам дегеніміз не?* - деген сұраққа да жауап табуға болады.

Сөзжасамның өз алдына дербес зерттеу нысаны бар болғандықтан, ол – тіл білімінің жеке бір саласы болып табылады, зерттеу нысанының сипаты жағынан жаңа сөздердің жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктерін зерттейді.

Сөзжасамды тіл білімінің бір саласы деп тану үшін оны тұлғалық құрамдық жағынан емес, семантикалық сипаты тұрғысынан да қарау керек.

Сөзжасам - ғылым ретінде тіл біліміндегі сөз тудыру жүйесін, оның өзіне тән заңдылығын, жаңа сөздің пайда болу өдіс-тәсілін, сондай-ақ, тілдік құбылыс ретінде жаңа сөз жасау процесін зерттейтін тіл білімінің жеке бір саласы.

Сөзжасам ғылымының да тілдің басқа салалары сияқты зерттейтін нысаны бар, ол – сөз. Мысалы, тілдің лексикология саласы кез-келген сөзді мағынасына қарай, ал фонетика – фонетикалық дыбыстық құрамына қарай зерттесе, морфология сөзді – құрамына, тұлғаларына, сөз табына қатыстары тұрғысынан қарастырады. Ал, грамматиканың синтаксис тарауы болса, сөзді – сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылыс материалы ретінде қарастырып, зерттейді.

Осыған байланысты сөзжасам ғылымының негізгі зерттеу нысаны – сөз болып келеді, бірақ оның жасалу процесін емес, сол процестің жасалу нәтижесін, туынды сөз құрылымын, оның жасалу жолдарын зерттеу болып табылады.

Біз сөзжасам мәселесін тіл білімінің бір саласы деп тануды мынадай деректерге сүйенеміз:

- сөзжасамның өзіне тән зерттеу нысаны бар, ол – туынды сөз;
 - өзіне тән салалары бар;
 - морфемика мен дериватология (сөзжасам);
 - мазмұны бар: оған сөзжасамдық ұғымдар жатады;
 - сөзжасамдық тәсілдері бар;
 - ғылыми терминологиясы бар, т.б.
- Бүгінде қазақ тілінің сөзжасамы өз алдына жеке, дербес

сала ретінде қалыптасып, ол жайлы зерттеу еңбектер жазылып, зерттеу-монография, оқулық, мақалалар түрлерінде жарық көре бастады. Ендігі жерде қазақ тілі сөзжасамының зерттелінуі жайында бірер сөз айтайық.

Жалпы, ғылым ретінде «сөзжасам» мәселесі бізге дейін орыс тілі білімінде сөз болған. Көп зерттеулерден кейін ол тілдегі сөз тудыру мәселесі сол тілдің жеке тілдік қабаттарының бірі болып, бөлек шығарылды. Сөйтіп, сол тілдің жеке бір тілдік саласы ретінде қарастырылды. Кейінде тіл білімінің жеке бір саласы ретінде өз басына жеке отау тігіп шықты.

Қазақ тілі білімінде қазақ тілінің сөзжасамы орыс тілі білімінің негізінде пайда болды деп айтсақ та болады. Нақты айтқанда, тіл білімінің бұл саласы орыс тілі білімінде туып, дамып, онда орныққан соң барып, бізде қазақ тілі білімінде сөз бола бастады.

Қазақ тілінің сөзжасамы бүгінде ғылым ретінде де, пән ретінде де танылды әрі орнықты. Оның қазіргі кездегідей сипатқа жетуінің негізі, әрине, әрде жатыр. Мәселен, қазақ тілі сөзжасамына қатысты жалпы мәселелер шығыс зерттеушілері Н.И.Ильминский, М.А.Терентьев, М.П.Мелиоранский сияқты ғалымдардың еңбектерінде бірлі-жарым сөз болғанымен, оның ана тілімізде шын мәніндегі зерттеліне бастауы А.Байтұрсынов еңбектерінен басталады. Мұнда автор сөз тудырушы жұрнақтардың атқаратын қызметі мен қажеттігі жайында бірнеше құнды пікірлер келтіреді.

Сондай-ақ, ғалым Қ.Жұбанов өзінің «Қазақ тілі грамматикасында» сөз тудыру жолдары жайында бірқатар тұжырымдар айтады. Бұдан кейінірек еңбектері жарық көрген Қ.Кемелгерұлы, А.Ысқақов, Қ.Аханов, И.Ұйықбаев, Н.Сауранбаев, Н.Оралбаева, Қ.Есенов, С.Исаев, Ә.Қалиев, Ә.Төлеуов, Е.Ағманов, Е.Жанпейісов, Б.Құлмағамбетова, М.Серғазиев, З.Бейсембаева, А.Салқынбай, Б.Қасым және т.б. ғалымдардың еңбектерінен де осы құнды бастаманың жалғасын табамыз.

Қазақ тілі білімінде оның сөзжасам саласына арналған

алғашқы монографиялық еңбек Н.О.Оралбаеваның 1988 жылғы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» деп аталынатын зерттеу еңбегі болды. Мұнда автор қазақ тіліндегі жұрнақтардың сөзжасамдық қызметін сөз етіп: «... жұрнақтардың қызметінің өнімді, өнімсіз, актив, пассив болуы қатып қалған нәрсе емес. Олардың қызметінің бірде белгіленіп, бірде пассивтеніп отыруы тілде кездесіп отырады. Мысалға жұрнақтардың қызметін келтіруге болады. Жұрнақтардың қызметі де үнемі бір қалыпта қалмаған. Орхон жазба ескерткіштерінде өнімді –іг жұрнағы кейіннен өнімсіз жұрнаққа айналды. – шы жұрнағы – тілдегі өте өнімді актив жұрнақтардың бірі», - деген сияқты пікірлерін келтіреді.

Н.О.Оралбаева аты аталынған еңбегінде сан есімдердің сөзжасамдық жүйесі туралы елеулі пікір айтады: «Сан есімдер де – өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және сан есімнің сөзжасамдық жүйесі өте ертеде қалыптасқан. Сан есімнің сөзжасамдық жүйесінің өзіндік сөзжасам элементтері, морфемдері, типтері бар. Сан есім сөзжасамында тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдердің біразы қолданылады, бірақ бәрі емес. Мысалға сан есімде семантикалық тәсіл қолданылмайды, синтетикалық тәсіл өте өнімсіз, ал сөзжасамның аналитикалық тәсілі сан есім сөзжасамында негізгі қызмет атқарады», - дейді де бұл айтқандарын дәлелдеп жазды.

Бұдан кейінгі қазақ ғалымдары жазған елеулі еңбек 1989 жылғы Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасынан шықты. Ол «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» деп аталынды. Бір топ ұжымдық авторлардың (Оралбаева Н., Қалыбаева А., Есенов Қ., Балақаев М., Жанпейісов Е., Нұрханов С.) дайындауымен өз алдына жеке, дербес еңбек болып шыққан бұл еңбекте – қазақ тілі білімінің тарихында тұңғыш рет қазақ тілінің сөзжасам жүйесі үлпиклікті терең зерттелініп, көпшілік жұртқа ұсынылды. Бұл монографиялық зерттеу еңбекте қазақ тіліндегі сөзжасам мәселесі жеке сала ретінде арнайы қарастырылды.

Міне, осыдан бастап бүгінге дейінгі жылдарда қазақ тіліндегі сөзжасам жайы қазақ тілі білімінде әр кез сөз болып келеді.

Айталық, 1996 жылы қазақ тілінің сөзжасамына байланысты Алматы: «Мектеп» баспасынан белгілі тілші-ғалым Анар Бекмырзақыз Салқынбайдың «Қимыл есімі және оның сөзжасамдық семантикасы» атты еңбегі шықты. Мұнда автор қазақ тіліндегі қимыл есімдерінің семантикасын сөз ете отырып, олардың (қимыл есімдерінің) сөзжасамдық сипаттарына да лингвистикалық талдау жасаған.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның өз алдына жеке сала, жеке құбылыс екендігін, яғни оның жаңа сөз жасау процесі екендігін танып бұл жолда аянбай еңбек еткен бір топ тілші ғалымдар болды. Бұлардың ішінде сөзжасамның мәнін ашып, оның ғылыми теориялық негізін айқындауда тілші-ғалымдар Н.Оралбаева мен С.М.Исаев еңбектерінің маңызы зор.

Тіл маманы, ғалым Ж.Отарбекованың зерттеуіне сүйенсек, ол жалпы, сөзжасам мәселесіне қатысты еңбектерге шолу жасай отырып, қазақ тіл біліміндегі сөзжасамның бүгінге дейінгі зерттелінуін мына төмендегідей кезеңдерге бөліп көрсетеді:

1. XIX ғасырға дейінгі кезең. Бұл кезеңде сөзжасам қосымшалары туралы ылімнің негізі қаланған.

2. XIX ғасырдың басынан Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Бұл кезеңде сөзжасам тәсілдері жайындағы мәліметтері бар алғашқы зерттеулер жарық көре бастаған.

3. XX ғасырдың I жартысы. Бұл кезеңде қазақ тіл білімінде көптеген ғылыми прагматикалар жарық көріп, оларда сөзжасам мәселелері прагматиканың морфология таралуында, оның морфологиялық бір элементі ретінде қарастырыла бастаған.

4. 1950 жылдардан кейінгі кезең. Бұл кезеңде сөзжасам, негізінен, прагматиканың морфология тарауында қарастырылғанымен, оның өзіндік сипаттары мен қасиеттері (өнімділігі, өнімсіздігі; құнарлылығы, құнарсыздығы; тарихилығы; дербес сала ретінде арнайы қарастырыла бастауы т.т.) арнайы зерттеу нысанына алынып, тарихи тұрғыдан да қарастырыла бастаған.

5. 1989 жылдан кейінгі кезең. Бұл кезеңде сөзжасам ғылым ретінде де, пән ретінде де тіл білімінің жеке саласы ретінде

жан-жақты зерттеліне бастайды, бүгінде де әлі зерттелініп жатыр.

Тіл маманы, ғалым Жақсыбай Сарбалаевтың «Сөзжасам мәселелері» деп аталынатын оқу құралында (- Алматы: «Арыс» баспасы, 2002., - 152 б.) қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесінде тың бағыт, жаңа сала болып саналатын конверсиялық тәсіл арқылы сөз тудырудың жалпы мәселелері, оның сөзжасам жүйесінде алатын орны, ерекшеліктері жан-жақты сөз болған. Автор, әсіресе, конверсияның бір формасы болып танылатын деривация процесі негізінде қалыптасқан сын есім түрлеріне айрықша тоқтала отырып, аталған тәсілдің рөлдік табиғатын егжей-тегжейлі атап көрсетуге күш салған.

2003 жылы Анар Бекмырзақыз Салқынбайдың «Қазақ тілі сөзжасамы» атты жотары оқу орындарының білімгерлеріне арналған оқу құралы баспадан шықты.

*Соңғы жылдарда қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселелеріне арналған бірнеше ғылыми ізденіс-зерттеулер болды: бір докторлық және бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Олардың аттарын атасақ, олар мыналар:

Докторлық диссертация: Курманалиев К.Ә. «Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселесінің теориялық негіздері». Алматы, 2002. - 300 б.

Кандидаттық диссертациялар:

Есмамова Мәңдікүз Тілеужанқызы: «Есім негізді туынды сын есімнің сөзжасамдық жүйесі». Алматы, 2004;

Таңсықбаева Бақытқұл Аманбекқызы: «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі». Алматы, 2006;

Шақпабаева Салтанат Сағатқызы: «Қазіргі қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтардың сөзжасамдық әлеуеті». Алматы, 2010.

Сонымен, қай тілдің болмасын сөзжасам жүйесі ұзақ уақыттың ішінде қалыптасқан. Ол қысқа, аз уақыт ішінде тез қалыптаса қотын құбылыс емес Түркі тілдерінің ең көне жаңба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық куә бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны да белгілі. Олар - туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы сияқты

түрлерде кездеседі. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы (*тір-із, біл-із, ұр-уш, иел-ме, өт-унч*), сөздердің тіркесуі арқылы жасалған (*күншүз, Темір-қалың, Қара-құм, Ілмеріс, арқуш-тіркес, секіз он, йеті үз*). Сол сияқты бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да сол кездің сөзжасам жүйесіне жатады: [қат]: 1) қабат, қатар; 2) жеміс; 3) жануардың аты; 4) қату; 5) араластыру. Бұл келтірілген мысалдар көне түркі жазба тілінде сөзжасамның *морфологиялық, синтаксистік, семантикалық* тәсілдерінің бәрінің де болғанын анық көрсетіп тұр.

Қысқасы, қазақ тілінің бүгінгі күнде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар. Ол әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі сонау көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілінен) басталып, содан бергі уақытта дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшеге келе қазіргі кездегі жүйемі сипаттағы дәрежеге жеткен.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тіл біліміндегі сөзжасам мәселесі жөнінде.

2. Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесінің жеке дербес сала болып танылуы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. -А., 1967.

11-Тақырып. Сөзжасамдық жүйе. Семантикалық тәсіл

Жоспар:

1. Сөзжасамдық тәсілдер туралы
2. Сөзжасамның лексикалық және лексикалық-семантикалық тәсілдері туралы

Профессор С.Исаев сөз туудыру тәсілдері жөнінде. Қазақ тілі біліміндегі сөзжасам мәселесінде проф. С.Исаевтың сіндірген еңбегін айырықша атауға болады. Өйткені, ғалым қазақ тіліндегі сөзжасам мәселесін алғашқылардың бірі болып, әрі жөндеші, әрі терең тексеріп, қарастырды. Сөйтіп, оны 1998 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (Алматы, 1998) атты жоғары оқу орындарының білімгерлеріне арналған оқу құралына «Сөзжасам» деген атпен арнайы тарау етіп қосты. Ол бүгінгі күнге дейін студенттердің қолынан түспейтін оқу құралына айналып келеді.

Ғалым еңбегінде сөзжасам мәселесін жан-жақты сөз ете келіп, сөзжасам (сөздердің жасалуы) тәсілдеріне айырықша тоқталады. Әсіресе, мұнда сөзжасамның семантикалық тәсілін арнайы сөз етеді. Мәселен, қазақ тіл білімінде сөзжасамның бірнеше тәсілдері бар. Бірақ сөзжасам процесінде жаңа туынды қандай тәсілмен жасалса да, семантикалық сипат, семантикалық процесс – жаңа мағынаның тууы міндетті түрде болып отыратындығын айтады. Олай болмағанда, сөзжасам процесі де болмас еді. Өйткені, **сөзжасамның мәні - тілдік денгейдің бір түрі және соның нәтижесінде тіл білімінің бір саясы ретінде, әрі тілдік процесі ретінде сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа лексикалық (сөзжасам) мағыналы сөз туудыру, белгілі бір ұғымның, жаңа ұғымның тілдік атауын жасау болып табылады**, - дейді. Сондықтан да, ғалымның атап көрсетуінше, сөзжасамның **синтегикалық** (морфологиялық), **аналитикалық** (синтаксистік), **лексикалық** (семантикалық) түрлерін бөлек-бөлек алып қарау бір жағынан шартты да. Өйткені, сөзжасам тәсілдерінің қай түрінде болмасын

семантикалық процесс болып отырады. Бұл – бір. Екіншіден, кейде белгілі бір сөзжасам процесінде, шынында да, бір емес, бірнеше сөзжасам тәсілдерінің қатысуы болуы мүмкін. Әрине, ондайда басты роль қай тәсілге жатады, соған қарап анықталады да, ал басқа тәсілдің не тәсілдердің қатысу дәрежесі көрсетілмеді. Үшіншіден, **семантикалық тәсілдің** жеке сөзжасам тәсілінің бірі болып бөлінуі жаңа туындының жасалуында семантикалық процестен басқа ешбір амал-тәсілдің болмауы, қатысуының жоқ болып келуімен байланысты. Мысалы, **тон** (қой терісінен илеп тігілген сырт киім, кейін ан терісінен тігілген киім, орыс тіліндегі **шуба**, **полушубка** дегеннің мәнінде), **айдар** (баспасөзде, телерадио хабарларда рубрика мәнінде), **таспа** (магнитофон лентасы), **қол** (аскер), **тамаша** (ойын-сауық кеші) т.б.

Жаңа сөздерде (бұл сөздердің жаңалығы бүгінгі күн тұрғысынан ғана өлшенбейді, әрқайсысы әр кезеңде жасалған сөздер) сөзжасамның **синтетикалық та, аналитикалық та, лексикалық та** тәсілдері қатыспайды. Бұлардың ішінде әуел баста шеттен, басқа тілден енген (**айдар, кеш, тамаша** – араб-иран тілдерінен ауысқан), сөйтіп лексикалық тәсілмен тұтқан сөздер де, қосымша арқылы (мысалы, **тас-па**, синтетикалық тәсілмен) жасалған сөздер де, бірге, қосарланып, тіркесіп жасалынған (мысалы, **тоқсан-тоғыз-он, демалыс дем-ал-лыс**) **аналитикалық, тіпті дәм-ал-ыс аналитикалық-синтетикалық** тәсілмен жасалған сөздер де бар. Бірақ бұлардағы алғашқы сөзжасам тәсілдері - аскери бас киімнің үстіне қосымша үстелу арқылы ерекшелікті көрсету үшін жасалатын бөлігі; одан баланың шашын алғанда, көз тимес үшін маңдай шашын, я төбе шашын алмай қалдырған тұлым, шоқ шашы мәніндегі **айдар**. Ал **тонның** әуелдегі мағынасы жалпы сырт киім, бағалы киім, жағалы киім. М.Қашқари сөздігінде де сол мағынада берілген, сондықтан біреуге сый бергенде, қосынбасын, кемсінбесін деп, «орамал тон болмаса да жол болсын» деп, немесе **«жол болды»** деген мәтел айтылады. **Тамаша** – өте жақсы, әдемі, керемет; **кеш** – күндіз бен түннің арасындағы мезгіл мағыналары лексикалық тәсіл арқылы жасалған. Сондықтан да бұл сөздер осы

мағыналарында мына сияқты қолданыстарда жұмсалып келеді: **айдарынан жел есіп, айдарынан ұстатпайды, айдары жарыспайды, Тұлымдысын тұл қылды, Айдарлысын құл қылды** («Қобыланды батыр»). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» осы мағыналарды, яғни 1.Төбеге қойылатын бір шоқ шаш және 2.Құстың төбесіне бір шоқ мамық, не жұмсақ қызыл өр-сапар деп береді т.б.

С.Мисен:«Тегінде сөзжасампроцесін талдап, сөзжасам тәсілдерін, үлгілерін айқындап, сөзжасам мағынасын көрсетуге **семантикалық қатар, семантикалық полексемема, семематгеориясын** батыл пайдаланып, сол негізде жіктетген дұрыс болар, сонда ғана сөздің әуелгі лексикалық мағынасы мен кейін қосылған мағыналары – көпмағыналық мәселесі, олардың жеке өмір сүре алуы, сөзжасамдық сипатқа ие бола алуы-алмауы сияқты мәндер ашылмақ. Міне осы тұрғыдан арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілсе құба-құп болар еді де осыдан барып жекелеген сөздерге байланысты лексикалық минифокуйелерді анықтауға мүмкіндік туар еді. Термин емес сөздердің семантикалық сипаты да нақтылы айқындалар еді», - дейді де бұдан әрі де бұл ойын өрбітеді: «Ал біздің айттып отырған **семантикалық сөзжасам** – осы көрсетілгендей процесс арқылы жасалған сөздерден жаңа сөз тудыру, яғни **жаңа мағыналы лексикалық** едипицаның жасалуы, сондықтан да жаңа туынды жаңа қолданыста жұмсалды:

осы айдармен берілген хабар, жаңа айдар пайда болды, пәлендей айдар ашылды, пәлендей айдар жоқдаған хаттар, пәлеттің жаңа айдарын құлтарға болады, пәлендей айдарда жарылданған хаттар, мықтылар мінбесі деген жаңа айдар ошын отырмыз т.б.;

тамашаға келіндер, тамаша мынадай мезгілде басталады, отыр; тамашаға шақырамыз, тамашада отыр, тамашаның жөнделікұтары, тамашаны басқарады, тамашаны жүргізеді, тамашада айтылды т.б.;

ойын-сауық кеші болады, кеш орталық сарайда бүгін түс ауа басталады, кешті басқарған, салтанатты кеш, ұстаздарға арналған кеш, кештің төрағасы т.б.

Бұл сияқты тағы да толып жатқан басқа да

қолданыстардан грамматикалық қатынасы жағынан бұндай жаңа туындылардың субъектілік-предикаттық, атрибуттық-анықтауыштық, меншіктілік-қатыстық, объектілік, мекендік-мезгілдік, амалдық т.б. толып жатқан жаңа мәндік қызметтерде жұмсалып отырғанын көреміз.

Таспа сөзі тарихи жағынан тас түбір сөзіне -на қосымшасы үстелу арқылы жасалған болуы керек. Мағынасы қайыстан, теріден жіңішке бау сияқты тіліп алып, одан барып ауыс мағынада жонынан таспа тлүтіркесінде жаңа семема пайда болды: Қайыстан тіліпалынған таспа мықты бау, жіп орнына жүреді. Ал біз айттып отырған таспа – пайдаланылуы жағынан да, шығуы қалай, неден жасалуы жағынан да, қасиеттері жағынан да т.б. бүтіндей жаңа зат. Сондықтан таспа, таспаға жазып алу, таспада жазулы тұрт.б. сияқты қолданыстарда жұмсалды.

Тоқсан мен **демалыс** сөздерінің жайы да осылай. **Тоқсан** – белгілі бір сандық ұғымның атауы, **демалыс** – демдішке-сыртқа алу, тіршіліктің, тыныстың көрінісі деген мәнде болса, біз айттып отырған **тоқсан** мен **демалыс** –бүтіндей жаңа лексема, лексикалық единица: **тоқсан** – жыл мезгіліндегіуш айлық мерзім, квартал; **демалыс** - үзіліс, тынығу, жұмыстан тынығуға шығу. Сондықтан бұл сөздер бүтіндей жаңа тіркестерде жұмсалды: **бірінші тоқсанда бітіру, аяқтау, тоқсанның қорытындысы, тоқсанды аяқтау, екі тоқсанға созылды, екінші тоқсаннан басталды, төртінші тоқсанмен жыл бітеді; демалысқа шығу, демалыста болу, кезекті демалыс, демалысын үзуге мәжбүр болды, демалыстан оралды, демалыстың пайдасы т.б.**

Қол – адамның дене мүшесі болса, жаңа сөз - **қарулы топ, әскер, қалың қол, қол жинап, жау қолына түсу, қалың қолды қак жарып, қалың қолмен тиісің; шабуылға шығып, қолға тойтарыс беру т.б.**

Ақ-қараға қарама-қайшы түс болса (ақ мата, ақ үй, ақ шағалда, ақ киіз, ақ жаулық), осыдан барып адам адал, күнәсіз, бар күш қуатымен қызмет ететін, берілген, шын, ақиқат деген мағынадағы да жаңа сөз туған. Сүттен жасалған тағам (айран, қымыран, сүт, қымыз т.б) мәніндегі ақ та

көлемдер ежелісөзжасам процесінде семантикалық тәсіл арқылы туған жаңа сөз (**аққа жарымған-жарыған, ақ ішін, ақпен күн көріп, ақтың пайдасы т.б.**).

Қырқы немесе **қырқы** - белгілі бір сандық ұғымның атауы болса, біріншіден, жас нәрестенің қырқы күн өткеннен кейін, одан шығару ұғымның атауы, соған байланысты **қырқынан шығару** фразеологиялық тіркесі, екіншіден, өлген кісіні қырқы күн өткен соң, ас беріп, еске алып, құран бағыштау ұғымның атауы, соған байланысты **пәленшенің қырқы, қырқына жиналу, қырқын беру, қырқына үлгеріпті, қырқын асханада беру, қырқында сөз сөйлеу, қырқы болды т.б.** тіркестердің қолданылуын айттып отырмыз».

Профессор А.Ысқақов – сөз тудыру тәсілдері туралы. А.Ысқақов сөзжасамды жаңа сөз тудыру деп негізінен дұрыс түсінеді, сөйте тұра оны сөз таптарының ыңғайында, яғни сөз таптарын жасау проблемасы ретінде қарастырады. Сондай-ақ, ол сөзжасам тәсілдері туралы да қайшы пікірлер айтады. «Қазақ тілінің сөз тудыру жүйесі үлкен-үлкен негізгі өкіл сөзден тұрады. Оның бірі **морфологиялық тәсіл** де, екіншісі – **синтаксистік тәсіл**», -дейді А.Ысқақов, біріншіден, бұл айттылып отырған әңгіме – сөзжасам тәсілдері ғана. Иймаса сөзжасам жүйесі бұдан әлдеқайда күрделі, оған тәсілдер ғана кіріп қоймайды. Екіншіден, сөзжасамның басқа да тәсілдері, аралас түрлері айтылмаған. Екінші бір ретте: «Зат есімдер лексикалық морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады», «Сын есімдер морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық), морфологиялық-синтаксистік (семантикалық) тәсілдер арқылы жасалады», - десе, үшінші бір ретте, «мысалы, өрнектің жасалу тәсілі ретінде морфологиялық құрылым жағынан бөлінетін түрлер, яғни сөзжасам процесінің нәтижесі (туынды етістіктер, күрделі етістіктер) немесе туынды үстелулер, күрделі үстелулер» деп те береді т.б.

Сөзжасамдық тәсілдер туралы. Тілдің ішкі мүмкіндігіне тілде бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар, олар арқылы сөз жасаудың тілде қалыптасқан жолдары, заңдылықтары – тәсілдері жатады. Туынды сөздің жасалу жолдары ғылымда

сөзжасамдық тәсілдер деп аталады. Оқырман, көрер-мен, тәлімгер, қатпаршақ, ақта, сынық сияқты туынды сөздер лексикалық мағыналы сөзге –ман, -мен, -гер, -шақ, -та, -ық жұрнақтары жалғану арқылы жасалған. Ал қызыла ала, қиян-кескі, отыз екі, алып кел, асықты жейлік сияқты күрделі туынды сөздер екі сөздің тіркесу жолымен жасалып тұр. Буын, екпін, тубысқан, кірісіне, талдау сынды термин сөздердің мағынасы олардың тілдегі байырғы мағынасынан мүлдем басқа. Бұл сөздердің терминдік мағынасы туынды сөздің мағынасы болып саналады. Сонымен туынды сөздердің жасалуы тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы іске асады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып, әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар:

- 1) синтетикалық тәсіл,
- 2) аналитикалық тәсіл,
- 3) лексикалық-семантикалық тәсіл.

Сонымен, әдебиеттерде жаңа сөз жасаудың әдетте үш түрлі тәсілі көрсетіліп жүр: синтетикалық немесе морфологиялық (қосымшалар арқылы), аналитикалық немесе синтаксистік (екі түбірдің я сөздің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы), лексикалық немесе лексика-семантикалық (сөздің сыртқы түрі өзгермей-ақ жаңа мағыналарға ие болуы). Сондай-ақ кейде осының үстіне синтетикалық-семантикалық немесе семантика-синтетикалық (кейде морфологиялық-семантикалық я лексикалық-морфологиялық немесе семантика-морфологиялық), аналитикалық-семантикалық немесе синтаксистік-семантикалық я лексика-синтаксистік, тіпті морфологиялық-синтаксистік сияқты сөзжасам жолдарының аралық түрі де көрсетіледі. Және олардың көпшілігі жеделеген сөз таптарының ыңғайында берілген. Бұл – бір. Екіншіден, термин адалығы да кездеседі: мәселен, синтетикалық тәсіл бірде қосымшалар қосылу тәсілі, бірде морфологиялық тәсіл, бірде сөзжасамдық морфемалардың қосылу тәсілі, бірде морфологиялық-синтаксистік тәсіл деп, аталып жүргенін де ескерген жөн т.т.

Сөзжасамның лексикалық тәсілі. Тілдің сөзжасам процесінде лексикалық тәсіл де, конверсиялық тәсіл де бар. Ағталық, лексикалық тәсілгебасқа тілден енген сөздердің пікірмен сол күйінде алынуы жатады.

Бұл процестің де басты қасиеті жаңа туындының (кірме сөздер де жаңа туынды болып саналады, өйткені, олар да сөзжасам қатарын арттырып, тілдің сөздік құрамын жаңа сөздермен байытады) тіл айналымына түсуімен байланысты болғандықтан және жоғарыда көрсетілген сөзжасам тәсілдерінің басқа түрлері қатыспай, тек басқа тілден сол күйінде сөз алу (таза лексикалық процесс) болғандықтан, **сөзжасамның лексикалық тәсілі** болып табылады.

Қазіргі қазақ тілінде басқа тілдерден әр кезде, әр дәуірде өңін, қазіргі кезде тіліміздің лексикалық құрамынан берік орын алған сөздер аз емес. Олар енгенде о бастағы тұлғасын сақтап немесе әр түрлі дәрежедегі өзгеріске түсіп, семантикалық жағынан да өзгеріске түскен сөздер.

Сөзжасамның лексикалық-семантикалық тәсілі. Лексикалық-семантикалық тәсілде сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады да, тілде жаңа мағынасында қолданыла бастайды.

Сөздің тек мағынасында өзгеріс болатындықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл деп аталынады. Бұл тәсіл де көне заманнан бері қолданылып келеді.

Тіліміздегі ақдеген сөз түсті білдіретін сын есім сөз екені белгілі: *ақ орама, ақ жаулық, ақ көйлек* сияқты қолданыстар әбден таныс. Осы ақ сөздің тілде толып жатқан мағынасы бар:

1) *Ақ (сын есім)* – адал мағынасын береді. Мысалы: *Ақ жүрген адам азбас.*

2) *Ақ (зат есім)* – сұт, айран, қатық, қымыз, шұбат, яғни, сұт өнімдері.

3) *Ақ (зат есім)* – ақиқат, шындық.

Бұл мағыналар тілде қатар қолданылып, омоним жасатан.

Лексикалық-семантикалық тәсіл арқылы зат есімге нағтану арқылы көшкен сөздер өте көп: *бүлдірген, ағарған, қорған, қамал, айтыс, қоршай, ақ, жемісі* т.б.

Зат есім сөздердің ішінде өзіне басқа мағынаны қосып алып, екінші сөздің қызметін атқарып жүрген сөздер де аз емес. Мысалы,

күн – экономикалық термин,
екпін, шылау, үстелу – тіл білімі терминдері,
теңеу, аңгіме, суреттеу – әдебиет терминдері,
тербеліс, қозғалыс – физика терминдері,
көбейту, қосу, үшбұрыш – математика терминдері.

Дұрысында, лексика-семантикалық тәсілді бір шеңберде қарауға болмайды. Қайкезде де бір тілден екінші тілге талай сөздер ауысып, олар өзі енген тілдің лексикалық құрамын байытып, қажетін өтеп отырады. Бірақ *лексикалық-семантикалық тәсілде* сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауыса бермейді, сондықтан лексикалық-семантикалық тәсілдің өзіндік іштей айырмасы бар:

• сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі;

• сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөз ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасын өзгертіп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, *қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзгерт.б.*

Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағыналарына жатады. Олар:

1. *қорған, айтыс, жарыс* – етістік,
2. *бірге, біреу* – сан есім,
3. *басқа* – сын есім,
4. *өзге* – есімдік.

Жоғарыдада келтірілген мысалдарда осы сөздердің:

- 1) *қорған, айтыс, жарыс* - зат есімге;
- 2) *біреу* - есімдікке;
- 3) *бірге, басқа, өзге* - сын есімге көшкен мағыналары келтірілді. Сондай-ақ:

жас – зат есім; белгілі жас мөлшеріндегі жан иесі: **жас** келсе

іке, жастар қолдайды т.б.

жас – зат есім: **жасы** жырғада т.б.

тон – зат есім: қой терісінен жасалған киім;

тон – зат есім: ау баста жалпы сырт киім мағынасында болған;

бас – зат есім: бұлақтың басы;

бас – зат есім: адамның басы);

бөйге – зат есім: **ат жарыс**, сондай-ақ шығармашылық жұмысқа белгілі мерзім ішінде қатынасу;

бөйге – зат есім: бөйгеге тігілетін сыйлық мәнінде - **бөйге** алу, **бөйге** жариялану т.б.

Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі түрлі жолмен іске асады. Оның ішінде ғылымда негізгі (субстантивация) тілдерге кең таратан түрі. Ал заттану құбылыс. Мысалы, қазіргі тілде *бір жұма, бір жемі* тіркестері мағыналас, Осындағы *жемі* (апта) сөзінің заттық мағынасы алғаш «жеті күн» мағынасында қолданылып, *күн* сөзінің қолданыстан түсіп қалып, ықшамдалуынан оның заттық мағынасы *жемі* сөзіне көшкен. *Жемісі, тоқсан (мезгіл), туысқан, қашаған* сөздері осындай жолмен жасалған.

Сонымен, бұл келтірілген мысалдар тілдің сөздік құрамын байытуда лексикалық-семантикалық тәсілдің өзіндік орны барын білдіреді.

Сөзжасамның конверсиялық тәсілі. Тілміздің өзі ішкі дамуы негізінде жаңа ұғымдарды атау қажеттілігінен әр түрлі семантикалық процестер, мағына дамуы (мысалы, бір сөздің әуел баста екі я одан да көп мағына білдіруі, айталық, әрі нақты бір заттың аты, әрі сол заттың сипатына қатысты нақты бір қимыл, кейін түркі синкретизмі делініп жүрген тілдік құбылыс немесе сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, бөлшектің бүтінге айналуы, функционалды ұқсату заңы т.б.) арқылы да тілдің лексикасы байып, сөздік құрамы өседі. Сөйтп, жаңа сөздер

катары голыға түседі. Бұл таза семантикалық процесте сөзжасамның басқа тәсілдері қатыспайды. Ал семантикалық процесс, семантикалық өзгеріс сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған туындылардың қай-қайсысында да болып отырады. Сондықтан сөзжасамның бұл түрін жалпы тіл білімінде кейде **конверсиялық тәсіл** деп те атайды.

Әдетте, тілімізде сөзжасамның *лексика-семантикалық тәсілін конверсиялық тәсіл* деп те атап жүр. Өйткені, *лексика-семантикалық тәсіл* арқылы жаңа туынды сөз жасалынғанда – сөз бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысады, оны фылымда **конверсия** деп атайды.

Сөзжасамның конверсиялық тәсіліне, ең алдымен, есім-етістік тәрізді түркі синкретизмі деп аталып жүрген тілдік құбылыстың тіліміздегі қалдық көрсеткіштерін жатқызуға болады. Мысалы:

тат – зат есім: өсімдіктің, заттың сыртына жұғатын түрі немесе көне түркі тілінде астың дәмін айтады;

тат – етістік: ауыз тию, дәмін алу; астан тату;

ой – зат есім: төмен, ойпаң жер;

ой – етістік: жер және ой қазу; тесік жасау; мұзды ой.

қыз – сын есім: **қызыл, қызық, қымбат** мәнінде қолданылады;

қыз – етістік: шегіне жету, қызару;

тоң – зат есім: қатып қалған жерд^ә айтады;

тоң – етістік: суық тию, қалтырау т.б.

жаңа – сын есім: әлі ұсталмаған, бұрын болмаған жаңа киім, жаңа көше т.б.

жаңа – үстеу: қазір ғана болған: **жаңа** келді, **жаңа** жасады т.б.

жас – сын есім: **жас** бала, **жас** жігіт, **жас** кез т.б.

жас – зат есім: белгілі жас мөлшеріндегі жан иесі: **жас** келсе іске, **жастар** қолдайды т.б.

жас – зат есім: **жасы** жиырмада т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөзжасамдық тәсілдер туралы түсінік.
2. Сөзжасамның лексикалық және лексикалық-

семантикалық тәсілдері туралы айтып бер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

12-Тақырып. Синтетикалық, аналитикалық тәсілдер

Жоспар:

1. Сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі
2. Сөзжасамның аналитикалық (синтаксистік) тәсілі

Қосымшалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, синтетикалық тәсіл тілімізде туынды сөз жасауда басты қызмет атқарады.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін оған екі тілдік бірліктің қатысуы керек:

1. лексикалық мағыналы сөз,
2. сөзжасамдық жұрнақ.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудағы екі тілдік бірліктің бірі - *лексикалық мағыналы сөз* болатын болса, ол - туынды сөздің мағынасына арқау болады. Сондықтан да туынды сөз жасауға *лексикалық мағыналы сөздер* ғана қатысады. Мысалы, *жүлдегер, ақта, ақылды, балқор* сияқты туынды сөздердің жаңа мағынасы *жүлде, ақ, ақыл, бале* сөздерінің негізінде жасалған, сондықтан олар *негіз сөздер* деп аталады.

Негіз сөз дегеніміз – туынды сөзді жасауға негіз болатын лексикалық мағыналы сөз.

Туынды сөздің *негіз сөзінің* қызметін *негізгі түбір сөз* де, *біріннен сөз* де, *қысқартқан сөз* де атқара береді. Мысалы, *егінші, өнімсіз, білімпаз, сәңкөйлік, белбеусіз, колхоздас* деген сөздерге *егін, өнім, білім, сәңкөй, белбеу, колхоз* деген туынды және күрделі сөздер негіз болған.

Туынды түбір сөз бөтен *негіз сөздің* мағына байланыстылығы *сөзжасамдық ұяда* анық көрінеді. Сөзжасамдық ұяға бір негізгі түбірден өрбіген толып жатқан туынды түбірлер жатады. Мысалы, *бас* сөзінен 137 туынды түбір жасалып, ол туынды түбірлердің бәрінің мағынасы *бас* сөзімен тікелей байланысты

болды екен.

Синтетикалық тәсілдері екінші тұлға, екінші тілдік бірлік - *сөзжасамдық жұрнақ*.

Синтетикалық сөзжасамда *сөзжасамдық жұрнақ* негізгі мүше болып саналады. Оның қатысынсыз синтетикалық тәсіл арқылы ешбір туынды түбір жасалмайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбірлер деп аталады.

Туынды түбірлер бір негізгі морфема мен бір көмекші морфемадан тұрады. Мысалы, *өнерпаз < өнер* (негізгі морфема) + *паз* (көмекші морфема), *тәстік < тәст+тік, сына < сын+а, күзгер < күз+гер* т.б.

Сөзжасамдық жұрнақтардың көбісі (80-90 пайызы) жаңа лексикалық мағына жасайды. Сөзжасамдық жұрнақтың ішінде сөздің лексикалық мағынасын мүлдем өзгертпей, негіз сөздің мағынасын түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, *ажетай, илшек, белес, ботақан, бірінші, ондаған* т.б. Мұндай тілдік құбылыс басқа тілде де бар, мысалы, орыс тілінде мұндай туынды түбірлердің мағынасын «**модифицирующе значение**» деп атаған. Осыған байланысты сөзжасамдық жұрнақтар екіге бөлінеді:

1) лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар;

2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар.

Сөзжасамдық жұрнақтардың арқайсысының жеке мағынасымен бірге жалпы мағыналары да болады, яғни, сөзжасамдық жұрнақтар әрбір сөз табына телулі боп келеді, мысалы, *саудагер, астық, суын, дәрісхана* сияқты туынды түбір жасайтын жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты, *көңілді, мәсіең, алдамшы, бауырмал* туынды түбірлерін жасайтын жұрнақтар мағынасы сындық ұғыммен байланысты болса, *өзгер, ойла, кемі, сана, андет* сияқты туынды түбірлерді жасаған жұрнақтарға қимыл мағынасы тән.

Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл (арғы тегі «қосу», «бірліктеу», «жапсыру» деген мәндігі синтез сөзінен жасалған), иппи сөзге қосымша қосу деген мәнде қолданылады. Қосымша морфемалар, аффикстер, дәлірек айтсақ сөзжасам қосымшаларының сөзге, түбірге (ол негізгі сөз, түбір болып,

екінші дәрежелі құбылыс болуы да, туынды сөз, түбір я күрделі сөз, біріккен, қосарланған, тіркескен түбірлер болып, үшінші, төртінші т.б. дәрежедегі тілдік құбылыс болуы да мүмкін, ал екінші дәрежедегі тілдік құбылыс туынды, күрделі сөз жасауда (болады) жалғануы арқылы жаңа мағыналы сөз, лексикалық единица жасал, тілдің сөздік құрамын, байлығын арттырып, сөзжасам қатарын молайтады. Әрине, қосымшалардың бәрі бірдей жаңа сөз жасай бермейді. Бұл жердегі әңгіме сөз - жаңа мағыналы сөз, лексикалық единица жасайтын қосымша жайында. Солардың бірқатары мыналар:

Қазак тіліндегі өнімді қосымшалардың бірі **-шы, -ші.** Дыбыс үндестігіне байланысты нұсқасы жоқ тек буын үндестігіне байланысты жуан және жінішке нұсқасы бар. Әдетте, негізгі және туынды түбір заттық ұғымның атауына жалғанып, мынадай сөзжасам мағыналарын білдіреді:

1. Кәсіп иесі, белгілі кәсіппен шұғылданатын немесе бірденеге икемі бар адам не мамандық атауы: **ән-ші, сау-ын-шы, мал-шы, жаз-у-шы, шекара-шы** т.б.

2. Белгілі бір қозғалыс, көзқарасқа, соның жетекшісіне қатысты, не соны жақтаушы, ұйымға қатысушы адам ұғымының атауы: **стаханов-шы, динамо-шы** т.б.

Бұл қосымша әдетте негізгі және туынды түбір зат атауларынан, заттанған сөздерден, жалқы есімдерден көрсетілген сөзжасамдық мағыналарын тудырып, ол жаңа туындылар сөйлемде заттық мағынада және қатыстық мағынада қолданылады: **егін-ші, шекара-шы, коньки-ші және ән-ші жігіт, трактор-шы қарындас, өтірік-ші бала** т.б. Демек бұл сөзжасамның үлгісі: түбір -

1. құрамы жағынан негізгі, туынды түбір я күрделі сөз;
2. сөз табы жағынан зат есім не жалқы есім;

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік қосымшасы арқылы жасалған сөзжасам үлгісі бойынша, әдетте бұнымен омонимдес, есім сөздерге жалғанып, соған қатысты нақтылы қимылды білдіретін, сөз жасайтын **-шы, -ші** жұрнағын да атай кету керек: **ойнақ-шы, тықыр-шы, дөнбек-ші, өр-шіт-б.** Ал егістіктің бұйрық (1,2,3-жак) тұлғалары мен тілек мәнін білдіретін **-шы, -ші** қосымшасының табиғаты мүлде бөлек,

онда сөзжасамдық сипат жоқ:

1. Заттық ұғымдағы сөздерден соған қатысты екінші бір нақты заттық ұғымды білдіретін жаңа сөз жасалады: **орын-дық, туз-дық, ине-лік** т.б.

2. Заттық ұғымдағы сөздерден соған қатысты абстракты нақты ұғымды білдіретін жаңа сөз жасалады: **кісі-лік, дос-тық, жолдас-тық, кате-лік, алта-лық** т.б.

3. Сапалық амалдық, модалыдық ұғымдағы сөздерден соған қатысты абстракты заттық ұғымды білдіретін жаңа сөз жасалады: **жақсы-лық, өткір-лік, жаман-дық, биік-тік, үлкен-дік, тез-дік** т.б.

4. Туыстық мәндегі ұғым атауларынан сол түбір білдіретін туыстыққа қатысты абстракты заттық ұғымды білдіретін Жаңа сөз жасалады: **жиен-дік, іні-лік, аға-лық** т.б.

5. Нақты сан атауларынан соған қатысты нақтылы заттық ұғымды білдіретін жаңа сөз жасалады: **бір-лік, екі-лік, үш-тік, он-дық** т.б.

6. Нақтылы, кейде абстракты мәндегі заттық ұғым атауларынан соған қатысты қасиеттерді білдіретін жаңа сөз жасалады: **азамат-тық, орта-лық, қала-лық, қоғам-дық** т.б.

7. Мезгілдік мәндегі атаулардан, кейде онымен нақты санының тіркесуінен соған қатысты қасиетті білдіретін жаңа сөз жасалады: **күн-дік, ай-лық, онжыл-дық, екі күн-дік** т.б.

8. Әр түрлі бұйым, зат атауларынан, немесе олармен нақты санын тіркесінен солаға қатысты өлшем, мөлшер мәніндегі жаңа сөз жасалады: **костюм-дік, көйлек-тік, бір ат-тық, жаға-лық** т.б.

9. Есімдіктер мен сұрақ мәніндегі сөздерден солаға қатысты жаңа сөз жасалады: **сөз-дік, сен-дік, қандай-лық** т.б.

Аналитикалық немесе синтаксистік тәсіл – тілімізде көне дәуірлерден келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Бұл тәсіл дүние жүзі тілдерінің сөзжасамына ортақ тәсіл. Жапон, қытай тілдерінің сөзжасам жүйесінде негізгі қызмет атқарса, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде, сондай-ақ туыстас түркі тілдерінде сөзжасамның аналитикалық тәсілі кең түрде қолданылады.

Аналитикалық тәсілде екі я одан да көп сөз бір-бірімен

тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды, **аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз күрделі сөз деп аталады.** Мысалы, *ортан жидік, шекара, өнеркәсіп, аққу, темір жол, қызыл ала, алыс бес, қараторғай* т.б. Мұндағы атаулардың бәрі - бір ғана ұғымға тиесілі атаулар.

Сөзжасамның **аналитикалық** немесе **синтаксистік тәсіліне** сөздерді (әр тұлғадағы түбірлерді) біріктіру, қосарлау, қайталау, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау процесін жатқызып жүрміз. Тілдегі, тілдік процестегі себеп-салдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кіріккен, қосарланған, қайталанған сөздер, тіркесті (күрделі) сөздер жатқызылады. Бұлар яғни біріккен, кіріккен сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілдері емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже, яғни жаңа туындылар. Олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларда бұлар күрделі сөздер және Оның түрлері ретінде беріледі. Сондықтан да олар грамматикаларда сөзжасам процесі ретінде емес, күрделі сөз ретінде, яғни белгілі бір тілдік амалдардың нәтижесінде жасалып қойған тілдік единица ретінде және оның құрамдық компоненттерінің семантикалық, грамматикалық жағынан ара-қатынасы мен ерекшеліктері ретінде қаралып отырады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын әрі өнімді тәсіл болумен бірге, оның іштей:

- 1) сөзқосым,
- 2) қосарлау,
- 3) тіркестіру,
- 4) қысқарту сынды төрт түрі бар.

Сөзқосым тәсілі қазақ тілінде бірігу, кірігу тәсілі арқылы жасалатын бір лексикалық мағына беріп, біртұтас дыбыстық құрамға кірігіп, бір екпінмен айтылатын бір лексикалық бірлікті жасайды. **Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер біріккен (кіріккен) сөздер деп аталады.** Мысалы,

қырықбұрын, майбұрыл, аққу сияқты сөзқосым тәсілі арқылы жасалған сөздердің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен еш дәнекерсіз мағына, дыбыстық құрам жағынан жымдасқан.

Сөзқосым тәсілін біріктіру, кіріктіру тәсілдері деп бөлуге болады. Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің ішкі сыңарларының арқайсысы өздерінің жеке тұрғандағы дыбыстық құрамын толық сақтайды: *қолбасы, оттегі, бидәлдас, бойтұмар, көлбақа* т.б. Кіріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің құрамындағы сыңарлар дербес қолданылғандағы дыбыстық құрамын толық сақталмай, олар біртұтас жымдасқан дыбыстық құрамға көшеді. Мысалы, *білекік (білек+жүзік), анар (алын+бар), түрегел (тұра+кел), ұшадырлық (табан+тұрық), былтыр (бір+йылдыр), қайы (қайын+тіні), жекенбі (яқ+шенбе* – парсының бір күн деген сөздер) т.б.

Сөздерді біріктіру арқылы жаңа мағыналы күрделі сөз туғыну - синтаксистік тәсілдің бір жолы болып саналады. Сөздерді біріктіру процесінде болсын, қосарлап я тіркестіру процесінде болсын яғни күрделі сөз жасау үшін аралуан фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторлар араласып, арқайсысы өзінше арқилы дәрежеде үлестерін қосып, сол қатынастардың дамуына жәрдем етеді. Сөздердің күрделену процесінде, оның құрамындағы компоненттерінің ассимиляция, диссимиляция, үндесу, снісу, икшамдалу, агормония, дауыс екпіні т.б. фонетикалық өзгерістер әсерінен әртүрлі өзгерістерге ұшырауы **фонетикалық фактор** болып саналады. Ал ондай процесте наномадану, лексикалану, делексикалану сияқты құбылыстар лексика-семантикалық фактор болып есептеледі.

Осыған қоса **конверсиялық факторды** да көрсеткен жөн. Ол көбінесе сөздің қайталануына байланысты жаңа мағына я мағыналық ренк үстелуі болып табылады. Ондай жағдайда сөздің грамматикалық сипаты өзгереді: біріншіден, жалпы грамматикалық семантикасы арқылы белгілі бір сөз табының шеңберіне енсе, бұл фактордың негізінде жалпы грамматикалық мағынасы өзгереді, семантикалық өзгеріс пайда болады және өзгеріс уақытша контекстік емес, тұрақты.

Екіншіден, түрлену-түрленбеу сипатына ие болады.

Біріккен сөз бен тіркесті күрделі сөздердің арасы өте жақын. Біріншіден, тіркесті күрделі сөздердің біразы дыбыстық өзгерістерге түсудің нәтижесінде біріккен сөздердің кіріккен түріне ауысқан. Екіншіден, қазір белгілі бір күрделі сөздерді біріккен сөзге я тіркесті сөзге жатқызу шартты болып саналады да, орфографиялық жағынан, яғни бірге жазу я бөлек жазу тәртібі арқылы ғана ажыратылады. Мысалы, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» берген **өсімдік, құс** т.б. зоологиялық атаулардың бірікпелері бірге жазылып, енді бірікпелері бөлек жазылуының себебін ғылыми түрде түсіндіру қиын-ақ: **айтғырқияқ, айыққияқ, аққанат, аққурай, аққуайрық, көкқұтан** т.б. біріккен сөз болып бірге жазылғанда, **айғыр жуа, айғыр сасыр, көк кептер, ала бүйі** т.б. тіркескен сөз болып бөлек жазылған. Тіптіаяқ киімнің бөлек жазылып, **аяққалптың** бірге жазылуын түсіндірудің өзі қиын. Үшіншіден, біріккен сөздер мен тіркесті сөздердің жасалу жолы біртектес және тіркесті сөздердің көпшілігі біріккен сөзге ауысып отырады. Әдетте, күрделі сөздің бұл екі түрі де әдеттегі сөз тіркесінен жоғарыда айтылған фонетикалық, лексика-семантикалық факторлардың әсерінің нәтижесінде қалыптасады. А.Ысқақов «Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің белгілі бір сөз тіркестерінің заңдарына лайық жасалатындығын байқатады. Мысалы, **қарақат** (қара қат), **білезік** (білез жүзік), **қарлығаш** (қара ала құс) дегендер морфологиялық құрылысы жағынан **бас құр, қара су, қол сақина, қара ала ат** сияқты көдімігі синтаксистік тіркестердің үлгілері бойынша жасалған», - дейді. «**Ал, ағайын, қолғанат** сияқты біріккен сөздер салаласа құралған тіркестен шыққан. Мысалы, алғашқысы **аға** және **іні**, екіншісі**қол** және **қанат** сөздері **де**, өзара сондай жақын. Сөйтіп, бұл сөздердің құрамындағы компоненттер біріне-бірі теуелді емес, біріне-бірі тең», - деп, - «Компоненттерінің бастапқы кездегі мағыналық қатынастарының ерекшеліктеріне қарай, қазақ тіліндегі біріккен сөздер не сабақтаса, не салаласа құралады», - деп қорытады.

Егер біріккен сөздер мен тіркесті сөздер әдеттегі сөз

тіркесінен қалыптасатын болса, ондағы сөз тіркестерінің компоненттері бір-бірімен сабақтаса, яғни бірі екіншісімен белгілі-бір грамматикалық амалдар немесе орын тәртібі арқылы бағына байланысады. Ал салаласа байланысқан сөздерге бұл жерде орын жоқ. Өйткені салаласа байланысу бір тұлғалы, бір қызметтегі бірыңғай сөздердің арасында болады да, Оның арқайсысы өз бетімен сол грамматикалық тұлғалар арқылы басқа бір сөзге бірыңғай бағына байланысады. Сөйтіп басшықы сөзбен бірыңғай синтаксистік қатынасқа түсіп, бірыңғай мүше қызметін атқарады. Кейде сол бірыңғай сөздердің алғашқыларындағы грамматикалық тұлғалар түсіп те қолданылуы мүмкін. Сөйтіп салаласа байланысқан сөздердің арқайсысындағы грамматикалық тұлғалардың бірыңғай сөздер арасындағы салаласа байланысқа түсуіне өшбір қатысы жоқ. Сондықтан **ағайын мен қолғанат** біріккен сөздердің салаласа байланысқан бірыңғай сөздерден шығуы күмән тудырмайды.

Қолғанат біріккен сөзі**қол** және **қанат** сөздерінен қалыптасқаны белгілі. Ал осы екі сөздің арасындағы байланыс салалас па? Бір қарағанда **қол** адамның дене мүшесі, **қанат** құстың сондай дене мүшесі, қолы сияқты. Бірақ қазақ тілінде **қол** сөзі көмекші деген мәнде екінші сөзбен анықтауыштық қатынаста сабақтаса байланысып, **қол бала** тіркесінде қолданылуы **қолғанат** біріккенсөзіндегі **де** әуел баста **қол** сөзі анықтауыштық қатынаста **қанат** сөзіне бағына байланысқан деп қорыттуға мүмкіндік береді. Бұл – бір. Екіншіден, **ағайын** сөзіне және **іні** сөзінен жасалғаны күмәнсіз емес. Өйткені **іні** сөзі қалай **йын** түріне айналып кетті? Сөз соңындағы **і** дауыстысы қалай түсіп қалды. Үшіншіден, бір ғана біріккен сөздің өзгеше байланыста және құрамада, яғни негізгі жасалу заңына қайшы түрде жасалуы да күмән тудырады. Солай болған күннің өзінде **де ол – заңдылық** емес.

Бірінше сөздің бірігіп, тіркесіп барып күрделі сөз қатарына өтуі нәтижесінде біріккен сөздердің **де**, тіркесті сөздердің **де** компоненттері арасындағы синтаксистік байланыс өшіріліп, олар тұтасып кетеді **де**, сөйлемде бір сөз мәнінде жұмсалып, бір ғана синтаксистік қызмет атқарып, өзі байланысқан сөзге

бірдей қатысты болады.

Біріккен сөздер мен тіркесті сөздер компоненттері арасындағы байланыс көбінесе зат есім – зат есім, сын есім – сын зат есім, сан есім – зат есім, есімдік – зат есім, сын есім – сын есім, сан есім – сан есім т.б. орын тәртібі арқылы қабысу, ілік септіктің түсіні қалған түріндегі сөз тауелдік жалғаулы изафет конструкциялық тіркес және аз да болса ментеру болып келеді. Тіркесі күрделі сөздердің морфологиялық құрамы оқулықтарда, грамматикаларда күрделі сөз таптары ыңғайында сипатталған: күрделі зат есім, күрделі сын есім т.б.

Қосарлану тәсілі – екі сөздің бір-біріне қосақталып, біртұтас мағыналы сөз жасайтын өте көне тәсіл. Орхон жазба ескерткіштер тілінде *өлу-йіту*(*өлім-жітім*), *ішін-тачын* (*іш-тысың*), *ядағын-ялаңын* (*жалаңаш-жалпы*) сынды қос сөздер қолданылғанын ғалымдар еңбектерінде келтіріп жүр.

Қазіргі қазақ тілінде қосарлау тәсілі арқылы жасалған сөздер қос сөздер деп аталады. *Ата-ана, туған-туыс, ыдыс-аяқ, көрпе-жастық, ине-жігі, ойын-той, көңіл-күй* сынды қос сөздер ежелден қолданылып келсе, *сан-салтанат, өнер-білім, дәрі-дәрмек, бұйрық-жарлық* сияқты қоғамдық мәндігі қос сөздермен тіліміз толығуда. Қосарлау тәсілі арқылы қос сөз жасау үшін оның сыңарлары бір сөз табынан ғана болуы – міндетті шарт. Мысалы, *бау-бақша, қыз-келіншек, ата-ене, өнеге-үлгі* қос сөздерінің сыңарлары зат есімнен, *жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, үлкенді-кішілі* сөздерінің сыңарлары сын есімнен, *бес-алты, жиырма-отыз, он-он бес* сөздерінің сыңарлары сан есімнен, *келін-кестін, өліп-талып, өніп-өсіп* сөздері сыңарлары етістіктерден жасалған.

Сонымен бірге қосарлау тәсілі арқылы жасалатын қос сөздердің сыңарлары мағыналас сөздерден жиі жасалады: *сауыт-сайман, туған-туысқан, ойнап-күліп, үгі-өнеге, өсек-аяң* т.б. Осы жағдаймен қайталама қос сөздердің жасалуы байланысты дәуле болады: *айта-айта, туду-тауду, көзбе-көз, үйден-үйге* т.б.

Сөздерді қосарлау мен қайталау арқылы жасалған қос сөздердің табиғаты өзгешелеу. Біріншіден, қосарлау мен қайталау арқылы жасалған қос сөздің сыңарлары о баста бір-

бірімен өзара салаласа байланысқан бірінғай сөздер болып келеді. Сондықтан да сөйлемде қос сөздерді жалғаулықтар арқылы бірінғай мүше ретінде де құруға болады: **Жоқ - барды, ертегіні термек үшін**(Абай); **Жоқ пен барды, ертегіні термек үшін. Алыс пен жақынды жортқан білер**(мақал); **Алыс - жақынды** жорытқан білер.

Қос сөздердің біріккен және тіркесті сөздерден құрылымы мен құрамы, семантикалық ерекшеліктері де осыдан туындайды. Екіншіден, қосарланатын да, қайталанатын да сөздер бір-бірімен семантикалық байланыста болуы керек. Алай айтқанда, мағынасы бір-бірімен жақын мәндес синоним сөздер немесе керісінше мағынасы бір-біріне қарама-қайшы антоним сөздер қосарланады немесе бір сөздің қайталануының да грамматикалық үлгілері бар. Үшіншіден, қосарлама қос сөздер негізінен сөз табының барлық түрлерінен болатындықтан, сол сөз табының тұлғалары арқылы түрленеді. Ондай жағдайда сөз түрленту тұлғалары бірінші сыңарына жалғанбай, екінші сыңарына ғана жалғана береді: **Үлкен-кішілі тыңдап отыр, дос-жарандарын түгел жиналды** т.б. Бұл қасиет сөйлемнің бірінғай мүшелерінен де кездесіп отырады. Төртіншіден, сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі сөздің лексикалық мағынасы бүтіндей өзгеріп кетпейді. Көбінесе жалпылық көптік мән ғана үстеледі.

Сондықтан сөзжасам тұрғысынан қосарлану мен қайталау арқылы жасалған қос сөздердің сипаты біркелкі емес. Қосарлама қос сөздердің сыңарлары мағыналы: бірі мағыналы, бірі мағынасыз, екеуі де мағынасыз деп бөлінесе де, тарихи-этимологиялық талдау негізінде мағынасыз деп жүрген сыңарының өзі бір кезде мағыналы болғандығын немесе басқа тілде мағына білдіретіндігін анықтауға болады. Мысалы, **балда-шаға** дегеннің **шаға** бөлшегі түркмен тілінде **балда** деген мән береді, **жүп-жүрқа** дегеннің **жүрқа** бөлшегі монғол тілінде **жүп** деген мағына береді, **некен-сайқ** дегеннің **некеніде, сайқ** дегені де монғол тілінде **жөке, жалғыз-жарым** деген мәнді береді т.б. Сөйтіп сөзді қосарлау тәсілі – сөзжасам мен тұлғажасам арасындағы тілдік құбылыс.

Ал **қайталау арқылы жасалған туынддылар** да

семантикалық жағынан біркелкі емес. Түбір тұлғада қайталанған сөздер де сөзжасам мен тұлғажасам арасындағы құбылыс. Ал күшейтпелі қос сөздер, екінші сыңары **М, С, П** дыбыстарынан басталып қайталанған қос сөздер сөзжасам емес, тұлғажасам көрсеткіші болып табылады. Ал бір сыңары қосымшалы, кейде екі сыңары да қосымшалы қос сөздердің табиғаты бұлардан да өзгешелеу. Тұлғажасамнан төрі сөзжасамға жақын. Өйткені олардың грамматикалық сипатының өзгеріп кеткендігін көреміз. Мысалы, **көзбе-көз, қолма-қол** сөйлемде зат есім ретінде қабылданбайды, адвербиалданып (үстеуленіп) кеткендігін байқаймыз және бұл уақытша контекстік емес. **Айта-айта, сөйлей-сөйлей** т.б. қимылдың әлденеше рет болғандығын ғана білдіріп қоймайды, біріншіден, семантикалық жағынан адвербиалданып кеткенін байқаймыз, екіншіден, осы күйінде етістік тұлғаларымен түрленбейді: **айта-айтамын** емес, **айта-айтады** емес т.б. Бұл жерде лексика-семантикалық фактордың кейбір көріністерімен бірге грамматикалық конверсиялық факторлардың да орын алып отырғандығын көреміз.

Аналитикалық тәсілдің **тіркестіру тәсілінде** күрделі екі сөз дербес сөзден жасалып, тілде бөлек жазылды да, сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағынаны білдіріп, **тіркесті күрделі сөздер** деп аталады. Мысалы, **қызыл ала** – заттың өзінше бір қызылмен басқа түс араласқан түсі, **тоқпан жілік** – жілік түрінің аты, **су жылан** – суда жүретін жылан аты, **алты мың екі жүз елу** – санның аты. Сонымен, сөздерді **біркітіру, тіркестіру, қосарлау** тәсілдері жеке-жеке сөзжасам үлгілері болып табылады.

Қысқарту тәсілі бұрын қазақ тілінде кісі аттарымен ғана байланысты қолданылған, кісі аттарын қысқарту дүние жүзі тілдерінде бар әдіс. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов өз кезінде **Ақаң** атанған, казір де **Нұрата, Серата** сияқты қысқарту жиі кездеседі. Ал күрделі атауларды қысқартып қолдануда кеңес дәуірі кезінде тілімізде орыс тілінің үлгісі қабылданғанды, ол казір де қолданыста. Мысалы, **ҚазҰУ** (Қазақ ұлттық университеті), **АҚШ, БҰҰ** т.б.

Десе де, сөздерді қысқартып алу соңғы кезде сөзжасам

тәсіліне қате қосылып жүр. **Сөздерді қысқартып алу**да **сөзжасамдық сипат жоқ**. Бұл тілімізге кейін келген, орыс тілінің өсерінен болған құбылыс. Өйткені, күрделі атаулар мен оның қысқартған түрі арасында ешбір семантикалық айырмашылық жоқ. Қазақтың Мемлекеттік Университетін **ҚазМУ** деу, Тәуелсіз мемлекеттер достастығын **ТМД** деу т.б. күрделі атаудың мағынасына ешбір өзгеріс енгізбейді, ордаиысы бөлек-бөлек мағына бермейді, тек көп сөзді, ұзақ атауды қысқа айту ғана. Ал қысқартған сөздердің сөзжасамға қатысы тек қысқартған атаудың негізінде қосалқы жаңа мағыналы ұғым беру процесінен байқалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі
2. Сөзжасамның аналитикалық (синтаксистік) тәсілі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

13-тақырып: Сөз тұлғасы

Жоспар:

1. Сөзжасамдық ұя
2. Сөзжасамдық ұяның күрделілігі

Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің сөзжасамға қатысу қабілетінің күштілігі сөзжасамдық ұядан өте анық көрінеді. **Сөзжасамдық ұя** деп бір негізгі түбірден таратқан туынды түбірлердің жиынтығы аталады. Мәселен, БАС сөзінен таратқан туындыларды алып қарайық:

бас	басшы	басшысыз		
	басқы	басшылық башылау		
	басқы	басқысыз		
	басқы			
бас	басқы	басқынды		
	басма	басқыншы басқындағ басмашылы		
Бас	баста	бастама	бастамалы	бастама
	басыз	бастан басталы бастау	бастамашылы	
	басыз	бассыздық	бастаушы бастаулы	

басар	баспақшы		
баспақ	баспақты		
басқы	басқышты басқышта басқышсы		
баста	бастау	бастаулы бастауыш бастаушы бастаудай	бастауыштық
	бастас		
	бастаңғы	бастаңғы	
		бастаңғы дай	
	бастапқы	бастапқы дай	
	бастағ	бастағты	
	басқалық	басқалан	басқаланушылық
	басқадай	басқашалы	
	басқаша	басқашалы	
		басқашалы ау басқашар	
басқа	басқалау басқарақ		
бастыр	бастырылы	бастырылы	
	бастырт	бастырылы	

		бастырық бастырыл		бастыр малат
	ыс	бастырығы бастырушы	бастырма ла	
баспа		бастырма бастырығы бастырышы бастырышы бастырадай бастала	басталада қ	басталада ақшы басталада ақсыз басталада ақта
			басталада т	
		басталаер		
		бастала	басталаас басталаат	
	басыл	басылық басылық	басылық қыра басылыққыр ақ	
		басылым		
		басылыс		
басқар		басқарма	басқарма дай	
		басқарғыш	басқарғышты қ	

		басқарт		
		басқарушылық		
		басқарылы	басқарылышы	
		басқарыс		
	бастық	бастықты	бастықты	
		р	рыл	
		бастықсы		
		мақ		
		бастықсыз		
	басу	басушы		
		басушылы		
		қ		
		басусыз		
		басулы		
	басым	басымдау		
		басымдап		
		басымыра		
		қ		
	басын	басымдыр		
		басындай		
		басынғыш		
		басынғанд		
		ық		
		басынды		
		басындық		
		басынт		
	басыр			
	басыс			
	басынқыр			
	а			
	басыл			
	басалқ	басалқаш		
	а	ы		
		басалқалы		

басалқы	басалқылы	
	ық	

Бас сөзінен таратқан осы туындылардың бәрі сөзжасамдық бір ұяға жатады. Ол ұяда негізгі түбірден тікелей жасалған 5-6 түбірден ғана басқа туынды түбірлер жасалмаған. **Бас** сөзінен жасалған қалған туынды түбірлердің бәрі басқа туынды түбірлердің жасалуына негіз болған.

Келтірілген үлгіде бір ғана **бас** деген сөзден 89 сөзжасамдық тізбек жасалғанын көруге болады. Ал ондағы туынды түбірлердің саны - 137. Сөйтіп, **бас** деген негізгі түбір сөз тілдегі 143 туынды түбір сөздің жасалуына негіз болған. Мұнда **бас** деген негізгі түбірдің тек жұрнақ арқылы сөзжасамға қатысы ғана сөз болып отыр. Ал оның біріктіру, қосарлау, тіркест.б. тәсілдер арқылы сөзжасамға қатысы тағы бар. Олар бұл топқа еңбейді. Егер олардың бәрі есепке алынса, **бас** сөзінің қазақ тілінің сөзжасамындағы өте өнімді элементке жататыны анықталады.

Жоғарыдағы келтірілген мысалдардан сөзжасамдық ұяның көлемі өте күүрделі болатыны көрініді. Өйткені осы бір ұяның ішінде тұрған 92 сөзжасамдық тізбек 143 туынды түбір отан анық дәлел. Қазақ тіліндегі әр сөзжасамдық ұя тек қана осындай болуы міндетті емес. Олар түрлі-түрлі. Жоғарыда сөзжасамдық тізбек туралы сөз болғанда, **бiл** етістігі арқылы жасалған 13 тізбек берілді. Олардың да бәрі - бір ұядағы тізбектер. Ондағы туынды түбірлердің де саны аз. Олай болса, сөзжасамдық ұяның түрлі екені анықталды.

Сөзжасамдық ұяның күүрделілігі оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсысы сөз жасауға неғұрлым көбірек қатысса, соғұрлым сөзжасамдық ұя күүрделі болады.

Сөзжасамдық ұядағы сөздердің бәрі түбірлес сөздерге жатады. Олар - бірінен бірі туындаған сөздер. Солардың бәрінің құрамында болатын бір ғана сөз бар. Ол әр сөзжасамдық ұядағы негізгі түбір. Сонда әр сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір болады, қалғандары туынды түбірлер.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі бірінен-бірі

тікелей жасалған туынды түбір болуы міндетті емес. Сондықтан да бір ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбек бар, өйткені бір сөзжасамдық тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалған, біріне-бірі негіз болатын сөздер ғана болады дегенбіз. Сөзжасамдық ұя үшін ондай талап қойылмайды, мұнда бір ұядағы сөздердің бәрінің құрамында бір негізгі түбірдің болуы міндетті шарт болып саналады. Оны жоғарыдағы мысалдардың бәрінен де көруге болады.

Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеу 1989 жылғы жарияланған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбектен басталады. Сөзжасамдық ұя құрамында бір негізгі түбір және одан таратқан туынды түбірлер болады. Әр сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз үнемі қатысып отырады. **Бір сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрі негізгі түбір сөзден өрбігендіктен, олар түбірлес сөздер деп аталады.** Мысалы, жел деген сөзден 105 туынды түбір жасалған (*желбегей; желбөзек; желбен; желбіре; желде; желді; желемек; желкек; желқам; желп; желсіз; желтең; желше; жеші; желік* сөздерінен тарайтын туынды түбірлер тізбегі). Бұл сөзжасамдық ұядағы барлық сөз негіз жел сөзінен тарап, бәрінің құрамында жел сөзі қатысып тұр.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір болуы міндетті емес, тек ұядағы сөзжасамдық тізбекте ғана бірінен-бірі тікелей жасалған, біріне-бірі негіз болатын сөздер болады. Мысалы, **бiл** негізгі түбірінен жасалған түбірлес туынды түбірлерді қарастырайық:

1. *бiл-бiлiм-бiлiмдi-бiлiмдiлiк*
2. *бiл-бiлiм-бiлiмсiз-бiлiмсiздiк*
3. *бiл-бiлiм-бiлiмдiр-бiлiмдiрлiк*
4. *бiл-бiлiм-бiлiмдiр-бiлiмдiрcы*
5. *бiл-бiлiм-бiлiмпаз-бiлiспаздық*
6. *бiл-бiлiм-бiлiмпаз-бiлiмпаздан*
7. *бiл-бiлiк-бiлiктi-бiлiктiлiк*
8. *бiл-бiлiк-бiлiксiз-бiлiксiздiк*
9. *бiл-бiлiгiш-бiлiгiштiк*

10. *біл-біліш-білігіші*
11. *біл-білігір-білігірлік*
12. *біл-білігір-білігірсі-білігірсін*
13. *біл-білігі-білігілік-білігілікті*
14. *біл-білідір-білідірт*
15. *біл-білігіз-білігіздір-білігіздірт*
16. *біл-білік*
17. *біл-біліс*

Осы 17 сөзжасамдық тізбектің әрқайсысы тікелей *білітүіп негіз етістіктен* туындаған. Осы сөзжасамдық ұядағы 33 туынды түбірдің бәрі бірінен-бірі туындаған сөздер емес екені белгілі, яғни, бұл ұядағы 33 туынды түбірдің бәрі *біл* түбірінен тараған, туындаған түбірлес сөздер.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды сөздердің бәрі де сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалады. Әрине, тілдегі сөзжасамдық жұрнақ атаулының бәрі бір сөзжасамдық ұядан орын алуы мүмкін емес, бірақ тілдегі барлық сөзжасамдық ұя оны қамтиды. Сөзжасамдық жұрнақтар көлемі, түрі жағынан әр түрлі болып келе береді. Мысалы:

бөл: *бөлім, бөлме, бөліс, бөлін, бөлір, бөлігіз;*

көр: *көрім, көрме, көріс, көрін, көргіз;*

өр: *өрім, өрме, өріс, өріл, өргіз;*

қой: *қойма, қойын, қойыл, қойыс, қойдыр, қойғыз.*

Бұл мысалдар 4 сөзжасамдық ұядағы 4 түрлі түбірлес туынды түбір сөздерден келтірілді. Осы мысалдарда **-ім, -ма, -іс, -ін, -дір, -гіз** жұрнақтарының 4 сөзжасамдық ұяда да қолданылып тұрғанын көруге болады.

Тілдің сөздік қорында негізгі түбір сөздерден туынды түбір сөздер әлдеқайда көп. Тілде туынды түбір сөз **түбір сөз+сөзжасамдық жұрнақ** үлгісі бойынша жасалады. Сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздер де осы заңдылыққа бағынады. Сондықтан олар да негізгі түбірлер сынды лексикалық бірлік құқында басқа туынды сөздің жасалуына негіз бола алады. Осыдан бір сөзжасамдық ұяда негізгі түбірден жасалған туынды сөздерден туынды түбірлерден тараған туынды түбірлер көп болып шығады. Мысалы, *жол* негізгі түбірінен жасалған туынды түбірлер мыналар: *жолға, жолдай, жолғақ,*

жолдас, жолды, жолдық, жолсыз, жолшы, жолшыыл, жолық - барлығы 11 туынды сөз. Осы ұядағы туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлерді келтірейік: *жолат, жолатқыз, жолаттыр, жолашы, жоларшыла, жоларшылат, жоларшылық, жолдас(ортақ етіс), жолдат, жолдаршы, жолдассыз, жолдассыздық, жолдассын, жолдастық, жолдасша, жолдасшыл, жолдасшылдық, жолсыздық, жолшыбай, жолшыбайғы, жолшылдық, жолынғыс, жолыққыз, жолыққыр, жолыққырыл, жолай, жолайғы, жолақ, жолақты, жолақсыз, жолақтап, жолақтан, жолаң, жолаңдық, жолаңғыш, жолама, жоладалы, жоладамасыз, жолап - барлығы 39* туынды сөз. Сонда негізгі сөзден тараған туынды түбірлерден тараған туынды түбірлер үш есе артып тұр. Бұл, әрине, барлық сөзжасамдық ұяда олардың арақатынасы дәл осылай болады дегенді білдірмейді, ол бірде асып, бірде кем болуы мүмкін. Бірақ анық нәрсе негізгі түбірден тікелей жасалған туынды түбірлерден ұяда туынды түбірлерден жасалған түбірлес туынды түбірлер әлдеқайда көп.

Сөзжасамдық ұяның көлемі, аумағына қарай оларды өте өнімді, өнімді және өнімсіз сөзжасамдық ұялар деп бөлуге болады. Өте өнімді сөзжасамдық ұялардың құрамы 60 туындыдан 100 және одан да астам туынды түбірлерден құралады. Өнімді сөзжасамдық ұялар 10-нан басталып 59-ға дейін, өнімсіз ұялар 2 туынды түбірден бастап, 9-ға дейінгі туынды түбірлерден құралады. Бірақ бұл шартты топтастыру өкінін ескерген жөн.

Сөзжасамдық ұяның өзіндік құрылымы бар, өте жүйелі құбылыс. Бұл құрылым сөзжасамдық ұя атаулының бәріне ортақ, оны өзгерту немесе басқаша құру мүмкін емес.

Сөзжасамдық ұяның күрделілігі оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсысы сөз жасауға неғұрлым көбірек қатысса, соғұрлым сөзжасамдық ұя күрделі болады.

Сөзжасамдық ұядағы сөздердің бәрі түбірлес сөздерге жатады. Олар – бірінен бірі туындаған сөздер. Солардың бәрін құрамында болатын бір ғана сөз бар. Ол әр сөзжасамдық ұядағы негізгі түбір. Сонда әр сөзжасамдық ұяда

бір ғана негізгі түбір болады, қалғандары туынды түбірлер.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір болуы міндетті емес. Сондықтан да бір ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбек бар, өйткені бір сөзжасамдық тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалған, біріне-бірі негіз болатын сөздер ғана болады дегенбіз. Сөзжасамдық ұя үшін ондай талап қойылмайды, мұнда бір ұядағы сөздердің бәрінің құрамында бір негізгі түбірдің болуы міндетті шарт болып саналады. Оны жоғарыдағы мысалдардың бәрінен де көруге болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөзжасамдық ұя
2. Сөзжасамдық ұяның күрделілігі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

14-Тықырып. Қазақ тілінің сөз құрамы

Жоспар:

1. Қазақ тіліндегі жалғаулар: тәуелдік, септік
2. Қазақ тіліндегі жұрнақтар

Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория тәуелдеу категориясы деп аталады. Қазақ тілінде тәуелдеу категориясы үш түрлі тәсіл арқылы жасалады: морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық) және аралас (морф. және синт. тәсіл).

Синтаксистік тәсіл **біз, сіз** есімдіктеріне ілік септік қосымшасын жаптап, оған анықталатын заттың атын білдіретін сөзді ешбір қосымшасыз-ақ тіркестіру арқылы жасалады. Мысалы, **біздің үй, біздің ел, сіздің ауыл, сіздің кілтпашана** т.б. Бұндай тіркестерді синтаксистік тәсілге жатқызамыз. Қазақ тілінде осы екі сөзден басқа бірде-бір есімдік я олардың басқа формалары бұл тәсілге маңдайласпайды, осы сөздердің көптік формалары да бұл тәсілге көнбейді (мысалы, **біздердің үйіміз, сіздердің баланыз, бірақ біздердің үй, сіздердің бала емес**).

Аралас тәсіл бұрынғы компоненттің есімдіктер ғана емес, басқа есімдерден де бола беретінділі жағынан және соңғы компоненттің үнемі тәуелдік жалғаулы сөз болатындығы жағынан (мысалы, **біздіңүйіміз, олардың балалары, қаланың бастысы т.б.**) таза синтаксистік тәсілден басқаша болады. Бұл тәсіл матасу категориясына негіз де, тірек те болумен қатар, стилистикалық өрісі мен ерекшеліктері жағынан таза синтаксистік тәсілден әлдеқайда кең, өзгеше боп келеді.

Морфологиялық тәсілде тәуелдеу категориясы екі түрлі қосымша арқылы жасалады:

- 1) **-нікі (-дікі,-тікі)** жұрнағы арқылы;
- 2) тәуелдік жалғаулары арқылы.

Мелену ұғымын тудыратын **-нікі (-дікі,-тікі)** жұрнағы тарихи жағынан алғанда, ілік септіктің **-ның (-нің,-дың,-дің,-**

тың,-тің) жалғауына және **-кі (-қы,-ғы,-гі)** жұрнағынан бірігіп пацқа болғаны мәлім. Бұл форма арқылы туаттын меншіктілік меншіктелуші заттан жеке де айтыла береді. Мысалы: **менікі, сенікі, ненікі, інімдікі** т.б.

Белгілі бір заттың кімге меншікті екенін білдіру қажет болса, сол зат иеленуші субъектіден я объектіден бұрын қолданылады. Мысалы, **үй менікі, еңбек онікі, ел біздікі** т.б. сондықтан иеленілуші зат бастауыш болады да, иеленуші субъект баяндауыш болады, мысалы: **Мына жсайылып жүрген жейлықы Базарбайдікі.**

Тәуелдік жалғау бір заттың басқа бір затқа тәуелді екендігін білдіретіндіктен, негізінде зат есімге тән қосымша бола тұрса да, субстантивтенетін сөздердің барлығына да жалғана береді. Мысалы: Түйенің **үлкені** өткелде таяқ жейді. **Тәртеуі** де орындарынан тұрысты. Ердің екі **сөйлегені** өлгені. Еріншектің **ерменібітпес.** Тәуелдік жалғаулар мыналар:

Сөздің соңғы дыбысы	I жақ	II жақ	III жақ
---------------------	-------	--------	---------

Дауысты болса, одан кейін	-м	-н (-ның,-нің)
---------------------------	----	----------------

-сы,-сі

Дауыссыз болса, одан кейін

-ым,-ім

-ың,-ің

(-ыңыз,-іңіз)

Бұл қосымшалар жалғанған сөздер өздерінен бұрын ілік септік жалғауында тұрып тіркесетін жіктеу есімдіктерімен тікелей байланысты болады. Сол себептен тәуелдеулі сөздің жақ жалғаулары да жіктеу есімдіктерінің жақтарына сәйкес келіп отырады, мысалы, менің досым, сенің досың т.б.

Сөз жекеше түрде де, көпше түрде де тәуелденеді. Егер сөз жекеше түрде тәуелденіп тұрса, бір зат бір ғана адамға тән екендігі білінеді. Ал сөз көпше түрде тәуелденіп тұрса, көп зат я бір тектес бірнеше зат бір адамға ғана меншікті екендігі білінеді. Тәуелдіктің бұл түрі онаша тәуелдеу деп аталады.

Онаша тәуелдеу үлгісі мынадай:

Жекеше	көпше
Менің ата-м, өлең-ім	ата-лар-ым, өлең-дер-ім
Сенің ата-ң, өлең-ің	ата-лар-ың, өлең-дер-ің

Жіктеу есімдіктері баяндаудың стилистикалық өрнекшеліктеріне байланысты кейде түсіріліп, кейде түсірілмей айтыла береді. Мысалы: **Сөзімді** ұғар **елім** жоқ немесе **Нұрыңмен сенің** гүлденген...

Тәуелдіктің үшінші жағы өзі жалғанған сөзді үшінші жаққа қана емес, жалпы белде жақтарға тәуелді етеді. Яғни,оның өсімдігінің орнына тиісті заттың немесе кісінің аты қойылып айтыла береді. Мысалы, Мұхтардың **кітабы**, әннің **сөзі** т.б.

Тәуелдеулі сөз өзінен бұрынғы сөзді ілік септікте қолданууды керек етсе, керісінше, кез келген ілік септіктегі сөз өзінен кейінгі сөзді арқашан тәуелдеулі формада қолданууды керек етеді. Байланыстың бұл түрін матасу деп атаймыз.

Матаса байланысуда ілік септіктің қосымшасы ашық та, түсіріліп те айтыла береді. Мысалы: **Еңбектің наны** тәтті, **жалақудың жаны** тәтті немесе **Ер қанаты-ат; Ер азығы-бітім.**

Тәуелдеулі есім сөйлемде бастауыш болса, баяндауыштың жалғауы онымен жақ жатынан қиыспайды. өйткені тәуелдеулі сөз қай жақта тұрса да, баяндауыштың жіктік жалғауы арқашан үшінші жақта тұрады. Мысалы, **анам** келді, **анаң** келді, **анасы** келді. Сонымен қатар жақ жағынан қиыстыруды керек ететін формалар да бар, мысалы, **өзім** келдім; **өзіңіз** келдіңіз; **баріміз** келдік; **барі** келді; **біреуіміз** осында болайық; **үшелің** сонда барыңдар.

Негізінен, тәуелдік форма көптік жалғаудан кейін келеді (**көпшілік, інілерім**), бірақ туыстық қатысты білдіретін кейбір сөздерде тәуелдік жалғау көптік жалғаудан бұрын да келеді (**апаңдарым-апаңдар**). Бұл форма септік және жіктік жалғаудан бұрын жалғанады, мысалы, **әкемің, нағашымсың** т.б. Тәуелдік жалғау түбір мен кейбір жұрнақтың және түбір мен кейбір көнегенген формалардың арасына да түсе береді. Мысалы, **өзіңше, шалақамнан, жүресінен, етпемізіңден** т.б.

Тәуелдік жалғаулар қосымша эмоциялық-экспрессивтік

райды я манді білдірерліктей де міндет атқарады. Мысалы, **жарығым, сәулешім, ботақаным** т.б.

Тәуелдік жалғаудың ІІІІ жақтарының қосымшалары да қолданылу ерекшеліктеріне қарай, құрметтеу не сыйлау, мысқылдау не қомсыну сияқты қосымша экспрессивтік рен жамайды. Мысалы: Арыстанның алдынан бір аяғынан айрылып, **Қаскөң** де ерөн шықты. Мына сөз қолдануы да жиі кездеседі: жаман **ағаң**, жаман **інің** т.б. Осы категорияның өзіне тән ерекшелігі де тәуелділіктің үшінші жағынан да байқалады. Мысалы: Қай төрелерді айтасыз, **ағасы?** **Байкестеу**, үйге жүріңізші.

Септік жалғаулары **категориясы.** Қазақ тіліндесөйлемдегі сөздерді бір-бірімен септестіріп, жалғастырып, байланыстырып тұратын қосымшаларды **септік жалғаулары** деп атайды. Ал ондағы сөздердің септік жалғауларын қабылдап, өзгерілу жүйесін **септеу** немесе **сөздердің септелуі** дейді.

Қазақ тілінде сөздер екі түрде септеледі – **жай септеу** және **тәуелді септеу**. Септік жалғаулары негізінде зат есімдерді және зат есім қызметін атқаратын өзге сөздерді сөйлемдегі етістік мүшелермен байланыстырады. Етістік мүшемен байланыспай, тәуелдік жалғаулы есім сөзбен байланысатыны тек ілік септік жалғауы ғана. Септік жалғауларының ішінде шылау сөздермен тіркесіп, солар арқылы мағыналарын айқындап, солар арқылы өзге сөздермен баспалақтап жалғасатындары бар.

Зат есімдер және олардың қызметтерін атқаратын басқа есім сөздер тәуелденбей де, тәуелденіп те қолданылуларымен бірге септеліп те жұмсалады. Олар екі түрлі үлгі бойынша септеледі: 1. Жай септеу. 2. Тәуелді септеу.

Жай септеу деп септік қосымшаларының тікелей зат есімдердің және басқа есім қызметін атқаратын сөздердің тұра түрлеріне жалғануын айтамыз. Тәуелді септеу деп септік жалғауларының зат есім немесе зат есім қызметін атқаратын басқа сөздердің тәуелді түрлеріне жалғануын айтамыз.

Жай септеуде де, тәуелді септеуде де 7 түрлі форма бар да, 6 түрлі жалғау бар.

1. Атау септік. Арнайы қосымшасы болмайды, бұл септік

болып бір затты атау үшін ғана емес, кең прагматикалық қолдану атқаратындықтан, арнайы талдайтын негізгі форма ретінде қаралып, негізгі септік деп аталады.

Атау формадағы сөз кім? кімдер? не? нелер? Деген сұрауларға жауап береді де, жекеше, көпше және тәуелді түрлерде де қолдана береді. Атау септіктегі сөз сөйлемде бағытауыш болады. Атау септік формасындағы сөздер, әдетте, септеулік шылаулармен де жұмсала береді. Ондай жағдайда атау формадағы есімнің мағынасына да, қызметіне де елеулі өзгерістер енеді. Атау формалы сөзге тіркесіп қолданылатын шылаулар мыналар: үшін, арқылы, туралы, сияқты, секілді, сойын, жайында, бойы, бойынша, құрлым, түгіл т.б.

2. Ілік септік меңгеру я меңгерілу жағынан тікелей етістікке қатынаспайды, әрқашан соңғы тәуелдеулі есім сөзбен я субстантивтенген сөзбен байланысты болады. Атау формадағы әрбір сөзге жалғанатын ілік қосымшасы я меншікті, я басқа бір қимыл қатынасты білдіреді. Мысалы: баланың добы-меншіктілігі; Абай көшесі-қатыстық мағына

Ілік септігі жалғанып та, жалғанбай да тұрады, олардың мағынасында айырмашылық болады, қай жағдайда да бұл сөздер сөйлемде анықтауыш болады.

Ілік септіктегі сөз өзінен соңғы тәуелдеулі сөзбен тіркесіп барып күрделі мүше қызметін де атқарады. М.: Үй ішінің өңірмесі осымен аяқталды.

3. Барыс септік. Бұл септіктегі сөз әрқашан етістік мүшемен тікелей де жанапай да байланысып, негізінде, қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді (Ауылға кеткен. Кітап алуда кетті). Барыс септіктегі сөз мағынасына қарай сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та болады.

Барыс септіктегі сөздер сөйлемнің бірінші мүшелері болғанда, олардың қосымшалары жай септеуде де, тәуелді септеуде де бәріне де бірдей жалғанып, я тек соңғысына ғана жалғанып та қолданылады. Мысалы: Үлкен ақ үйдің терме баулары барқыт пен жібекке, кесте мен оюға, бояу мен сырға орап қойғандай.

4. Табыс септік. Бұл септіктегі сөз етістікпен байланысып, сөйлемде тұра толықтауыш болып қызмет атқарады. Табыс

септік жалғауы да бірде ашық, бірде жасырын түрде қолданыла береді. Жасырын тұратын табыс жалғаулы сөз сыртқы форма жағынан атау септіктегі сөзбен түрлес болғанымен, арқашан сабақты егістіктегі тіркесіп, сөйлемде тура толықтауыш болады да, күрделі мүшенің құрамына енеді. Мысалы: Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шаппақ.

Табыс септіктегі сөздер сөйлемде бірыңғай мүше болғанда, олардың қосымшалары жай септеуде, тәуелді септеуде я бәріне бірдей қосылады, я басқаларынан түсіріліп, тек соңғысына ғана жалғанып айтылады.

5. Жатыс септік. Бұл септіктегі сөздер негізінде, көлемдік, мекендік және мезгілдік мағына береді, осыған сәйкес сөйлемде беретін мағынасына қарай жанама толықтауыш та, мезгіл пысықтауыш та, кейде орнына қарай баяндауыш та болады.

Мысалы: Аспанды жапқан қара бұлт әлем-таптырақ көшуде. Сөйлемнің бірыңғай мүшесі болғанда, олардың қосымшалары түсірілмей де, түсіріліп те қолданыла береді.

6. Шығыс септік. Бұл септік іс-амал, қимыл-әрекеттердің шыққан орнын, себебін, мезгілін, мөлшерін және басқа ар қилы мағыналарды білдіреді. Олар сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та болады.

7. Көмектес септік. Бұл септік іс-амалдың құралы мен тәсілін, мекені мен мезгілін, ортақтау, бірлесу, астау, ұштау сияқты жай-күй қатынастарын және ар алуан мағыналарды білдіреді. Сөйлемде пысықтауыш та, толықтауыш та бола береді. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері болған кезде олардың арқайсысына да, соңғысына да жалғана береді.

Жұрнақтар. Сөз тудыратын жұрнақ өзі жалғанған сөзден (түбірден) лексикалық мағынасы басқа жана сөз тудырады. Ондай әрбір жұрнақтың өзі-өзіне тән грамматикалық мағынасы, формасы және қызметі болуы күмәнсіз. Мысалы: *Келімен не едің жол тосып, жолыңуға аулаққа* (Абай) дегенде *жол* және *жолыңуға* сөздері өзара мағыналық та, формалық та айырмашылық көрінеді, *жол* сөзінен **-ық** жұрнағы арқылы жасаған *жолық* сөзінің лексикалық мағынасы басқа, оның үстіне *жол* зат есімі **-ық** жұрнағы

арқылы егістікке айналды да, сөзді таза лексикалық жағынан қана емес, лексика-грамматикалық тұрғыдан да өзгертетіні айтырылады. Яғни, жұрнақтар белгілі бір сөз табына және оның ішіндегі белгілі тобына (категориясына) телулі болады (М.: *көк-көкшіл* (сын есім), *үй-үйшік* (зат есім)).

Мағыналары мен қызметтеріне қарай жұрнақтар сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деген екі салаға бөлінеді.

Түбірге сөз тудыратын жұрнақ жалғанғаннан кейінгі форма туынды негіз немесе туынды түбір деп аталып жүр. Жұрнақтар сол негізге де, сол негізден туған жаңа негізге де көзетіне қарай жалғана береді. Мысалы: *егіншілік* деген сөз *ек* деген егістік түбірге әуелі **-ін**, одан кейін **-ші**, **-лік** жұрнақтары қосылудан туған. Жұрнақ арқылы туған сөздер туынды сөздер деп аталады.

Форма тудыратын жұрнақтарды мағыналары мен қызметтері жағынан сөз тудыратын жұрнақтар мен сөз байланыстыратын жалғаулардың екі арасындағы, екеуінің де ерекшеліктеріне жуықтайтын категория деп қарауға болады. Дегенмен форма тудыратын жұрнақтар сөз байланыстыратын қосымшалардан гөрі сөз тудыратын қосымшаларға жақынырақ. Өйткені форма тудыратын қосымшалардың өзі жалғанған сөзге үстейтін жаңа мағынасы сол сөздің барлық формасына өзек болатын негізгі лексикалық мағынасын өзгертпейді, демек, форма тудыратын жұрнақ сөзден, өзі жалғанғаннан кейін де, сол сөздің (түбірдің я негіздің) негізгі лексикалық-семантикалық қазығынан алшақ әкетпейді (М.: *кел, келіме, келер, келмек* т.б.).

Туынды сөздердің құрамындағы жұрнақтар белгілі бір мүше бойынша рет-ретімен жалғанады. Әуелі сөз тудыратын жұрнақтар, олардан кейін форма тудыратын жұрнақтар жалғанады (М.: *егіншілерімізге*).

Жұрнақтар құрамы жағынан бір дыбысты да, көп дыбысты да бола береді. Мысалы: *сұра-қ, сын-а, сөйле-м* сөздері бір жұрнақтан жасалған. Екі дыбысты, көп дыбысты жұрнақтарға мына мысалдар жатады: *түс-ім, сүзбе, шап-қы; үз-інді, адам-шылық* т.б.

Құрылымы мен құрамы жағынан журналдар жалпақ журналдар және құранды журналдар болып екі салаға бөлінеді. Жалпақ журналдар деп мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бүтін журналды айтамыз. Мысалы: білім, кесіп, малшы, әкелік. Мағына жағынан бір бүтін бола тұрса да, құрамы жағынан кемі екі я одан да көп жалпақ журналдардан құралып жасалған журналдар құранды журнал болады. М.: **жасайшылық, басшылық, тұрғылықты** сөздеріндегі журналдар – құранды журналдар. Мұндағы **-шылық** жұрнағы **-ша** және **-лық** формаларынан, **-ғылықты** жұрнағы **-ғы-лық-ты** морфемаларынан құралып, біріккендіктері – түлғаларынан көрініп тұр (**-нікі,-дікі, -тікі** жұрнағы ілік септігі мен сын есімнің-кі жұрнағының қосылуы арқылы жасалған).

Шығу төркіні жағынан бір-бірімен байланысты кейбір журналдар мағыналары я бірдей, я жақын болғанымен, бірде сөз тудыру қабілетіне қарай, бірде стилистикалық реніне қарай ерекшеленіп келеді. Мысалы: **-лық** және **-шылық** жұрнақтары өзара форма жағынан да, мағына жағынан да қаншалықты жақын болғандарымен, сөз тудыру қабілеті жөнінен де, стилистикалық ерекшелігі жөнінен де бірдей емес.

Мысалы, **Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын** дегендегі **жоқтық, тоқтық** сөздерінің орнына **жоқшылық, тоқшылық** сөздерін қолдануға болмайды. Сөздерде болатын синонимдік қасиет журналдарда да болады. Мысалы, **-қыш,-ғыш, -кіш,-гіш,-шак,-шек, -қақ,-көк, -тек, -қыр,-ғыр,-кір,-гір** журналдары өзара мағыналас. **Мақтаншақ мақтанғыш, біліш-білір, көргіш-көреген** т.б.

Негізінде бір ғана мағынаны білдіретін журналдармен қатар, олардың іштерінде кемі екі не одан да көп мағынаны білдіретіндері де бар. Оларды көп мағыналы (полисемиялық) журналдар деп атаймыз. Мысалы, **-қақ(-тақ,-көк,-тек)** жұрнағы етістікке жалғанып, семантикалық-трамматикалық қызметтері екі басқа екі топ сөздер тудырады. Мысалы, **майысқақ, жабысқақ, майпақ** сияқтылар сын есімдер болады да, **көкөкөк, іскек, ілгек** тәрізділер зат есім болады.

Журналдардың ішінде дыбысталуы(айтылуы) мен танбалануы (жазылуы) бірдей болғанымен, негізгі

мағыналары да бір-бірімен байланыспайтын, ұштаспайтын тілді басқа-басқа бір алуан журналдар бар, олар омоним журналдар деп аталады. Малшы, **тігілші, мергеліші**-негізгі және туынды есімдер, **байқашы, аяшы** сөздеріндегі, сондай-ақ **келші, келінші** формаларындағы **-шы,-ші** қосымшасы етіліктерге жалыну, тілену мағынасын жамап тұрса, **бармақшы, келмекші** дегенде **-шы,-ші** жұрнағы мақсаттың ролынағы түрде жүзеге асырылу мағынасын үстейді.

Омоним журналқа тағы бір мысал, бұл **-Қ(-ық,-ік,-ақ,-өк)** жұрнағы.

1. **Қазық, бұйрық, тлілек, көрік, қонақ**- туынды зат есімдер;
2. **Ортақ, атақ, тікөнек, түнек**- есімдерден туған зат есімдер;
3. **Бөлек, сүрек, арттық, сынық, үзік, бітік**-етістіктен туған сын есімдер;
4. **Қалтақ, жалтақ, елпек, балпақ**- еліктеуіштерден туған сын есімдер;
5. **Саулық, дәнлік, өшік, зарлық, кезік**- есімдерден туған етіліктер;
6. **Көнік, шырлық, қанық, торлық**- түбір етістіктен туған туынды етіліктер;
7. **Толық, тынық, жабық, қыздық** етіліктері әрі есім, әрі етілік болып, **жесік, ынтық, қырсық** сөздері есімнен жасалып, әрі етілік, әрі есім ретінде қызмет етеді.

Сонымен журналдар мынадай топтарға бөлінеді:

1. Тілдің өз материалынан я басқа тілден енген материалдан шыққандығына қарай, олар төл және кірме журналдар болып өңге бөлінеді.
2. Ерте я кеш шығып қалыптасуына қарай көне және жаңа журналдар.
3. Қазіргі кезде сөз тудыру қабілеттерінің бар я жоқтығына қарай тірі және өлі журналдар.
4. Құрамдарындағы морфемалардың дара я күрделі болуына қарай жалпақ және құранды журналдар.
5. Мағыналық жағынан бір не бірнеше мағынаны білдіруіне қарай дара (моносемиялық) және көп (полисемиялық).
6. Қазіргі кезде сөз тудыру жағынан өнімді я өнімсіз

боюларына қарай құнарлы және құнарсыз.

Жұрнақтардың шығу төркіндерінде де, даму және қалыптасу тарихында да, беретін мағыналары мен атқаратын қызметтерінде де қаншалықты ерекшеліктері мен өзгешеліктері бола тұрса да, олар жұрнақтардың жүйелі категория екенін көреміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тіліндегі жалғаулар: тәуелдік, септік
2. Қазақ тіліндегі жұрнақтар

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Ысқақов А.** Қазіргі қазақ тілі. Морфология. -А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. -А., 1967.

15-тақырып: Сөз таптары

Жоспар:

1. Сөз таптары
2. Олардың түрлері

Сөздерді грамматикалық сипаттарына қарап, оларды, ең алдымен, *грамматикалық сөз топтары* деп танып жүрміз.

Сөз таптарының, олардың грамматикалық категорияларының өзара қарым-қатынастарынан тіліміздің грамматикалық ерекшеліктері туады. Ал, сол ерекшеліктерден оның грамматикалық құрылысына тән алуан түрлі грамматикалық құбылыстардың бірлігі құралады.

Сөз табы деп жалпы лексикалық- грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздердің тобын айтамыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер 9 топқа бөлінеді:

1. Зат есім;
2. Сын есім;
3. Сан есім;
4. Есімдік;
5. Етістік;
6. Үстеу сөз;
7. Еліктеу сөз;
8. Шылау сөз;
9. Одағай.

Зат есім. Зат есімдер тікелей сөзім арқылы тануға болатын дүниедегі нақтылы нәрселерден (су, тағам, дауыл, жел, жылқы, төрек, жол, у-шу, айқай, жейде т.б) бастап, адамның тек ақыл-ой қабілетінің жәрдемі нәтижесінде ғана түсінетін түрлі объектіге ұғымдардың (наным, нарық, мінез-құлық, ырым, пікір, ырыс) аттарын да білдіре алады.

Зат есімнің лексикалық-семантикалық өрісінің кең өкпелігін оның құрамына енетін сөз топтары арқылы анықтауға болады.

1. Күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар мен

нәрселердің аттары (ыдыс-аяқ, киім-кешек, қасық, табақ, кереге, жүген);

2. Тағам аттары (сорпа, қазы-қарға, жент, нан, тұз, ет, шұжық сүт, өрік, мейіз)

3. Жан-жануар аттары (жылқы, түйе, акбөкен, киік, ит, қасқыр)

4. Өсімдік атаулары (бидайық, тобылғы, қайың)

5. Табиғат денелері мен құбылыстары (ай, жұлдыз, жауын, боран, аяз)

6. Адамның кәсібі, тегі, мамандығы, қабілеті, қоныс-тұрағы (мұғалім, тілші, дикан, қызметкер, саятшы, керей, найман, қазақ орыс, саудагер)

7. Тұрмыс-салт, әдет-ғұрып сөздері (айтыс, көкпар, шілдехана, жар-жар, қыз қуу)

Тұлғасы жағынан зат есімдер түбір тұлғасы да (бас, қол, су, жол), туынды да (басшы, бағбан, егін) бірігуі арқылы да (бірқазан, көрікыз, өнеркәсіп) қос сөз тұлғасы да (ер-тұрман, бала-шаға, қыз-келіншек) тіркесті де (темір жол, сары шатыр) түрінде қолданыла береді.

Адамға қатысты есімдерге кісінің аты-жөнінен бастап оның барлық әлеуметтік, қоғамдық, жай-күйін, хал-ахуалын білдіретін атаулар (ағайын, жекежат, қарындас, құдаша, дәрігер, көрші-қолаң, жарлы, бай т.б.) **адамзат атаулары** деп аталады да, адамнан өзге өлі және тірі табиғат біткеннің бәріне қатысты атаулар (жартаc, төбе, шыбын-шіркей, үміт, тілек) **ғаламзат есімдері** деп аталады. Адамзат атауларына кім? Деген сұрақ қояды. Адамзат есімдерінің жіктелу үлгісі арқылы ерекшелік танылады.

Қазақ тіліндегі зат есімдер семантикалық сипаты жағынан жалпы және жалқы есімдер деп бөлінеді. *Жалпы есімдер* деп – бір-біріне ұқсас нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың жалпылама атауышы, ортақ атауы ретінде жұмсалатын сөздерді, ал *жалқы есім* деп – жеке адамдарға, дүниедегі жеке заттар мен құбылыстарға, яғни біркелкі заттар мен құбылыстардың жеке атауларын айтамыз.

Жалпы есімдер әлдеқайда мол әрі әр алуан. Тіпті грамматикалық ерекшеліктері де бар. Мәселен: жалқы есімдер

көптелмейді, жалпы есімдер көптеледі, жалпы есімдер көптелгенде көптік мағынадан басқа мағына береді. Мысалы: Абайлар ауылдан ұзап барады – мағына топтық. *Жалқы есім бөліктің сөздер тобы:*

1. Кісінің аты-жөні мен лақап аты – Абай, Мағжан, Балұан Шолпан, Қожанасыр, Мәке, Саке.

2. Географиялық және әкімшілік территориялық атаулар, көшпөрындар мен мекемелер, қоғамдық ұйымдар атауы. Ұлытау, Шымкент т.б.

3. Әдебиет, өнер және ғылым шығармалар және газет журнал аясындағы атаулар. «Абай жолы», «Саржайлау», «Жас алды», «Жұлдыз» т.б.

4. Тарихи оқиғалар атаулары. Ақтабан шұбырынды, Ұлы Отан соғысы.

5. Лауазым, мадақтау игерлері, мадақтау белгілері атаулары. Совет Одағының Батыры, ҚР Президенті, Парасат ордені.

6. Аспан, ғарыш әлеміндегі денелердің жеке аты. Ай, күн. 7. Ұй жануарларына қатысты атаулар. Тайбурыл, Құлагер.

Есімдердің көптік мәнде болуы синтаксистік тәсіл арқылы көпартылатындықтан, ешқандай да көптік жалғауынсыз көптік мағына беру бірқатар зат есімдерге тән. Мысалы: Шапымды осы сұсабынмен жуамын. Құмның үстінде су шашып ойнауда. Етік аяғыма шап-шақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1. Сөз таптары жайлы түсінік.
- 2. Олардың түрлерін көрсет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. **Ысқақов А.** Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
- 2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
- 3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

16-тақырып: Етістік

Жоспар:

1. Етістік категориялары: етіс, рай
2. Етістік категориялары: шақ, жақ

Семантикалық жағынан тілімізде қимылды, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты, жай күйді білдіретін сөз табын етістік дейміз.

Етіс категориясы. Етіс – қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы. Мысалы: Ол баласына хат жазды. Бұл хат көше жазылды. Баласына хатты маған жаздырды.

Өздік етіс- қимыл, іс-әрекеттің орындаушыға, субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке –ын,-ін,-н қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: көр-ін-ді, шеш-ін-ді, тара-н-ды.

Ырқысыз етіс – қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп қимыл, іс-әрекеттің тура объектіге оның грамматикалық бастаушы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден –ыл,-іл,-л қосымшасы, түбір құрамында –л- дыбысы болса, -ын,-ін,-н қосымшасы арқылы жасалатын етістік түрі. Мысалы: Кітап оқылды. Ұй тазағанды. Сөз сөйленді. Хат жазылды.

Өзгелік етіс – қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъект арқылы істелінетіні білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс түрі. Етістікке 1)-дыр,-дір,-тыр,-тір,-ыр,-ір: 2)-ғыз,-гіз,-қыз,-кіз: 3)-т: 4)-сет жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: жаз-дыр, ас-ыр, айт-қыз, жаса-т, көр-сет.

Ортақ етіс – қимыл, іс-әрекетті бір емес, біреумен бірлесіп, ортақтасып істейді. Түбір етістікке –ыс,-іс,-с жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: жаз-ыс-ты, бөл-іс-ті, оқы-с-ты.

Рай категориясы. Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетіне қарағанын, қимылдың іс-әрекетке шындыққа, болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіріп, белгілі парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы рай категориясы.

Ашық рай – сөйлеушінің шындыққа қатысы үш шақта болуы.

Бұйрық рай – іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді. Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы жасалады.

Шартты рай – қимыл, іс-әрекеттің болу болмау, орындау мүмкіндігін, шартын білдіріп, етістік түбіріне лексика-грамматикалық категориялар тұлғаларына –са,-се қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мағыналары: шартты, қарсылықты, тілек арман. Мысалы: Күн ашық болса тауға шығамыз.

Қалау рай – сөйлеушінің іс-әрекетін орындауға я орындамауға қалау, тілек, ниет, ынғасын білдіріп белгілі қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Жасалуы: етістік+ғы,-гі,-қы,-кі +тәуелдік жалғауы+кел етістігі. Мына қосымшалар да қалау рай жасайды: 1-ғай,-тей,-қай,-кей 2.-са,-се,-ні еді.

Сөйлеп тұрған сөтке байланысты қимылдың өту мезгілін білдіру **шақ** деп аталады. Сөйлеп тұрған сөзбен байланысты қимылдың мезгілі, шақтық мағынасы мынадай болуы мүмкін: 1. Үнемі қайталанатын, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет. 2. Сөйлеп тұрған сөзбен бұрын кеткен қимыл, іс-әрекет. 3. Сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін әйтеуір болуға тиісті қимыл, іс-әрекеттер.

Етістіктің **осы шақ, өткен шақ, келер шақ** деген үш түрі бар. **Осы шақ** – сөйлеп тұрған сөтке байланысты, яғни сол сөзге болып жатқан қимылды білдіреді. Осы шақтың екі түрі бар: **Нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ.** **Нақ осы шақ** – дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Жатыр, отыр, жүр, тұр сәлт етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. **Ауыспалы осы шақ** – күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді. Жасалуы: а-е-й жіктік жалғауы.

Өткен шақ – қимылдың іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сөзбен

бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Оның мынадай үш түрі бар: **жедел өткен шақ**, **бұрынғы өткен шақ**, **ауыспалы өткен шақ**. **Жедел өткен шақ** – іс-қимылдыңжулық арада болғанын білдіреді.Жасалуы: етістік-ды,-ді,-ты,-ті жіктік жалғауы.**Бұрынғы өткен шақ** – іс-қимылдың жалпы болғанын білдіреді.Жасалуы: етістік- ған,-ген,-қан,-кен,-ыл,-іл,-п- жіктік жалғауы. **Ауыспалы өткен шақ** – сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді. Жасалуы: етістік – атын,-етін,-йтын,-йтін – жіктік жалғауы.

Келер шақ – қимылдың, іс-әрекеттіңсөйлеп тұрған сәттен, мезгілден кейін болатынын білдіреді.Олар **болжалды келер шақ**, **мақсатты келер шақ**, **ауыспалы келер шақ** болып үшке бөлінеді. **Болжалды келер шақ** – іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді. Жасалуы: ет-ар,ер,-р – ж.ж. **Мақсатты келер шақ** – іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді. Жасалуы: ет – мақ-мек,-бақ,-бек-ж.ж.

Ауыспалы келер шақ – алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.Жасалуы: ет – а,-е,-й –ж.ж.

Жақ категориясы. Жақ ұғымы қимыл, іс-әрекеттің қай жақ арқылы іске асатынын немесе белгілі қасиеттің қай жаққа қатысты екенін я қасиеттің иесі қай жақ боп тұрғанын білдіру болып табылады да, оның мәні екі сөздің, сұбъекті мен предикаттың арасындағы семантикалық және грамматикалық қатынас пен қызметтен көрініп, айқындалады.

Түркі тілдерінде **түр** көмекші етістігі 3 жақ жіктік жалғауындағы –ды,-ді,-ты,-ті формасына сәйкес келеді.Өйткені I, II жақтағы (мен, сен) жіктеу есімдігіне сай келіп, түрі өзгеше болатыны сондықтан. Жіктік жалғауының түрі – 3.1.толық түрі:бар-ған-мын, бар-ар-мын, бар-а-ды. 2.қысқа түрі: бар-ды-ң, бар-са-ң, бар-са. 3.бұйрық рай тұлғасына жалғанған түрі: бар-айын, бар, бар-ыңыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Етістік категориялары: етіс, рай
2. Етістік категориялары: шақ, жақ

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Ысмақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана,2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

17-тақырып: Үстеу, шылау сөздер

Жоспар:

1. Үстеудің лексика-семантикалық сипаты
2. Үстеудің семантикалық топтары
3. Шылаулардың морфологиялық сипаты
4. Шылаудың түрлері: жалғаулық, септелік және демеліктер

Қазіргі қазақ тіліндегі Үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал -тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөз табы. Мысалы: Абай **биыл** (қашан?) он үшке толған еді.

Үстеулер етістікпен тіркесіп, пысықтаушы қызметінде жұмсалыады. Кейбір үстеулер субстантивтенеді, яғни, түрленеді. Мысалы: бүгінгіміз беймаза, өткеніміз өкініш пе? Бүгіндері тек ыммен түсініседі.

Үстеудің арнайы түрлену жүйесі және грамматикалық категориялары болмайды.

Құрамы жағынан түбір үстеулер, туынды үстеулер, күрделі түбір үстеулер боп бөлінеді.

Негізгі үстеулер – жылдам, әрең, бұрын, ұдайы, кеш, енді, қазір, әрі, дәл, тез т.б.

Негізгі үстеулердің көпшілігіне сын есімнің шырай жұрнақтары жалғанады. Мысалы: бұрынғырақ, кешірек, төменірек, төмендеу, жылдамдау.

Туынды түбір үстеулер деп – басқа сөз таптарынан сөзжасама жұрнақтарының жалғануы арқылы, кейбір септік жалғауларының көнеленуі, яғни, түбірге сіңісіп кетуі арқылы жасалған үстеуді айтамыз. Мысалы: Қазақша сөйлепті. Бұлбұлайын сайрайды.

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері арқылы жасалған туынды үстеулер: босқа, текке, бірге; түнде, күнде, баяғыда, қапыда, лезде; шалқасынан, етпетінен, кенеттен, ертемен, таңертеңмен т.б.

Үстеудің семантикалық топтары: мезгіл, мекен, мөлшер, ыңи-қимыл (бейне), күшейтпелі, мақсат, себеп-салдар, толғау.

1. *Мезгіл* – қимылдың мезгілін білдіреді. Сұрағы: қашан? Қашаннан бері? Бүгін, ала жаздай, қыстығүні.

2. *Мекен* – қимылдың орны мен бағытын білдіреді. Сұрағы: қайда? Қалай қарай? Қайдан? Ілгері, осында, төмен, әрі, бері.

3. *Себеп-салдар* – қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді. Сұрағы: неге? Не себепті? Неліктен? Амалсыздан, дажсыздан.

4. *Сын қимыл (бейне)* – қимылдың жүзеге асу амалдарын білдіреді. Сұрағы: қалай? Қайтпін? Қалайша? Емін-еркін, әрең.

5. *Мөлшер* – қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді. Сұрағы: қанша? қаншама? Қаншалық? Қаншалалап? Сонша, неғұрлым, бірғұлай, біраз.

6. *Күшейтпелі* – қимылдың белгісі мен сапасын тым күшеітпін не солғындатып көрсетеді. Сұрағы: қалай? Қандай? Ың, тым, аса, нағыз, кілен.

7. *Мақсат* – қимылдың болу мақсатын білдіреді. Сұрағы: қалай? Не мақсатпен? әдейі, қасақана, жорпта.

8. *Толтау* – топтық сипаттын білдіреді. Сұрағы: нешеден? Қаншадан? Біреуден, екеуден, көптен, қос-қосстап.

Тілмізде толық мағыналық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстеу үшін қолданылатын сөздерді шылау дейміз. Мысалы: болар ма сондай қызық шақ? Ел билеген адам жоқ, ата менен бабанда.

Шылау ерекшеліктері:

1. Толық лексикалық мағынасы болмайды.

2. Көптекте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, түрлі грамматикалық рен үстейді.

3. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

4. Сөйлем ішінде синтаксистік қызметіне қарай жеке сөйлем мүшесі болға алмайды.

5. Шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ

арқылы жасалмайды. Олар лексикалық мағынасынан айырылу негізінде қалыптасқан көмекші сөздер.

Шылғаудың түрлері: жалғаулық, септеулік және Демеуліктер

1. *Жалғаулықтар* – лексикалық мағынасы жағынан, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі мағыналық қатынаста салыстыра байланыстыратын сөздер. Мысалы: Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй.

А.Ыңғайластық жалғаулықтар – мен, және, да, де, әрі.

Ә.қарсылықты жалғаулықтар – бірақ, дегенмен, айтпесе.

Б.Талғаулықты жалғаулықтар - әлде, біресе, болмаса, немесе.

В.Себең-салдар мәнді – себебі, өйткені, неге десен.

Г.Шартты мәнді жалғаулықтар – егер, егер де, онда.

2. *Септеуліктер* – қазіргі қазақ тіліндегі септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бірін екіншісіне бағындыра, яғни, сабақтастыра байланыстырып, өзінің алдында тұрған толық мағыналы сөздердің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық, мезгілдік, мекендік, мақсаттық, қатынастарды білдіреді. Мысалы: Ел үшін еңбек ет. Ана тілі халық тілі болып жасалғаннан бері адам жан дүниесінің айнасы.

Септеуліктер сөздердің мына тұлғаларынан кейін жалғанады. 1.Сөздің түбірі я негіз тұлғасы сөзбен тіркесетін септеуліктер – үшін, сайын, сияқты, туралы, жайында, шамалы, шақты. 2.Барыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер – дейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта, таяу. 3.Шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер – кейін, соң, төрі, бері, бұрын, әрі, бетер. 4.Көмектес септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер – бірге, қатар, қабағ.

3. *Демеуліктер* - өзі шылауында тұрған сөздерге әр түрлі грамматикалық мағына, реңк үстейтін модалдық – экспрессивтік сипаты зор, семантикалық мүмкіндігі мол сөздер.

Демеуліктер негізгі сөзге үстейтін мағыналарына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1.Сұраулық – ма,ме,ба,бе,па,де,ше. 2.Күшейтпелі – ақ, ай, ау, әсіресе,да,де,та,те. 3.Шектеу (тежеу) – ғана (қана), тек, ақ. 4.Болжалдық - мыс, міс, ау. 5.Болымсыздық,

қарғы мәнді, салыстыру мағынасындағы – түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрылым. 6.Нақтылау мәнді – қой, ғой, ды, ді, ты, ті. 7.Көмекші мәнді – екеш.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үстеудің лексика - семантикалық сипаты
2. Үстеудің семантикалық топтары
3. Шылғаулардың морфологиялық сипаты
4. Шылғаудың түрлері: жалғаулық, септеулік және демеуліктер

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

18-тақырыбы: Еліктеу сөздер мен одағай сөздер

Жоспар:

1. Еліктеуіш сөздер
2. Бейнелеуіш сөздер
3. Одағайлар. Түрлері
4. Одағайлардың ерекшеліктері
5. Одағайдың синтаксистік қызмет

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сыр-сипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан окшауланып тұратын, соған сәйкес сөз табы ретінде қаралатын сөздер **еліктеуіш сөздер (мимема)** деп аталады.

Еліктеуіш сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын ар алуан дыбыстармен байланысты болса, табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты. Сондықтан еліктеуіш (арс, гүрс, шырт, дүңк, санқ) және бейнелеуіш (жалп, желп, жүлт) сөздер.

Еліктеуіш сөздер - өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы, морфологиялық тұлға тұрпаты бар, дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де, көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанбайтын (түрленбейтін), сөйлемде арқашан сын-қимыл пысықтауыш болатын және бастапқы түбірлерінен жұрнақ арқылы туынды есімдер және етістіктер жасалатын сөздер.

Бейнелеуіш сөздер

Бейнелеуіш сөздер деп – табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және неше алуан жан-жануарлардың сыртқы сын сипаттары мен әрекет қимылдарын көру қабілеті арқылы қабылданған бейне-көріністердің атауларын, яғни, атаулары ретінде қызмет ететін сөздерді айтамыз.

- Негізгі еліктеуіш сөздер – ар, ырс, бырс, бұлт, күмп, елп, мырс, селк, жарқ.
- Туынды еліктеуіш сөздер – алшан, арбан, елпен, қалтан.

- Атауыш сөздерге –атар-аң, дәл-аң, домала-ң, көлбе-ң.
- Жеке қолданылмайтын сөздерге – арба-ң, кірж-ің, қайқ-аң, шұба-лаң.

Негізінен, пысықтауыш, құранды мүшенің құрамында баяндауыш болып анықтауыш та болады. Субстантивтеніп толықтауыш, анықтауыш, бастауыш та болуы мүмкін.

Одағайлар. Түрлері

Одағай сөздер адамның көңіл-күйін, сезімін білдіру мақсатымен ғана емес, сонымен қатар басқа біреуге бұйыру, ишара білдіру немесе малды, үй хайуандарын шақыру, айдау, қорғау мақсатында қолданылады. Олар 3 топқа бөлінеді:

1. Көңіл-күй одағайлары.
2. Императивті одағайлар.
3. Тұрмыс-салт одағайлары.

Олардың жеке-дара лексикалық мағынасы болмайды, ниеті ұғымдық мәні жоқ сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысқа түспейді. Сондықтан олар окшау сөздерге жатады. Дегенмен сөйлеушінің көңіл-күйін, императивті мәнін білдіреді.

1. *Көңіл-күй одағайы.* –Алақай! Бәрекемді! Оһо! Һә! Паһ-паһ!
2. *Императивті ишара одағайы.* – адамға байланысты айтылатын түрі: Айда!Тәйт! Сап-сап! Жә! Тек! Әлді-әлді! – малға, үй хайуанттарына байланысты айтылатын түрлері: Айттақ! Моһ-моһ! Шәре-шәре!
3. *Тұрмыс-салт одағайы.* – Хош! Хайыр! Рақмет!

Ассалаумағалейкум! Күпі! Ләббай! Кеш жарық! Тұлғасына қарай одағайлар негізгі және **туынды** болып екіге бөлінеді.

Негізгі одағайларға: ау, па, ей, ай, е, уа, уау, я, пай, а, о, оһо, не, аһа, у, беу одағайлары жатады.

Туынды одағайларға: мессаған, бәрекемді, әттеген-ай, жаракімалла, масқарай, о тоба, астапыралла, ой тобай т.б. жатады.

Одағайлардың ерекшеліктері:

1. Одағайларда дербес лекси-лық мағына болмайды. Мысалы: пәлі, әттен, ойпырғымай т.б.
2. Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық

байланысқа түспейді. Мысалы: Қал, соны күшік кезінде атып тастау керек еді.

3. Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды. Мысалы: Әттең, қазір жанымда әкем болғанда ғой.

Мағыналық ерекшелігі.

1. **Көңіл-күй одағайы** – адамның түрлі көңіл-күйін білдіреді.

2. **Жекіру, бұйыру одағайы** – жекіру, тыйым салу мәнін білдіреді.

3. **Шақыру одағайы** – мал, ит-құсты шақыру не қууға байланысты айтылады.

Одағайдың синтаксистік қызметі

Одағайлар екі түрлі жағдайда ғана сөйлем мүшесі бола алады.

1. Одағайлар кейбір көмекші етістіктермен тіркесіп күрделі мүшенің құрамына кіреді. Мұндай көмекші етістік одағайды басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіретін дәнекер болып қызмет атқарады. Мысалы: **Әптеген-ай – деді ол таңдайын қағып, дегндегі одағай де** етістігінің дәнекерленуімен қайтті?, не деді? Деген сұрауларға жауап болып, сөйлемнің мүшесі бола алады.

2. Одағай сөздер субстантивтеніп, түрлі қосымшалар қабылдап, сөйлемнің қалыпты мүшесі болады. Мысалы: **Алғашнан ойбайым тыныш. Кешке әрі тоңыл, әрі шаршап айлап, үйлеп отырған, кемпір өзін өлтіріп кете жаздаған кім екенін есіне алды.**

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Еліктеуіш сөздер
2. Бейнелеуіш сөздер
3. Одағайлар. Түрлері
4. Одағайлардың ерекшеліктері
5. Одағайдың синтаксистік қызметі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., 1964; 1974.
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 том. Морфология. –А., 1967.

19-тақырып: Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері

Жоспар:

1. Жалғаулар арқылы тіркесу
3. Шылаулар арқылы тіркесу
4. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысу тәсілі
5. Сөздердің интонация арқылы байланысу тәсілі

Сөйлем қарым-қатынас жасаудың, адам ойын білдірудің негізгі формасы болып табылады, ал сөз және сөз тіркесі – сөйлем құраудың материалдары. Бұл үш грамматикалық категория өзара тығыз байланыста болады. Яғни, сөз тіркесі дегеніміз – сөз бен сөйлемнің ара қатынасынан шығатын басты синтаксистік единица. Сөз – дараланған ұғымды білдіретін лексикалық единица, яғни заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің не солардың белгі, қасиеттерінің атауы қызметін атқарады.

Сөйлемнің айырым белгілері: біршама тиынақты ойды білдіреді, предикаттық қатынастың негізінде құрылады, өзіне тән интонациясы болады.

Сөз тіркесінің негізгі белгілері: 1) кемінде толық лексикалық мағыналы екі сөзден құралады; 2) ол сөздер бірі екіншісіне сабақтаса мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады, яғни сөз тіркесі басынқы және бағынқы компоненттерден құралады; 3) өзара тіркескен сөздер белгілі бір синтаксистік қатынаста жұмсалады.

Сонымен, синтаксистік сөз тіркесі дегеніміз – толық лексикалық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысқан тобы. Лексика-грамматикалық дербестігі бар сөздерден басынқы-бағынқылық сөз тіркесі жасалғанда, жаңа лексикалық мағына пайда болмайды, қосымша *грамматикалық мағына* жасалады.

Бұл анықтаушытық, пысықтаушытық немесе объектілік, меншіктік, шақтық мекендік, т.б. мағыналар болуы мүмкін.

Мысалы, *қызық кітап* деген сөз тіркесін алсақ, қызық сөзінің лексикалық мағынасы – белгілі бір сапаны, сынды білдіруі, ал грамматикалық мағынасы – сапалық сын есім

өкендігі; кітап сөзінің лексикалық мағынасы – оқулық, басылым; ал грамматикалық мағынасы – зат есім, жалпы есім, атау септігі. Ал осы екі сөздің тіркесуі нәтижесінде жаңа грамматикалық мағына – анықтаушытық қатынас жасалады.

Сөйлем құрамындағы кез келген сөздердің тіркесі синтаксистік тіркес болма бермейді. Сөз тіркесінің құрамына өзара тіркесімділік қабілеті бар сөздер енеді. Бір – бірімен мағыналық байланыста қолданыла алатын сөздер тіркесімділік қабілеті бар сөздер деп аталады. Тілде актив тіркесімділік басынқы сыңарға байланысты болып келеді де, басынқы сөздің өзге сөздерді тіркестіре алу мүмкіндіктері нағыз алынады. Пассив тіркесімділік бағынқы сыңарға қатысты қолданылады. Осыған қарай басынқы сыңар қызметіндегі сөздің қандай бағынқымен байланыса алу қабілеті айқындалады.

Мысалы: *биік тау, биік асу, биік үйлер* немесе *қызық кітап, қызық ойын, қызық әңгіме* деген тіркестерді құрауғы болады, ал *биік кітап* немесе *қызық асу* деп тіркестіруге келмейді. Көрем әдебиетте жаралы жүрек, асау қиял, тәтті сөз сияқты тіркестер қолданылады. Бұлар – бір заттың қасиетін басқа затқа теңеу арқылы жасалған метафоралық тіркестер.

Тіркескен сөздер тобының сапасы әр алуан болып келеді. Кейде екі не одан да көп сөздер тіркесіп бір лексикалық тіркес немесе лексикалық түйдек жасайды. Мысалы: *темір жол, ақ қиын, су қоймасы, қызыл ала, оқып отыр, заресі ұшты, табанан, қас қакқанша, сары ала, т.б.* бұл сөздердің өзара байланысынан жаңа грамматикалық мағына жасалмайды, бірнеше сөз бірігіп бір лексикалық мағына тудырады. Мұндай лексикалық тіркестер сол тобымен сөз тіркесінің бір сыңары болады. Мысалы: *күн суытпа* бастады, *кешеден бері жылғынды, қас қакқанша* жеттік.

Өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер *түйдекті тіркес* болады. Түйдекті тіркес құрамындағы сөздердің біреуінің лексика-грамматикалық дербес мағына пайда болмайды. Лексика-грамматикалық топ болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалыптын сөздер тобын *түйдекті тіркес* дейміз.

Түйдекті тіркес болатын сөз тобының құрылысы мынадай болады:

1. Күрдәлі етістіктер тобы: етістіктің бірнешеуі топталып күрдәлі етістік болады: оқып отыр, оқып келе жатыр. Түйдекті топ болатын күрдәлі етістік бірі негізгі, екінші оған көмекші болады да, сол түйдегімен сөз тіркесінің бір ғана сынары болады: *жазып отыр, оқып жүр, қалып қоя жазбады, көрніп тұр.*

2. Есім мен көмекші етістіктер тобы: мақұл көру, уәде беру, қонақ куту, жол жүру, жақсы көру, сыйлы болу сияқты тіркестер сол түйдегімен сөз тіркесінің бір сынары болады.

3. Қосарлы есімдер тобы: қосарынан айтылатын тіркестер, қос сөздер де түйдекті тіркес тобына енеді: *өзімен – өзі, тұған – туысқан, бірімен – бірі, табыстан – табысқа жету.*

4. Күрдәлі есімдер тобы: бірінші сынары барыс, шығыс, ілік септігіндегі есім болып, екінші сынары осы жалғауды керек ететін көмекші есімдерден немесе шылаулардан болады: *есік алдында, үй маңы, үйге қарай, сабақтан соң, келген сайын.*

5. Тұрақты тіркестер тобы: тұрақталған тіркес қалпында жұмсалатын фразеологизмдер: *ит арқасы қияннан, көзді ашып – жұмғанша, тіс қаққан, берсе қолынан, бермесе жолынан алу, бесіктен белі шығысымен.*

Түйдегі тіркестер лексикалық және грамматикалық түйдекті тіркестер болып екіге бөлінеді. Лексикалық түйдекті тіркес екі не оданда көп сөздің тіркесіп, белгілі бір заттың, сипаның, санның, қимылдың әр түрлі белгілерін білдіретін атау қызметінде жұмсалды. Грамматикалық түйдекті тіркес екі не одан да көп сөздің тіркесуі нәтижесінде сөздің грамматикалық матыналарының түрленуі болып табылады.

Сөз тіркесі болудың негізгі шарттарының бірі – сөздердің бір-біріне бағына, *сабақтаса* байланысуы. Ал салаласа байланысқан сөздердің тіркесі синтаксистік сөз тіркесіне жатпайды. Мысалы, бірыңғай мүшелер мен қос сөздер: Асан мен Үсен, аке-шеше, ауыл-аймақ, т.б. Сөйлем ішінде синтаксистік сөз тіркестері екі түрлі ыңғайда құрылады:

1. Сөз тіркестері *сатылана*, яғни тізбектеле

байланысады:

Мысалы: Көрші үйдің ауласынан шыға келді.


1 көрші үй

2 үйдің ауласы

3 ауласынан шыға келді

Кейде сөз тіркесінің құрамындағы бірнеше бағыныңқы бір басыңқыға ортақтаса, *жарыспалы* түрде байланысады.

Мысалы: Кешікпей от лаулап жана бастады.



Сонымен, синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын *сөз тіркесі* деп атаймыз.

Қазіргі кезде сөз тіркесі синтаксисі мынадай салалар бойынша зерттеліп жүр:

1. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері;
2. Сөз тіркесінің байланысу формалары;
3. Сөз тіркесінің синтаксистік қатынастары;
4. Сөз тіркестерін басыңқы сынарына қарай топтастыру.

Сөздердің байланысу тәсілдері

Сөздер өзара синтаксистік топ құрау үшін әр түрлі грамматикалық тәсілдер арқылы байланысып, синтаксистік қатынаса түседі. Сөздің синтаксистік байланысы сөздің белгілі бір дәнекерлер арқылы және белгілі бір байланысу формасы арқылы жүзеге асады. Қазіргі қазақ тілінде сөздер кейде өзара жалғаулар арқылы, кейде жалғаусыз байланысады. Осы белгісіне қарай сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланыс тәсілі бірнеше түрге бөлінеді: 1) аналитикалық; 2) синтетикалық; 3) аналитикалық-синтетикалық тәсілдер. Сөздердің қосымшалар арқылы байланысуы *синтетикалық тәсілге* жатады, ал қосымшамыз байланысу – орын тәртібі, шылау, интонация арқылы байланыс *аналитикалық байланыс*

деп аталады.

Аналитикалық байланыс қазақ тіліндегі өнімді тіркесу тәсілі болып табылады.

Аналитикалық тәсілдің түрлері:

1. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысу тәсілі. Сөздердің белгілі бір тәртіппен орналасуы арқылы, біріншіден, олардың синтаксистік байланысы белгіленеді, екіншіден, сөздердің синтаксистік қатынасы және мүшелік қызметі айқындалады. Қазақ тілінде есімді сөз тіркесінің едәуір бөлігі еш қосымшасыз бір – бірімен қатар тұрып байланысқан сөздер тобынан құралады. Мысалы: *3.е.+3.е.(алтын сағат)*, *сын е.+3.е.(ақылды бала)*, *сан е.+3.е.(бес саусақ)*, *есімдік+3.е.(барлық бала)*, *есімше+3.е.(атылған оқ)*, *үстеу+3.е.(бүгін келді)*, *еліктеуіш+ет.(жалт бұрылды)*, жалғауы жазырын түрде *3.е.+ет.(хат жазды)*, *сын.е.сан е.,+ет.Құрамды болып келеді.*

2. Сөздердің шылаулар арқылы байланысуы. Қазақ тілінде екі сөздің арасын байланыстырып, синтаксистік сөз тіркесін құрау қызметінде септеулік шылаулар қолданылады. Септеуліктер өзі қатысты сөзбен түйдекті тіркес құрып, сол түйдегімен сөз тіркесінің бағынышқы қызметінде жұмсалып, күрделі сөз тіркесін жасайды. Мысалы: *оқу үшін келдік, алма сайын барамыз, радио арқылы хабарлады.*

3. Аналитикалық тәсілдің бірі – интонация. Айтылатын ойдың түсінікті болуында әр сөйлемнің, жеке сөздің, сөз тіркесінің тиісті әуенмен, дауыс ырғағымен айтылуының мәні зор. Сөйлемдегі кей сөздер өзара синтаксистік бірлігіне қарап тіркескенде, олар айтылу жағынан ритмикалық топ құрап, кей сөздерге ой екіні түсіп, көтеріңкі дауыспен айтылып, сөйлемдер айтылу мақсатына қарай түрліше әуенделеді. Мысалы: *Көрші үйдің ауласынан шыға келді. Бірінші сөзді дауыс ырғағымен /көрші/ деп бөліп айтсақ, бастауыш болады, ал дауыс ырғағымен /көрші үйдің/ деп бөліп айтсақ, анықтауыш болады.*

Синтетикалық байланысу тәсілі – сөздердің жалғаулар арқылы байланысуы. Қазақ тіліндегі сөз бен сөзді байланыстырушы жалғаулар септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулар болып бөлінеді.

Осы жалғаулардың ішінде сөздерді байланыстыруда ерекше қызмет атқаратыны – септік жалғаулар. Септік жалғау сөз тіркесінің бағынышқы сыңарына жалғасып, сөздердің грамматикалық мағынасын айқындайды: кітаппен *дайындалды*, есікті ашты, сабағын оқыды т.б.

Тәуелдік жалғау *матаса* байланысатын сөздің бағындауырушы сыңары болып, бағынышқы сөздің ілік септігі тұлғасында тұруын талап етеді: *менің республикама, әжемнің оңтүбесі, сенің тілегің* т.б.

Көптік жалғаулары сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының қыса байланысуы қызметтеді: *сіздер жазыңдар*, *булар – студенттер*, *біздер барамыз* т.б.

Жіктік жалғаулары сөйлем ішінде баяндауыштың жақтық тұлғасын көрсетіп, оны бастауышпен предикаттық қатынаста байланыстырып тұрады: *мен оқыдым, сен келдің, біз көрдік* т.б.

Аналитикалық – синтетикалық тәсіл – аналитикалық және синтетикалық тәсілдердің аралас келген түрі. Бұл тәсілге сөздердің әрі септік жалғауы арқылы, әрі шылау арқылы байланысу тәсілі жатады. Мысалы: *Мектепке қарай жүрді (Ыс.+шылау), сабақтан соң бардық (Ш.с.+шылау), құрбыммен бірге келдім (К.с.+шылау)* т.б.

М.Балақаев бағынышқы сыңардың септік жалғауы түсіріліп айтылуын да осы тәсілге жатқызады. Мысалы: *Алматы_барды, асқар тау_көрдім.*

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жалғаулар арқылы тіркесуіне мысал келтір
3. Шылаулар арқылы тіркесуіне мысал келтір
4. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуына тәсілі мысал келтір
5. Сөздердің интонация арқылы байланысу тәсіліне мысал келтір

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М., Кордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. 1971.

2. Қазақ тілінің грамматикасы 2. Синтаксис. 1967.
3. Байтұрсынова А. Тіл тағылымы. 1992.
4. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің ұрлаулы мүшелері. 1991.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966.
6. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. 1993.
7. Қазақ грамматикасы. 2002.

20-тақырып. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері

Жоспар:

1. Қиысу. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы
2. Матаса байланысу түрі
3. Меккерге байланысу түрі
3. Қабыса байланысу түрі
3. Жанаса байланысу түрі

Сөздердің байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін сөздердің байланысу формалары (түрлері) деп атаймыз.

Қазақ тілінде синтаксистік байланысу формалары:

1. Қиысу
2. Матасу
3. Меккеру
4. Қабысу
5. Жанасу

Қиысу – бағындыңқы және басыңқы сөздердің грамматикалық мағынасы мен тұлғасына қарай бейімделе байланысуы. Қазақ тілінде қиыса байланысу – бастауыш пен баяндауыштың арасындағы грамматикалық жақ жағынан және сан жағынан байланыс. Бастауыштың баяндауышпен қиысуы екі түрлі болады.

- 1) жалғаулы қиысу; Мен келдім – I жақ, жекеше
- Сендер келдіңдер – II жақ, көпше.
- 2) Жалғаусыз, мағыналық қиысу:

Сен бар – II жақ, жекеше
Ол келді – III жақ, жекеше

Мен – студент, ол – оқушы.

Матасу – сөз тіркесіндегі басыңқы және бағындыңқы сөздердің бір – бірінің тұлғасына бейімделе, іліктесе байланысуы. Мұндай құрылыстағы сөз тіркестерін матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік септігі мен төуелдік жалғаулары.

Матасудың бірінші сыңары Ілік септігінде тұрып, басыңқы

сөздің тәуелдік жалғауы болуын керек етеді, ал басынқы сөздің жақтық тұлғасы бағыныңқының қай жақта болуымен байланысты.

Мысалы: мектептің оқушысы – I.c. – III ж.

сенің дәптерің – I.c. – II ж.

біздің үйіміз – I.c. – I ж.

Менгеру – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басынқымен іліктен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысуы.

Менгерілетін сөз: Б.с., Т.с., Ш.с., К.с. жалғаулары;

Менгеретін сөз: етістік, есім не есім мен етістіктің ортақтамаған тобы.

Мысалы: сабақты түсіндік (Т.с.), тауға шықтық (Б.с.), қаладан алыс (Ш.с.), шаруаға икемді (Б.с.), досына уәде берді (Б.с.), осыны мақұл көрдік (Т.с.). Сөз тіркесінде басынқы сөздің мағынасына қарай бағыныңқы сөз белгілі бір септік жалғауында тұрып байланысады. Қазақ тілінде атау және ілік септіктен басқа септіктер менгеріледі. Менгеру ортақ менгеру және дара менгеру болып бөлінеді. Дара менгеру – менгеруші сөзді тек етістіктің не есімнің менгеруі. Менгеруші сыңардың есім мен етістіктің ортақтамаған тобынан болуы ортақ менгеру деп аталады. Мысалы: маған уәде берді, көктемді жақсы көремін, алысқа жол жүрді.

Қабысу – сөздің ешбір жалғаусыз тек іргелес орын тәртібі арқылы байланысу формасы. Әдетте қабыса байланысқан тіркестер анықтауыштық қатынасты білдіреді.

Мысалы: жаңа үй, қызық кітап, оқыған бала, жиырма студент. Жанау – сөз тіркесінің басынқы және бағыныңқы сыңарының жалғаусыз, алшақ та, іргелес те тұрып байланысуы.

М.Балакаев жанауды сөздің орын тәртібі арқылы байланысуының бір түрі есебінде қабысу деп тауып, қабысуға басынқы мен бағыныңқы мүшенің бір – бірімен ешбір жалғаусыз тіркесуі деген анықтама береді.

Қиысу. Қиысу сабақтаса байланысқан сөздердің бағыныңқы сыңарының басынқы сөзге икемделе, грамматикалық мағыналары мен тұлғасы жағынан үйлесіп тұратын сөздер арасында болады. Түркі тілдерінде, оның бірі

қазақ тілінде қиысу бір – біріне бағынышты тіркестегі бастауыш пен баяндауыштың арасында болады. Қазақ тіліндегі баяндауыштың қиысуы жақтық не сандық қиысу болады.

1. Жақтық қиысуы. Баяндауыштың белгілі мағынада, мақтық тұлғада айтылуын еркін бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздердің жақтық мағынасы билейді. Бастауыш болғанын негізгі сөздер – зат есім мен жіктеу есімдіктері. I, II жақтық бастауыш болады да, олардан басқалар бастауыш жақтық бастауыш болса, баяндауыш бірнеше сөз қызметінде тек III жақтық мағынада айтылады. Бастауыш қай жақта тұрса, баяндауыш та сол жақта қиысатын бірнеше сөз бар. Оз есімдігі тәуелдік жалғауы қай жақта болса, бастауыш мағынасы да сол жақта болады: өзім келдім, өзіміз келдік. Бұлдан басқа бәрі, біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу деген есімдік пен сан есімдерге тәуелдік жалғаулары меншіктілік, жақтық ыңғайда, үйлесіп жалғанады: Бәріміз барамыз, үшеуміз барайық.

2. Сандық қиысу. Баяндауышты бастауышпен сандық мағынады қиыстыру үшін жіктік жалғаулары мен көптік жалғаулары жұмсалады.

Бастауыштың баяндауышпен қиысуының екі түрі бар:

1) жалғаулы қиысу; 2) жалғаусыз, мағыналық қиысу.

Менгеру. Менгеру байланысқан сөз тіркесінде басынқы сөздің мағынасына қарай бағыныңқы сөз септік жалғауларында тұрып байланысады. Барлық септіктегі сөздер жолғауларында тұрып байланысады. Барлық септіктегі сөздер өмес, атау, ілік септігінен басқа сөздер менгеріледі немесе менгерілетін сөздер деп аталады. Менгерілетін сөздер таза септік жалғауында тұрып та, шылаудың көмегімен байланысады. Сөз тіркесінде менгеруші сыңары тек етістік деген көзқарас басым, алайда есімдер де басынқы сыңарды менгереді. М.Балакаев менгеру мен менгерілуде негізгі сөз табы етістік болғанымен, оған есім сөздер де жататынын, оның қазақ тіл біліміндегі түрлі заңдылықтарын дәлелдейді. Сонымен бірге, ортақ менгеру мен дара менгеруге тоқталады. Дара менгеру – менгерілуші сөзді тек есім не етістіктің менгеруі. Мысалы: қалаға барды, терезені ашты, орталықтан алыс. Ортақ менгеру – сөз тіркесіндегі менгеруші сыңарының әрі есім, әрі етістіктен болуы. Мысалы: *Маған уәде берді.*

М.Балакаев есімді менгеру жайында былай дейді:

«...Есімдердің есімдерді менгеруі етістікті тіркестердендей әрі мағыналық, әрі синтаксистік тығыз байланыс сияқты, етістіктерді бөлек алғанда олардың лексикалық мағыналары қаншалықты түсінікті болғанымен, мүшелік мазмұнда бір күнгірттік бар сияқты болады да тұрады. Ол күнгірттікті жойып, мүшелік мазмұнын толық ашу үшін кетті, келді етістіктерінің алдына кім кеткенін, кім келгенін, қайда кеткенін, қайдан келгенін көрсету керек. Мысалы: Асқар қалаға кетті, Темір қаладан келді. Осындағы сөз тіркестері – қаладан келді, қалаға кетті – менгеріле байланысқан етістікті тіркестер. Менгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері етістікті менгеруге қарағанда сирегірек қолданылады және барлық есімдер ондай сөз тіркесінің менгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбіне бастауыштың күйін, халін білдіретін сөздер есімді сөз тіркестерінің басыңқысы болып жиі жұмсалыады».

Матасу. Матасу басыңқы және бағыныңқы сыңарлардың ілік септігі жалғау мен тәуелдік жалғауы арқылы тұнғаласа байланысуы болып табылады. Мысалы: Тағаттың кітабы, оқушының қаламы, мұғалімнің суреті, қарлығаштың ұясы, суретшінің суреті.

Матаса байланысатын сөздер көбіне зат есімдер болып келеді. Ілік жалғаулы сөздердің әр түрлі құрамда айтылуына қарай байланысқан сөз тіркестері әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалып, мынадай мағыналарды білдіреді:

1. Ілік жалғауы жалғанып меншіктілік қатынасты білдіреді. М. Менің көйлегім, ұстаздың кітабы, ағайдың көзілдірігі.

2. Ілік жалғаулы сөздер тұтан – туыскандық ұғымдағы сөздермен тіркесіп, туыскандық қатынасты білдіреді. М: Менің ағам, Айнұрдың көкесі, Бағыланның атасы.

3. Сондай –ақ, зат пен заттың табиғи байланысын білдіреді. М: ағаштың жапырағы, гүлдің сабағы, теректің бұтағы.

4. Ілік жалғаулы сөз септік ұғымы бар зат есім және

тәуелдеулі сан есімдермен тіркесіп, бөлшектеу мағыналарын береді. М: оқушылардың бірі, саяхатшылардың көпшілігі.

5. Тағнау мағынасында жұмсалыады: Қыздың көріктісі, адамның қуы, аттың жүйрігі.

6. Сын есім матаса байланысқан сөз тіркесінің екінші сыңары болғанда заттық мағынаға ие болады. М: сенің сұлуың, қаланың бұзығы, адамның ажарлысы.

7. Есімшелер әрі заттық, әрі қимылдық сапа мағынасында жұмсалыады. М: менің жазғаным, сенің көргенің, оның айтқаны.

Меншіктілік ұғымының мендік, сендік не бөгделік болуына сәйкестеніп, тәуелдік жалғау сөздер үш жақта жұмсалыады.

Сонымен, матасу ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысы болып табылады және негізінен есімді сөз тіркесінде жиі жұмсалыады.

Қабысу. Қабысу – сөздердің ешбір жалғаусыз, тек іргелес тұрып байланысуы. Қабыса байланысқан сөз тіркесінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің іргелес орын төртбі болып табылады. Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі: оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, үстеу болады да, басыңқы сыңары зат есім, Субстантивтенген сын есім, сан есімдер болады.

Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі – зат есімне құралатын тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады. М: күміс қасық ағаш күрек, жібек орнамал.

Сын есімді және сан есімді тіркестер анықтауыштық қатынаста жұмсалыады. М: көк шөп, ақ қара, жақсы кісі, салқын жел, тәтті ас, үш бөлмелі үй, бірінші хат, бес – алтты бала.

Есімшелі тіркестер де анықтауыштық қатынаста айтылыады. М: айтатын арыз, от жағылған пеш.

Есімдікті тіркестер де анықтауыштық қатынаста: ана тау, бұл сөз, сонау үй, осы өзен.

Жанасу. Жанасу – сөздердің ешбір жалғаусыз,

басынқымен іргелес тұрып та, алшақ тұрып та байланысу түрі.

М.Балақаев жанасуды сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуының бір түрі есебінде қабысу деп тауып, «алшақ қабысу» деп атайды.

Ал сөз тіркестерін зерттеуші белгілі ғалым Т.Сайрамбаев: «Жанаса байланысу формалары үшін ең негізгі критерий – негізгі сөздерге септік жалғаусыз көмекші сөздердің тіркесуі» деген анықтама беріп, алшақ орын тәртібінен басқа жанасудың бірнеше түрлі жасалу жолдарын көрсетеді:

1. Негізгі сөз бен шылау сөздің тіркесуі арқылы: *не үшін сұрадың, кеш сайын тыңдайды, радио арқылы сөйлесу, келген соң сөйлестек, өзен сайын салынған.*

2. Негізгі сөз бен көсемше тұлғалы көмекші етістік арқылы: *Қамені қайталамайтын бол түсіну керек. Көңілін аулайын деп қалжындай сөйледі. Табе-төбе бол үюлі тұр.*

3. Негізгі сөз бен модаль сөздің етістікпен тіркесуі арқылы: *Естімеген сияқты отыра берді, дос мәрізді араласты, таныс сияқты сәлемдесті, т.б.*

4. Түрлі сөз таптарына есе, рет, мәрте, қайтара сөздерінің тіркесуі арқылы: *екі рет шабуыл жасады, үш есе көбейді, бірнеше мәрте келді, т.б.*

5. Көнеленген септік жалғаулы фразеологизиялық тіркес арқылы: *бас аманда жету; берсе қолынан, бермесе жолынан алу; бет – аузы шімірікпестен айту; бесіктен белі шығысымен үйренеді, т.б.*

Сонымен, орын тәртібі арқылы немесе негізгі сөз бен септік жалғаусыз көмекші сөздердің түйдекті түрлерінің және көнеленген септік жалғаулы сөздердің етістікпен тіркесін жанасу деп атаймыз.

Жанаса байланысқан сөз тіркестері негізінен әр түрлі пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қиысу. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы
2. Матаса байланысу түрі
3. Меңгере байланысу түрі
3. Қабыса байланысу түрі

3. Жанаса байланысу түрі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев, Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. 1971.
2. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.
3. Бейсенбаев К.А. қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері. 1974.
4. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. 1981.
5. Қазақ грамматикасы. А.2002.

20-тақырып. Сөйлем мүшелері

Жоспар:

1. Сөйлем мүшелерінің түрлері
2. Бастауыш, оның мағыналық және тұлғалық белгілері
3. Баяндауыш, оның тұлғалық және мағыналық белгілері
4. Анықтауыш, оның тұлғалық және мағыналық белгілері
5. Талайықтануыш, оның қызметі мен тұлғалық белгілері
6. Тысықтауыш, оның мағыналық түрлері мен қызметі

Сөйлем арқылы ой алмасу процесі жүзеге асырылып, тиынақты ой айтылады. Сөйлемге тән негізгі белгілер: 1. Предикативтілік (тиынақтылық); 2. модалдылық; 3. Тиынақты интонация.

Сөйлемде сөздер бір – бірімен тіркесіп жұмсалып, сөйлемге мүше болады. Еш сөбен тіркесу қабілеті жоқ сөз сөйлем мүшесі бола алмайды. Сөйлем байымдауды, хабарлауды, сұрауды, модалдылықты білдіреді. Сонымен, предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиынақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз. Біз өзара пікір алғанда ойымызды сөйлем құрау арқылы жеткіземіз. Яғни, сөйлем – пікір алысу құралы. Сөйлем сөздерден құралады, сөздер сөйлем құрамына ену үшін өзара тіркесіп айтылады. Сөздердің тіркесуімен сөз тіркесі, сөз тіркестерінен сөйлем құралады. Сөйлемдегі сөздердің арқайсысы өзінің лексикалық мағынасына лайық сөйлем құруға қатысып, тұтас мазмұнына қатынасып тұрады. Олар сондай – ақ сөйлемде не жалан мүше қызметінде, не күрделі мүше құрамында тұрып, өздерінің лексикалық және грамматикалық мағыналарын айқындай түседі. Сөйлем бір сөзден тұса да, бірнеше сөзден тұрса да, дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, айналасындағы басқа сөздерден пауза арқылы оқшауланады. Сөздер сөйлемде қалай болса солай орналаса салмайды, мағыналары жағынан сәйкестеніп, өз орнын тауып орналасқанда ғана сөйлем бола алады.

Бұрын синтаксистің зерттеу нысанының ең жоғарғы

сатысы сөйлем деп танылатын. Қазіргі кезде тілде мәтін, абзац, күрделі синтаксистік категориялар объектіге алына бастады. Сонда сөйлем сөз бен сөз тіркестерінен құралған үлкен категория болғанымен, енді олар күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы элемент ретінде қарастырылады.

Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті болып бөлінеді.

Бір нәрсенің немесе іс – әрекеттің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем хабарлы болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, сөйлем мүшелерінің, өсіресе баяндауыштардың мағыналық тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты. Баяндауыштың тұлғалық ерекшеліктерімен қарайтын болсақ, хабарлы сөйлем болымды, ерекшеліктерімен қарайтын болсақ, хабарлы болып бөлінеді, ал болымсыз, қалаулы, болжамды болып бөлінеді, ал баяндауыштың қай сөз табынан екендігіне байланысты етістікті және есімді болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлемдер белгілі бір ойды хабарлай мақсатында және баяу екіншімен айтылады. Бір сөйлемнен екінші сөйлем пауза арқылы айырылып тұрады. Мысалдар: Жанбыр жауады (болымды), Жанбыр жаумайды (болымсыз), Бүгін үйге қайтайықшы (қалаулы), Ертең келетін шығармын (болжамды).

Баға жаурап қалды (етістікті), аспан ашық (есімді).
Басқа бірөуден жауап алу мақсатымен айтылған сөйлемдер сұраулы сөйлем деп аталады. Сұраулы сөйлемдер сұраулық интонациямен айтылады да, дауыс сөйлемнің соңына қарай күшейе түсіп тұрады. Мысалы: Сен қазір қайда келдің? Сабаққа бардың ба? Сұраулы сөйлемдер негізінен ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Бүгін не келемсің бе? Сабақ оқыдың ба?

1. Кім, не, қашан, қайдан, қандай, кімді сұрау есімдіктерін айту арқылы да сұраулы сөйлем жасалады. Мысалы: мені кім көрді?

2. Шығар, болар, қайтеді деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыш құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылады. Мысалы: Сен түскен шығарсың? Мен барсам қайтеді?

3. Баяндауыштың құрамында – ау, - ғой шылаулары мен

ә одағайы айтылып та сұраулы сөйлем жасалады. Мысалы: Ол сұлу еді, ә? Ол барды ғой, ә?

4. Ше демеулігі арқылы. Ол ше? Барсам ше?

5. Интонация арқылы. Мысалы: Ертең болады? Ертең.

6. Мазмұнына қарай ашық сұрақ, қарсы, күмәнді сұрақ таңырқаулы сұрақ, риторикалық сұрақ болады.

Бұйрықты сөйлемдер бұйыруды, өтінішті білдіреді. Бұйрықты сөйлемдер интонация және баяндауыштың грамматикалық тұлғасымен ажыратылады. Дауыс қарқыны бұл сөйлемде негізінен баяндауышқа түсуі себепті бұйрықты сөйлем болады, өйткені белгілі бір іс әрекетті істеуді бұйырып, ерекше интонациямен айтылады. Мысалы: Әй, Бәктәуел, жөніңе келсеңші! (М. Әуезов). Сен жөніңді айтшы! т.б.

Лепті сөйлем сөйлеушінің әр түрлі эмоциясын (көңіл - күйін, қорқынышын, қуанышын, аянышын, ызасын, т.б.) білдіру қызметін атқарады. Эмоцияны білдіру коммуникативтік қызметтің басты элементі болып табылады. Мысалы: Жаздың ыстығы - ай! Қап, мына қыздың қорлығы-ай! Адам болып сөйлеуді - деген сөйлемдер атаулы сөйлемдердің құрамының эмоцияны білдіруге жақсы бейімділік табиғатынан лепті сөйлем болып тұрса, ал мына сөйлемдер баяндауышының құрамы жағынан сұраулы сөйлем тәріздес, сөйткенімен осы сөйлем арқылы сөйлеушінің таңырқауы, таңдануы, реніші сезіледі. Мысалы, Қасқырдан бөлтірік тамасын ба? Сенің түбіңе жетпесең бе! Даусы мұнша зор болар ма!

Сөйлемде белгілі бір грамматикалық мағыналарға ие болып синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді сөйлем мүшелері деп атаймыз.

Бір сөздің сөйлем мүшесі болуына тіркесетін басқа бір сөз себепкер болады. Мәселен, бастауыштың баяндауышпен байланысына қарап, анықтауышты анықталатын сөзге қатысына қарап сөйлем мүшесі деп танимыз. Сөйтіп, сөйлемдерді бөлшектегенде, олардың ішіндегі сөздердің лексикалық мағыналарына қарай, тіркесу нәтижесінде пайда болған грамматикалық мағыналарына қараймыз. Ол мағыналар бастауыш - баяндауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық болуы мүмкін.

М.Серғалиев: «Сөйлем ішінде басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, бір сұрауға жауап беріп, бір ұғымды білдіретін сөзді немесе сөз тіркесін сөйлем мүшесі» десе, Р.Әміров: «Сөйлем мүшелері сөйлем құрауда қалыптасатын қатынастардың компоненті. Сөйлем мүшелері ретінде толық мағыналы сөздер қолданылады» дейді.

Сонымен, сөйлем мүшесі деп сөйлемде бір сөздің немесе сөздер тобының басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа түсу арқылы арнайы сұраққа жауап беріп, грамматикалық мағынаны білдіретін түрін айтамыз.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері - бастауыш пен баяндауыш. Бұлар сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелер. Ал тұрлаусыз мүшелер (пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш) тұрлаулы мүшелердің мағына топтанып, соларды не бірі - бірі анықтап, пысықтап тұрады. Тұрлаулы мүшелердің синтаксистік қызметі бірдей емес. Әдетте бастауыш сөйлемде айтылатын ойға негіз болады, ал баяндауыш бастауыштың ісін, қимылын, күйін және басқа заттық, сындық сапасын білдіріп, бастауышқа бағынады. С.Аманжолов «Қазіргі қазақ тілі синтаксисінің қазақша курсы» деген еңбегінде сөйлемнің негізгі қазығы бастауыш, ал баяндауыш оған тәуелді дейді. Ал Мәулен Балақаев бастауыш пен баяндауыш арасына үзілді - кесілді жік айтпай, бастауыштың сөйлемде ой иесі болуымен ерекшеленетінін, ал баяндауыштың сөйлемдегі ойды тиянақтауымен ерекшеленетінін айттып, екеуі де бір - біріне бағынышты категориялар деп қарастырады.

Бастауыш - сөйлемде бастауышпен грамматикалық байланыста тұрып, негізгі ойдың иесі білдіретін сөйлем мүшесі. Сөйлемнің бастауышына тән негізгі белгілер:

Бастауыш - сөйлемдегі ойдың иесі;

Сөйлемде кім? не? деген сұрақтарға жауап береді, зат есімнен басқа сөз таптары да субстантивтеніп, сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалғанда осы сұраққа жауап береді.

Бастауыштың грамматикалық көрсеткіші - атау септігі.

Баяндауыш арқылы іс - әрекеттің кімге, неге қатыстылығы айқындалады.

Бастауыш сөйлемдегі басқа сөздермен (баяндауыш,

анықтауыш) синтаксистік қатынасқа түсіп жұмсалады.

Бастауыш негізінен зат есім, есімдіктерден жасалады, сондай – ақ басқа сөз таптарынан да жасалады.

1) Заттық мағынада қолданылып, субстантивтенген сын есім сөздер атау тұлғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: Жақсы жүрген жеріне кент, жаман жүрген жеріне өрт.

2) Заттық мағынада қолданылып тұрған сан есімдер де бастауыш болады. Мысалы: Үшінші бүгін айда келеді.

3) Заттық мағынада атау тұлғада тұрған есімше тұлғалы етістіктер бастауыш болады. Мысалы: Бұйырған келген, жүгірген жетпес.

4) Сөйлемдегі орнына қарай бастауыштың сұратына жауап беріп, заттық ұғымда жұмсалған үстеулер, одағайлар да бастауыш болады. Мысалы: Еріншектің ертеңі таусылмас. Інімнің алақайы үйді басына көтерді.

Қазақ тілінде бастауыштар құрамына қарай дара, күрделі және үйірлі болып жіктеледі.

Дара бастауыштар тек бір сөзден болады. Мысалы: Қатты жел сары ала жапырақтарды шашудай шашып жатыр.

Күрделі не үйірлі бастауыштар екі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Бірнеше сөз күрделі бастауыш болу үшін, олар өзара синтаксистік тығыз байланыста болулары керек те, сөйлемнің баяндауышы сол сөз тіркесіндегі сөздермен байланысқан болуы керек. Мысалы: Жолдасы екеуі сабаққа дайындалды.

Үйірлі бастауыштар да бірнеше сөзден құралады. Оның күрделі бастауыштан айырмашылығы бар. Егер күрделі бастауыштың құрамы бастауыш – баяндауыш ыңғайындағы сөздер тобы болады. Мысалы: Білесі жуан бірді жығар, білімі толық мыңды жығар. Бүгін сеніптүған күнің екені тарс есімнен шығып кеттігі.

Баяндауыш – бастауыштың жай – күйін, оқитаның қай жақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиынақтап тұратын тұрлаулы мүше.

Бастауышқа тән белгілер:

1. Баяндауыш баяндауышпен грамматикалық жақ жарынан байланысып, сөйлемдегі ойды тиынақтап тұратын

тұрлаулы мүше.

2. Баяндауыш бастауыштың әр түрлі қасиетін білдіріп, іе – өрекетін, қимылын, жай-күйін, заттың сындық сапасын, өлшемін, мөлшерін, мезгілін т.б. көрсетеді.

3. Баяндауыш бастауышпен жіктік жалғауы арқылы, яғни грамматикалық жақ көрсеткіші арқылы және жекеше, көпше түрде қимса байланысады.

4. Баяндауыштың сұрауы оның қай сөз табынан жасалғанына байланысты болады.

Сөз табының ішіндегі баяндауыштық қызметте жүзегелеткен сөздерді жіктегенде, оларды мынадай басты – басты негізгі үш топқа бөлеміз:

1. Етістік баяндауыштар.

2. Есім баяндауыштар.

3. Құрама баяндауыштар.

Ішкітік баяндауыштар – дара немесе күрделі етістіктен жасалған баяндауыштар. Етістіктер түрлі тұлғаларда тұрып, жіктік жалғаулы немесе жалғаусыз тұлғада баяндауыш бола алады. Баяндауыштық тұлға тиынақты, тиынақсыз болып жіктеледі. Етістік баяндауыштың Не істеді? Қайтті? Не қылды? Не істемек? деген сұраулары етістіктің тұлғалық ерекшелігіне қарай жауап береді.

Есім баяндауыштар зат есімнен, сын есімнен, сан есімнен, өтегіктен, үстеуден, еліктеуіш сөздерден болады. Олардың орқайсысының өзіндік жасалу жолдары бар. Есім баяндауыштың сұраулары: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кім? Несі? Кімге? Неге? Кімде? Неде? Қандай еді? Қанша еді? Нешеу еді? Кімдікі? Ненікі? Қандай? Қанша? Қалай?

Баяндауыштың тағы бір тобы есімдер мен етістіктердің, модаль сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Олар қазақ тіл білімінде құрама баяндауыштар деп аталады. Мысалы: Ол жолдасына уәде берді. Көктем мезгілін жақсы көремін.

Құрама баяндауыштың бірінші сыңары зат есім, сын есімнен, сан есімнен, есімдіктен, еліктеуіш сөздерден жасалады. Мысалы: Қайсардың қарны ашты. Асқар саяттына қараса, саятты түнгі тоғыз болып қалған екен. Бірінші сөйлемде құрама баяндауыш зат есім мен етістіктің тіркесуі арқылы

жасалса, екінші сөйлемде тоғыз деген сан есім болып қалған екен деген етістікке тіркесу арқылы құрама баяндауыш жасалған.

Баяндауыштың грамматикалық тұлғасы – жіктік жалғауы. Жіктік жалғаулы сөздер тиянақты тұлғалы баяндауыш болып табылады. Сондай – ақ, баяндауыштың тиянақсыз тұлғалары да бар, олар – шартты рай тұлғалы, көсемше тұлғалы, есімше тұлғалы етістіктер. Бұл етістіктер сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышы қызметінде жұмсалды. Баяндауыштық қызметі жіктік жалғауындай болмағанымен, көбінесе баяндауыш болатын сөзге жалғанатын қосымшаның бірі – нікі, -дікі, - тікі. Мысалы: Мына дәптер *менікі*.

Қазақ тіліндегі есім баяндауыштар. Баяндауыш қызметінде етістіктер жиі жұмсалды. Одан кейінгі қатарда есімдер тұрады. Есімдердің баяндауыш қызметінде көп жұмсалатыны – зат есімдер. Есімдер де етістік сияқты баяндауыш қызметінде жіктік жалғаулары арқылы байланысады. Мысалы: Мен студентпін.

Есімдердің баяндауыш қызметінде жұмсалуда тек жіктік жалғауы емес, көптік, септік, тәуелдік жалғауларының да өзіндік мәні бар. Мысалы: Алпамыс биыл алтыда.

Есім баяндауыштың жасалу жолдары:

1. Зат есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалып, әр түрлі тұлғада қолданылады.

Көптік тұлғада: Осының барлығын ұйымдастыратын – студенттер.

Тәуелдік тұлғада – Бәріміздің тамашалайтынмыз – осы сөбидің сүйкімді қылығы.

Септік тұлғада – Біздің ауылымыз қаланың маңында.

2. Есімдіктердің барлық түрі баяндауыш қызметінде жұмсала алады. Мысалы: Оның кітапханадан алған кітабы әлденеше. Ауылды басқаратын осылар.

3. Үстеулер де баяндауыш қызметінде жұмсалды. Мысалы: Күн әлі ерте. Мұғалімнің сыныпқа кіргені жаңа еді. Жарыста ол менен әжептеуір кейін. Мұндай шешім қабылдау ертерек.

4. Білгеуші сөздер де баяндауыш қызметінде жұмсалып, есім баяндауыш жасайды. Мысалы: Айналаның бәрі *сөздер* – гүлдер.

5. Баяндауыштар сапалық есімдерден де жасалады. Баяндауыш есімдер \сын есім, сан есім\ әдетте бастауыштан кейін тұрып, өзг. есімдердің әр алуан сындық, сандық сапасын білдіріп, баяндауыштық қызметте жиі жұмсалды. Мысалы: Ағаны *андық*. Қар қалың. Білгенің - бір тоғыз, білмегенің – төртен тоғыз.

Етістік баяндауыштар. Кез келген сөйлем мүшесінің жасалуына негіз болатын сөз табы болады. Етістіктер түрлі тұлғада жіктік жалғаулы не жалғаусыз күйде баяндауыш қызметінде жұмсалды. Соған қарай баяндауыштың тұлғасы тиянақты және тиянақсыз болады. Жіктік жалғауы – ең негізгі баяндауыштық тұлға. Жіктік жалғаулы сөздер баяндауыш қызметінде көбінесе сөйлем соңында келеді. Баяндауыштың басын көпшілігі сөйлемдерді тиянақтауда жұмсалғанымен, онда бір тобы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының тиянақсыз тұлғадағы баяндауышы болады. Тиянақты тұлғаданғы баяндауыштар жіктік жалғаулы етістіктер, есімше тұлғасындағы баяндауыштар, қимыл есімді баяндауыштар болып жұмсалды. Тиянақсыз баяндауышқа шартты рай тұлғалы, көсемше тұлғалы, есімше тұлғалы кей жаттауда қимыл есім сөздері жатады.

Етістіктер рай, шақ тұлғаларында да баяндауыш болады. Мысалы: Ол вокалға қарай кеткен. Рахмет біраз отырды. Арада *жеті* – сепіз күн өтті т.б. Етістіктер етіс тұлғасында да баяндауыштық қызметте жұмсалды. Өнер – білім бар жұрттар *түстан* сарай салғызды (Ы.Алтынсарин).

Көсемше тұлғалы етістіктер құрмалас сөйлем құрамына тиянақсыз тұлғалы баяндауыштың қызметін атқарады.

Есімшелер баяндауыштық қызметте екі түрлі жатпайды, біріншіден, есімдердей жіктік жалғауда айтылып, тиянақтылық мәнде жұмсалса, екіншіден, есімшелер септік жалғаулар, кейбір дәнекерлер тіркесуі арқылы құрмалас сөйлемнің тиянақсыз баяндауышы қызметінде жұмсалды.

Етістіктер дара күйінде де, күрделі күйінде де баяндауыш

болады.

Қазак тіліндегі құрама баяндауыштар. Құрама

баяндауыштар есімдер мен етістіктерден құралады. Құрама баяндауыштардың негізгі сөзі зат есім, сын есім, есімдік, еліктеуіш сөздерден болады.

Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, жақтық, модальдық мағына қосу керек болғанда, оларға көмекші етістіктер мен модаль сөздер қосылып айтылады.

Құрама баяндауыш жасауға қатысатын көмекші етістіктер: *ейі, екен, емес, бол, қыл, көр, ет т.б.*

Мыс: 1. Мен кеше ғана оқушы едім, енді студент болдым.

2. Есік қаққан көршіміз екен.

3. Бүгін күн аса суық емес.

4. Біраз уақыттан соң найзағай жарқ ете түсті.

5. Үй іші қуанышқа кенеліп, мәре – сәре болды.

Соңғы мысалда мәре – сәре болды деген тұрақты тіркес сол тобымен құрама баяндауыш болып тұр.

Құрама баяндауыш құрамындағы модаль сөздер

Есім баяндауыштарға көмекші болып, сөйлемдегі ойға айтушының әр түрлі көзқарасын білдіру үшін жұмсалатын модаль сөздер: болар, көрінеді, шығар, білем, керек, тиіс, мүмкін, т.б.

Мыс: 1. Кешегі парталас досым бүгін білікті инженер болып шыққан көрінеді. 2. Жұмыс орны үйне жақын білем.

Кейде бір есімге бірнеше көмекші етістік қатысты болып, баяндауышқа әр түрлі шақтық, райлық, модальдық мағына қосып, айтылмақ оиды дәлдей түседі.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері

Сөйлем ең алдымен тұрлаулы мүшелердің грамматикалық және мағыналық қатынасы, яғни предикаттық байланыс арқылы құрылады да, айтылар ойна байланысты күүрделеніп отырады. Сөйлем екі бас мүшеден ғана құрылып қоймай, басқа да мүшелермен толығып, құрамы кеңейіп, жайылмаға айналады. Мұндай мүшелер мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да екі тұрлаулы мүшенің айналасына толығып, соларға қатысты болады.

Тұрлаулы мүшелер сөйлемдегі негізгі хабарланатын оиды білдіреді, тұрлаусыз мүшелердің бір тобы баяндауыштың мағынасын анықтаушы есебінде жұмсалып, сөйлем құрамында өзінің дәрежесі қызмет атқарады.

Тұрлаулы мүшелердің айналасына топталып, соларға қатысты болатын, сөйтіп олардың сындық, сапалық, заттық мәненін немесе қимылдың болған мезгілін, мекенін, бағытталған объектісін білдіретін сөздерді сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері деп атайды. Тұрлаусыз мүшелер бас мүшелердің жетегінде айтылады, өз алдына дербес айтылып, өшбір жүйелі мән бере алмайды.

Мыс: Мазаңызданған Абай бұл түні ұйқысыз өткізді.

Абай	өткізді
Ұйқысыз	өткізді
Түні	өткізді
Бұл	түнді
Мазаңызданған	Абай

Тұрлаусыз мүше бас мүшеге тікелей қатысты немесе кейде сындық қатысты болуы мүмкін. Тыл білімінде тұрлаусыз мүшелерді үш негізгі топқа – анықтауыш, толықтауыш және нысықтауышқа бөледі.

Бастауышпен немесе есімнен болған басқа мүшелермен атрибуттық қатынаста жұмсалатын сөздер анықтауыш болады.

Баяндауышпен объектілік қатынаста тіркесетін, заттық ұғымды бар сөздер толықтауыштық қызмет атқарады.

Баяндауышқа қатысты болып, мезгіл, мекен, амал, мақсат т.б. мағыналарда жұмсалатын сөздер пысықтауыш қызметін атқарады.

Тұрлаусыз мүшелер құрамы жағынан дара, күүрделі және үйірлі болып бөлінеді.

Толықтауыш

Толықтауыш – жай сөйлемді жайылмаға айналдырып, оның іргесін кеңейтуге негіз болатын тұрлаусыз мүше. Ол өзі бағынған сөзбен грамматикалық байланыста тұрып, табыс, шығыс, барыс, жатыс, көмектес жалғаулардың бірінде жұмсалыады. Сөйлем құрамында толықтауыштар көбіне сөйлемнің баяндауышына қатысты болады да, сол баяндауыш

білдіретін іс – қимылдың таралатын объектісін немесе іс – қимылдың әсеріне, ықпалына ұшырайтын не оған жанама қатысты болатын затты, кісіні, құбылысты білдіреді. Сонымен, толықтауыш – қимыл процесінің объектісі болатын мүше.

Толықтауыштың сұрақтары: Кімге? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кімнен? Недең? Кіммен? Немен? Не туралы? Кім туралы? Толықтауыш мағынасына, синтаксистік қызметіне және тұлғасына қарай екі топқа бөлінеді.

1. Тура толықтауыш;

2. Жанама толықтауыш.

Табыс септігінде тұрып, сабақты етістіктен болған іс – қимылға, әрекетке тікелей қатысты болып, сонымен тығыз тіркесте ғана ұғынылатын толықтауыштарды тура толықтауыш дейміз. Ол өзі жетегінде айтылатын сөзге мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да, тұлғалық жағынан да бүтіндей тәуелді болып, сабақтасып жатады.

Етістіктен болған баяндауышпен не басқа мүшемен барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері арқылы байланысып, іс – әрекетті қосымша, жанама толықтайтын сөйлем мүшесі жанама толықтауыш деп аталады. Жанама толықтауыш менгеретін мүшемен біршама еркін байланысқа түседі, тура толықтауыш сияқты өзі бағынышты, тәуелді бола бермейді. Сонымен қатар, оның мәндері де сан – салалы, көп қырлы болып келеді.

Тура толықтауыштың грамматикалық тұлғасы – табыс септігі. Одан басқа септіктерде айтылған сөз тура толықтауыш бола алмайды. Сондай – ақ *туралы, жөнінде, жайында* деген септеулік шылаулар тіркескен есімдер тура толықтауыш болады.

Мыс: *Ол жұмыс барысы туралы* баяндады.

Ол жұмыс барысын баяндады.

Айжан өз құрбысы жайлы айтып отыр.

Айжан өз құрбысын айтып отыр.

Өзінің көргені жөнінде баяндап береді.

Өзінің көргенін баяндап береді.

Қазақ тілінде тура толықтауыш екі түрлі тұлғада

жұмсалады: кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз.

Тура толықтауыштың жалғаулы болып жұмсалуы

1. Тура толықтауыш өзі қатысты сөзден қашықтап тұрып, өңөрінің арасында басқа сөйлем мүшесі тұрса: *Кітапты* кітапханадан алдым. *Малды* тау бөктеріне жайдық.

2. Құрама баяндауыш (есім+ет.) тура толықтауыштарды ортақтаса менгергенде: Баланы жақсы көремін. Осы ақылды мақұла көрдік.

3. Сөйлемде тура толықтауыш болған сөзге не онымен байланысқан сабақтас етістікке логикалық екпін түскенде: Адам боламын десең өнерді үйрен. Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.

4. Бір сөз бір сөйлемде екі рет айтылып, бірі – бастауыш, бірі тура толықтауыш болғанда: Адам адамды сыйлайды. Баулықшы баулықшыны алыстан таниды.

5. Кісі аттары мен олардың орнына жүретін есімдер мен етістіктер тура толықтауыш болғанда арқашан табыс жалғауында айтылады. Мұның себебі – олардың сөйлемдегі негізгі қызметі бастауыш болуы керек. Ал сөйлемде тура толықтауыш болғанда синтаксистік қызметі айқын болуы үшін, яғни бастауыш деп ұғынылмауы үшін міндетті түрде табыс жалғауын қабылдайды.

Мыс: Сабақтан шыққан студенттер көрді.

Сабақтан шыққан студенттерді көрді.

Демек, сөйлемде объектілік мағынасы айқын, арнаулы толықтауыш сөздер тура толықтауыш қызметінде жалғаусыз қолданыла алады. Ал толықтауыш қызметі көмескі, синтаксистік қызметі өзгеше сөздер тобында жалғаулы болып келеді. Мысалы, арнаулы бастауыш болатын сөздер жалғаусыз айтылса, бастауыш болып ұғынылатындықтан, тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болып жұмсалады.

Жанама толықтауыш

Жанама толықтауыш тура толықтауыштардай сабақтас етістіктермен ғана емес, салт және сабақты етістіктермен ашық байланыста тұрып, оларды жанама түрде толықтайды. Субъектінің қимыл процесін, күйін білдіретін етістіктер жанама толықтауыштарды менгеріп, оның тиісті жалғауда тұруын керек етеді. Бұл – барыс, жатыс, шығыс және көмектес

септіктері.

Жанама толықтауыштар негізінен баяндаушыға қатысты жұмсалды. Кейде анықтауыш, толықтауыш сиятқы басқа мүшелерді де толықтайды.

Жанама толықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер – зат есімдер мен олардың орнына жұмсалатын есімдіктер, заттанған сын есімдер, есімшелер.

Жанама толықтауыштың мағыналары

Жанама толықтауыш әр түрлі септік жалғауда, әр түрлі тіркестер құрамында айтылатындықтан, олардың мағыналары да әр алуан болады.

Барыс септігіндегі толықтауыштар қимыл процесінің кімге, неге арналғанын, қандай талап қойылатынын білдіреді. Сұрағы – кімге? неге?

Жатыс септігіндегі жанама толықтауыштар қимылдың не басқа сапаның затқа тәндігін, сондай – ақ іс-қимыл таралған объектіні білдіреді. Сұрағы – кімде? неде?

Шығыс септігіндегі толықтауыштар заттың неден жасалғанын, тегін; заттың салыстырмалы ерекшелігін, іс – қимылдың шығар арнасы болған объектіні білдіреді: Сұрағы – кімнен? Неден?

Мыс: Сүттен ақ судан таза. Біреуден арттық, біреуден кем. Бұл хабырды газеттен оқыдым.

Көмектес септігіндегі жанама толықтауыштардың мағыналары:

Құралдық мағына: немен? Қаламмен жаздым.

Бірлестік не ортақтастық: кіммен? немен? қариямен қол беріп амандасты.

Анықтауыш

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің ішінде жасалу жолы жағынан күрделі мүшелердің бірі – анықтауыш. Анықтауыш сөйлемде зат есім мен зат есімнің орнына қолданылған есімдердің түрлі сынын, сапасын анықтайды. Анықтауыштың сұраулары: Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші? Кімнің? Ненің?

Анықтауыш (атрибут) заттардың әр түрлі сындық сапасын: түсін, түр – түрпағын, көлемін, санын, салмағын

білдіреді. Анықтауыш қызметінде жұмсалатын негізгі сөздер – сын есімдер, зат есімдер, есімдіктер және есімшелер.

Сөйлем құрамында анықтауыш негізінен, сөйлемнің басқауышына қатысты болады, адан басқа есімнен болған толықтауыш, баяндауыштарды да анықтай алады.

Қандай сөз табынан жасалғанына байланысты анықтауыштың мағыналары да әр түрлі болады. Соған байланысты негізгі екі топқа бөлуге болады. 1) сапалық анықтауыш

2) мәншіктік анықтауыш

Сапалық анықтауыштарға сын есім, сан есім, есімдік, есімше, атау тұлғалы зат есімдерден болған анықтауыштар жатады.

Құрамына қарай анықтауыш дара, күрделі және үйірлі анықтауыш болып бөлінеді. Анықтауыштар бір ғана өмес, өлденеше сөзден де құралады. Олар өзара берік байланыста тұрған сөз тіркестері болып келеді. Анықтауыштардың бір тобы атрибуттық қатынаста тұрып, күрделі анықтауыш деп аталады. Мұндай анықтауыштың құрамындағы сөздердің алдыңғысы соңғысын анықтап барып, түндікті тобымен басқа зат есімді анықтйды.

Мыс: Ұзын бойлы жігіт, ақ сакалды кісі, ұзын бұрымды қыз.

Енді бір топтағы анықтауыштар өз ішінде предикаттық қатынаста тұрып, үйірлі анықтауыш деп аталады. Мұндағы есімдер өзара анықтауыштық ыңғайда айтылмаған, бірі бастауыш, бірі оның баяндауышы ыңғайында айтылған. Үйірлі анықтауыштар сол тобымен басқа заттарға тікелей қатысты болып тұрады.

Мыс: жасы үлкен кісі, бойы ұзын жігіт.

Күрделі анықтауыштар анықталатын заттардың шоғырланған тіке сапасы ретінде жұмсалды. Мұндай анықтауыштардың құрамындағы сөздер өзара қабыса және магаса байланысып, әр түрлі сөз таптарынан құралады: ат жақтты, мақпал қара шашты, қызыл күрең, қазақ халқының тойы, кер маралдай кербез.

Үйірлі анықтауыштар анықтайтын сөздерін басқа

заттардың саналары арқылы білдіреді. Үйірлі анықтауыштар тобының құрамындағы сөздердің бір сыңары зат есім, жіктеу, өздік есімдіктері болады да екінші сыңары сын есім, есімше және бар, жоқ, аз, көп деген сөздер болады.

Мыс: түсі суық адам, аласы аз көз, талабы жоқ бала, достары көп адам. Күрделі және үйірлі анықтауыштар сөйлемде дауыс ырғағы жағынан да бір ритмикалық топ болып келеді. //қыс айында кісі аяғы жете қоймайтын// алыс ауылдарға осы хабар дүңкілдеп естіліп жатты.

Пысықтауыш

Пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтап, қимылдық сапаның сапасын, белгісін білдіреді. Олар етістік баяндауыштарға қатысты болып, мезгілдік, мекендік, амалдық себеп –салдарлық т.б. мағынады жұмсалады.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер – үстеулер, зат есім, сын есім, сан есімдер, есімше, көсемше, шартты рай етістік, еліктеуіш сөздер мен көмекші сөзді тіркестер.

Білдіретін мағынасына қарай пысықтауыштар бірнеше топтарға бөлінеді: мезгіл, мекен, мақсат, себеп, амал пысықтауыштар болып.

Мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер – мезгіл үстеулер, зат есім, сын есім және кейбір сөз тіркестері: таңертең, бүгін, түнімен, жасымды, тал түсте, таң біліне, т.б.

Сұрақтары – Қашан? Қашаннан бері? Қашанға дейін?

Мекен пысықтауыш – мекен үстеулер, Б.,Ж.,Ш. Селтіктегі зат есімдер, демеулі сөз тіркестері, есімдіктер, көмекші есімді, т.б.

Сұрақтары – Қайда? Қайдан? Қай жерде? Қай жақта? Мыс. Батысқа, үйге қарай, мектептің алдында, Т.б.

Мақсат пысықтауыш – үстеулер, зат есім, етістік, есімдік, т.б.

Сұрақтары – Кім үшін? Не үшін? Неге? Қандай мақсатпен?

Мысалы: әдейі, жорта, бекер, қасақана, ойнауға, білім алуға, ермек үшін, көмектесейін деп, соған бола, т.б.

Себеп пысықтауыш болатын өткен шақ есімше, зат есімдер, шылау сөздер. Сұрақтары – Неліктер? Не себептен? М: шаршағандықтан, қуанғаннан, көшіккен соң, сол себептен,

сөйлегеннен, т.б.

Амал пысықтауыш қызметінде үстеулер, еліктеуіш сөз, көсемше, сын есім, сан есім, т.б. жұмсалады.

Сұрақтары – Қандай? Қайтпін? Қалайша? Қанша? Неше рет? Мәтеп, жылдам, ақырын, шұғыл, қаттырақ, жалт қарады, жақсы оқиды,

Құрамына қарай пысықтауыштар дара, күрделі және үйірлі болып келеді. Дара пысықтауыш қызметінде негізінен үстеулер жұмсалады, себебі үстеулер өз мәніне, мағынасына қарай сөйлем құрамында басқа сөздердің көмегісіз – ақ дара тұрып пысықтауыш бола алады.

Ал кейбір сөздер пысықтауыш қызметінде грамматикалық қосымшаларды қабылдап, басқа сөздермен тіркесіп қана жұмсалады.

Мұндай күнделікті пысықтауыштардың жасалу жолдары мынадай:

1) Негізгі сөз бен көмекші сөздің (көмекші есім, демеулердің) тіркесі: түн ішінде, өзеннің жағасында, талдың түбінде, бір кезде т.б.

2) Сын есім мен мезгіл мәнді сөздердің тіркесі: соңғы екі жылда, кейінгі кезде.

3) Сілтеу есімдіктері мен зат есімнің тіркесі: осы айда, сол күні, анау әзірде.

4) Изафеттік тіркестері мезгіл мәнді не мекен мәнді сөздер: Нағашымның ауылына келдім.

5) Сөйлем құрамында көсемшелік, есімшелік тұлғалар, қимыл есімдері де басқа сөздермен тіркесіп күрделі пысықтауыш бола алады.

М: Қараңғы болғандықтан ештеңке көре алмады. Білім алуға келдік.

Күрделі пысықтауыштар өз арасында жіктелмейтін лексика – грамматикалық тұтас топ есебінде бір күрделі мүше қызметін атқарады. Олардың құрамынан сөйлемге тән элементтердің бәрі табылмайды.

Ал үйірлі пысықтауыш құрамында өз алдына дербес қарастырғанда, сөйлемге тән предикативтік қатынастың ізін айыруға болады. М: Күн шыға, таң біліне, ел жата, жаз

шыққанша, қас қарайғанда. Мәз болады болысын арқаға ұлық қаққанға.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөйлем мүшелерінің түрлері
2. Бастауыш, оның мағыналық және тұлғалық белгілері
3. Баяндауыш, оның тұлғалық және мағыналық белгілері
4. Анықтауыш, оның тұлғалық және мағыналық белгілері
5. Толықтауыш, оның қызметі мен тұлғалық белгілері
6. Пысықтауыш, оның мағыналық түрлері мен қызметі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балажаев, Т. Кордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. А., 1971.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. II. Синтаксис. А., 1967.
3. А. Байтұрсынұв. Тіл тағылымы 1992.
4. Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жайындағы зерттеулер. 1966.
5. Р. Әміров. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1983.
6. Қазақ грамматикасы. А., 2002.

22-тақырып. Жай сөйлем жайлы түсінік

Жоспар:

1. Синтаксистің салалары
2. Сөз тіркесі. Сөз тіркесі болудың шарттары
3. Сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңарлары

Синтаксис термині тіл білімінде екі мағынада жұмсалды: біріншісі – пікір алысу барысында жұмсалатын тілдік тұлғалардың құрылысы, екіншісі – тілдің қарым-қатынас барысында жұмсалатын тілдік тұлғалардың зерттейтін ғылым саласы мағынасында.

Синтаксистік жүйе – тілдің белгілі бір ойды білдіру, жариялау қызметін атқаратын жүйе. Тілдің басты коммуникативтік қызметі осы жүйе арқылы жүзеге асырады.

Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде ойды білдірудің түрлеріне сай қалыптасқан синтаксистік тұлғалар бар. Жалаң ой айтуға жай сөйлем қызмет етеді. Күрделі ойды білдіруге құрмалас сөйлем қызмет етеді. Мазмұны бұдан күрделі ойды синтаксистік тұтастық, мәтін деп аталатын тұлғалар арқылы жеткізуге болады.

Жай сөйлем, құрмалас сөйлем, синтаксистік тұтастық мәтін коммуникативтік қарым-қатынасқа дербес қатысады. Сондықтан бұлар коммуникативтік сапасы бар синтаксистік тұлғалар ретінде танылады. Тіл білімінің синтаксис саласының зерттейтін нысаны – осы тұлғалардың құрылысы мен ерекшеліктері.

Синтаксис зерттеу нысанына қарай өз ішінде бірнеше салпаға бөлініп қарастырылады:

1. Сөз тіркесі синтаксисі
2. Жай сөйлем синтаксисі
3. Құрмалас сөйлем синтаксисі
4. Мәтін синтаксисі

Сөйлем құрамына енетін сөздер өзара қалыптасқан ереже бойынша грамматикалық байланысқа түседі.

Сөз тіркесі синтаксисі сөздердің өзара тіркесу

қабілеттілігін, тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркесінің құрамы мен түрлерін қарастырады.

Сөйлем синтаксисі сөйлемнің құрылу принциптерін, сөйлем құрамын, оның түрлерін қарастырады. Жай сөйлем синтаксисінің зерттеу нысаны – сөйлем құрайтын грамматикалық формалар, сөлем мүшелері, олардың өзара қарым – қатынасы, сөйлемнің грамматикалық түрлері. Құрмалас сөлем жай сөйлемдердің құрмаласу тәсілдерін, құрмалас сөйлемнің түрлерін, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін зерттейді.

Мәтін синтаксисі тілдегі күрделі синтаксистік тұтастықтың мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін қарастырады.

2. Сөз тіркесінің негізгі белгілері: 1) кемінде толық лексикалық мағыналы екі сөзден құралады; 2) ол сөздер бірі екіншісіне сабақтаса мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады, яғни сөз тіркесі басыңқы және бағыныңқы компоненттерден құралады; 3) өзара тіркескен сөздер белгілі бір синтаксистік қатынаста жұмсалды.

3. Сөйлем құрамындағы кез келген сөздердің тіркесі синтаксистік тіркес бола бермейді. Сөз тіркесінің құрамына өзара тіркесімділік қабілеті бар сөздер енеді. Бір-бірімен мағыналық байланыста қолданыла алатын сөздер тіркесімділік қабілеті бар сөздер деп аталады. Тілде актив тіркесімділік және пассив тіркесімділік деген атаулар қолданылады. Актив тіркесімділік басыңқы сыңарға байланысты болып келеді де, басыңқы сөздің өзге сөздерді тіркестіре алу мүмкіндіктері назарға алынады. Пассив тіркесімділік бағыныңқы сыңарға қатысты қолданылады. Осыған қарай басыңқы сыңар қызметіндегі сөздің қандай бағыныңқымен байланыса алу қабілеті айқындалады.

Белгілі бір ойды басқаларға жеткізу үшін сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем құрап айтамыз. Сөз бен сөз тіркесі – сөйлем құраудың материалдары. Сөйлем құрау үшін сөздер өзара мағыналық және грамматикалық байланысқа түсіп, тіркесіп айтылады. Сөйлем бірнеше сөз тіркесінен құралуы мүмкін, кейде бір сөз тіркесінен, ал кейде жеке сөзден

де жасалады.

Мысалы: Шілде. Шаңқай тұс. Ми қайнатар ыстық.
Бұл сөйлемдердегі шілде – әрі сөз, әрі сөйлем (атаулы сөйлем), Шаңқай тұс, Ми қайнатар ыстық – әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем. Бұл жағдайда сөз бен сөз тіркесі өздерінің лексикалық және синтаксистік қасиетін жоймайды.

Ал сөйлем бір сөзбен тұрса да, бірнеше сөзден құралса да, дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, оқшау айтылады және айнылысындаты басқа сөйлемдермен мағыналық қатынаста ұсталып жатады, яғни контекспен байланыста жұмсалады.

Сөйлемнің сөзден және сөз тіркесінен ерешеленетін басты белгілері мынандай:

- 1) сөйлем біршама аяқталған ойды, модельділікті білдіреді;
- 2) ол өзара грамматикалық байланыстағы сөздерден, сөз тіркестерінен не жеке сөзден тұрады;
- 3) сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан тұған предикаттық қатынасқа негізделеді;
- 4) әрбір сөйлемнің айтылу сазы (интонациясы) болады.

Сөз бен сөз тіркесінде мұндай қасиеттердің барлығы бола бермейді.

Сонымен, предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз.

Сөздер сөз тіркесінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болады да, әр түрлі синтаксистік қатынаста жұмсалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Синтаксистің салаларын көрсет.
2. Сөз тіркесі жайлы.
3. Сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңарларын көрсет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. А.,

- 1971.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. II. Синтаксис. А., 1967.
3. А. Байтұрсынұв. Тіл тағылымы 1992.
4. Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жайындағы зерттеулер. 1966.
5. Р. Әміров. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1983.
6. Қазақ грамматикасы. А., 2002.

МАЗМҰНЫ

КІРГІЗІШ	3
1-Тарауырып. Фонетика саласының зерттеу нысаны	4
2-Тарауырып. Дыбыстау мүшелері	7
3-Тарауырып. Дыбыс және әріп	12
4-Тарауырып. Қазақ әліпбиінің даму кезеңдері	15
5-Тарауырып. Дауысты дыбыстар	19
6-Тарауырып. Антоним	25
7-Тарауырып. Омоним	27
8-Тарауырып. Фразеологизмдер	30
9-Тарауырып. Қазіргі қазақ тілінің лексикографиясы	34
10-Тарауырып. Қазақ тілі сөзжасамы жайлы түсінік	38
11-Тарауырып. Сөзжасамдық жүйе. Семантикалық тәсілдер	47
12-Тарауырып. Синтетикалық, аналитикалық тәсілдер	58
13-Тарауырып. Сөз тұлғасы	70
14-Тарауырып. Қазақ тілінің сөз құрамы	79
15-Тарауырып. Сөз таптары	89
16-Тарауырып. Егістік	92
17-Тарауырып. Үстеу, шылау сөздер	96
17-Тарауырып. Еліктеу сөздер мен одағай сөздер	100
18-Тарауырып. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері	103
19-Тарауырып. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері	111
20-Тарауырып. Сөйлем мүшелері	119
21-Тарауырып. Жай сөйлем жайлы түсінік	135

Қ.А.Мамбеталиев

Бастауыш білімде ана тілі

(оқу қолданба)

Редакторы: Х.Тахиров

Техникалық редакторы: С.Меликузиев

Корректор: М.Юнусова

Беттеуші: А.Зиямухамедов

Баспа лицензиясы: №2044

Пішімі 60x84 1/16 «Самбига» гарнитурасы Кеглі 16

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 8,75.

Таралымы 100.Таспырыс №1596117

“City of book” ӨШҚ дабасылды.